

«СУ БАСТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

БЕКІТЕМІН

«Су бастамалары орталығы» ҚҚ-ның

Төрайымы _____ К. Балабекова

2017 ж. «__» _____

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК
КОНВЕНЦИЯСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2015-2016 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ**

Астана қ., 2017 жыл

МАЗМҰНЫ

РЕФЕРАТ	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	6
1-ШІ БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	11
2-ШІ БӨЛІМ ТЕГЕРАН КОНВЕНЦИЯСЫ МЕН ОНЫҢ ХАТТАМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТКЕ ШОЛУ	19
3-ШІ БӨЛІМ ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР	94
4-ШІ БӨЛІМ ТЕГЕРАН КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ТАРАПТАРЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ МЕН ҚАРАРЛАРЫ	97
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКНАМА ТІЗІМІ	106
А-ҚОСЫМШАСЫ	107
Ә-ҚОСЫМШАСЫ	123
Б-ҚОСЫМШАСЫ	160
В-ҚОСЫМШАСЫ	183

РЕФЕРАТ

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны орындау жөніндегі ұлттық баяндама 96 бетте – есеп, 117 бетте – қосымшаларды қоса алғанда 213 бет көлемінде дайындалған.

Баяндамада мынадай негізгі сөздер тізбесі пайдаланылған: ОРЫНДАУ, ТЕГЕРАН КОНВЕНЦИЯСЫ, КОНФЕРЕНЦИЯ ТАРАПТАРЫ, ХАТТАМАЛАР, КОНВЕНЦИЯ ХАТШЫЛЫҒЫ, БОЛДЫРМАУ, БӘСЕҢДЕТУ, БАҚЫЛАУ, КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЛАСТАНУЫ, ҚОРҒАУ, ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ, БИОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР, ҰЛТТЫҚ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ.

Баяндама Қазақстанның Тегеран конвенциясы бойынша міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-әрекетіне шолу жасау мақсатында дайындалған. Құжатта Тегеран конвенциясының Тараптары Конференциясының қабылдаған шешімдеріне, ҚР экологиялық заңнамасына және Қазақстанның Каспий теңізінің қоршаған ортасын қорғауға бағытталған бағдарламалық құжаттарына сараптама жасалған. Баяндаманы әзірлей мақсатында ҚР мүдделі мемлекеттік органдарына сұранымдар жіберілген. Ауыл шаруашылығы, ішкі істер (төтенше жағдай комитеті), инвестициялар және даму министрліктерінен, Атырау және Маңғыстау облысы әкімшіліктерінен, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Каспий теңізінің қоршаған ортасын қорғауға бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат алынған. Тегеран конвенциясын жүзеге асыру бойынша басымды іс-қимыл бағыттары жөнінде бір қатар ұсыныстар берілген.

Баяндама мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған. Баяндамада Тегеран конвенциясының <http://www.tehranconvention.org> сайтында жарияланған материалдар (шешімдер, министрлердің мәлімдемелері, анықтамалар), «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінің <http://adilet.zan.kz> сайтында жарияланған Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік-құқықтық актілері, ҚР Президентінің жарлықтары мен ҚР Үкіметінің қаулыларын қоса алғанда, бір қатар нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ ҚР мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараты қолданылған. Баяндама Тегеран конвенциясының ТК қабылдаған есеп берудің үлгісіне сәйкес және оның талаптарына сәйкес дайындалған.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	-	Акционерлік қоғам
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
БҰҰДБ	-	БҰҰ Даму Бағдарламасы
ЕО	-	Еуропалық Одақ
ЖШС	-	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭҚ	-	Жаһандық экологиялық қор
КСІБ	-	Конвенция бойынша стратегиялық іс-қимыл бағдарламасы
КЭБ	-	Каспий экологиялық бағдарламасы
ҚКК	-	Қалалық коммуналдық кәсіпорын
ҚОӘБ	-	Қоршаған ортаға әсерді бағалау
ҚОМБ	-	Қоршаған орта мониторингі бағдарламасы
КМОК		Каспий Меруерты Оперейтинг Компани
ҚР ҚОҚМ	-	Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі
РМК	-	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ТК	-	Тегеран конвенциясы Тараптарының Конференциясы
ҰКІЖ	-	Ұлттық каспийлік іс-қимыл жоспары
ФАО	-	БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ХТҰ	-	Халықаралық теңіз ұйымы
ЮНЕП	-	БҰҰ Ұоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
ЮНОПС	-	БҰҰ жобаларға қызмет ету жөніндегі басқармасы

КІРІСПЕ

Қазақстанның Каспий өңірі аймағы өзіне Атырау және Маңғыстау облыстарын қосады. Бұл аймақ еліміз үшін өте маңызды мәнге ие. Мұнда көмір-сутегі шикізатының негізгі қоры жинақталған және де осында Қазақстанның жалғыз теңіз порты орналасқан. Көбінесе дәл осы аймақтың экономикалық әлеуетін ескеруімен еліміздің дамуының ауқымды жоспарлары байланысқан.

Соңғы бірнеше онжылдықта Қазақстанның каспий өңірі, жалпы Каспий теңізі де ауыр антропогендік әсерлерге шалдығады, оның салдары теңіз ортасының ластануына және теңіздің биологиялық ресурстарының азаюы болды. Осыған байланысты каспий өңірі елдері өткен ғасырдың 90-жылдардың ортасында 2003 жылғы қарашада Тегеран қаласында (Ислам Республикасы Иран) қол қойылған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі конвенцияны әзірлеуді шешті. Конвенция 2006 жылғы 12 тамызда күшіне енді. Қазақстанда Тегеран конвенциясы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 97 Заңымен бекітілді. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 749 қаулысымен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (қазір ҚР Энергетикалық министрлігі) Қазақстан Республикасының аумағында Конвенция ережелерін орындауды үйлестіруші ұлттық орган болып белгіленді.

Конвенция оның ережелерін орындау бойынша нақты шараларды, рәсімдерді және стандарттарды белгілейтін хаттамаларды әзірлеуді қоса, Каспийдің экологиялық проблемаларының жан-жақты спектры бойынша Тараптардың ынтымақтасуын көздейді.

Қазіргі уақытқа Тегеран конвенциясына 4 Хаттама дайындалды:

- Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттама (Ақтау хаттамасы);
- Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама (Мәскеу хаттамасы);
- Биологиялық сан алуандықты сақтау туралы хаттама (Ашгабад хаттамасы);
- Қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау (ҚОӘБ).

Аталған бірінші үш Хаттамалардың жобалары бойынша келіссөздер процестері аяқталды. Ақтау және Мәскеу хаттамаларына барлық елдермен қол қойылды, Ашгабад хаттамасы әзірше Иран және Түркіменстанмен қол қойылды, ал ҚОӘБ жөніндегі

хаттамаға қол қою мүмкін Тегеран конвенциясы Тараптарының Конференциясының келесі сессиясында өтеді.

Тегеран конвенциясының хатшылығымен каспий өңірінің елдеріне Ақпаратпен аламу және оған қол жетімділік, бағалау, мониторинг бойынша хаттама - бесінші хаттаманың жобасы жіберілді, сарапшылар деңгейінде оны талқылау ағымдағы жылғы қазан айына көзделді.

Тараптардың конференциясының шешіміне сәйкес каспий өңірі елдері Тегеран конвенциясының хатшылығына 2011 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Тараптардың конференциясының үшінші сессиясында келісілген стандартты есеп нысанына сәйкес өздерінің Ұлттық баяндамаларын Тегеран конвенциясының хатшылығына ұсынуды келісті. Есептің қабылданған стандарты Конвенция хаттамаларының ережелеріне көптеген сілтемелерді қамтитынын атап өткен жөн, ол Конвенцияға хаттамалардың біреуінің де күшіне енбеген кездегі шартында Ұлттық баяндамаға дайындықты қиындатады. Дегенмен Ұлттық баяндама Қазақстан Республикасының заңнамасының, жергілікті өкімет органдарының және Үкіметтің бағдарламалық құжаттарының, орталық атқарушы органдарының мәліметтерінің және ақпараттарының талдауы негізінде қабылданған нысанға сәйкес дайындалды.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1. Есеп беруші Тарап

Уағдаласушы Тарап	Қазақстан Республикасы
Есеп беру мерзімі	2015-2016
Ұлттық құзырлы орган	ҚР ЭМ
Ұйымның толық атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігі
Ұлттық байланыс тұлғасы (ҰБТ)	Маутанова Жанар
Пошталық мекен-жай	010000, Астана қ, 35-А көшесі 8, Министрліктер үйі
Тел	7 7172 798196
Факс	7 7172 798196
Эл. Пошта	mautanova@mail.ru
Ұлттық есеп бойынша байланысу органы	ҚР ҚОСРМ
Ұйымның толық атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
Пошталық мекен-жайы	010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, Министрліктер үйі
Тел	7 7172 798196
Факс	7 7172 798196
Эл. Пошта	e.kozhakayev@energo.gov.kz
Тапсырған күні	2017 жыл

2. Есепті дайындау үшін ақпарат жодлаған ұлттық ұйымдар

Ұйымның толық атауы	Маңғыстау облысының Әкімшілігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
Пошталық мекен-жайы	130000, Ақтау қ, 14 шағын аудан, 1 үй
Тел	7 7292 311777
Факс	7 7292 31 45 36

Ұйымның толық атауы	Атырау облысының Әкімшілігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
Пошталық мекен-жайы	060010, Атырау қ, Әйтеке би көшесі 77
Тел	7 7122 3545 05
Факс	7 7122 35 50 30

Ұйымның толық атауы	«Қазмұнайгаз ҰК» АҚ
Пошталық мекен-жайы	010000, Астана қ, Қабанбай батыр көш 19
Тел	7 7172 976 101
Факс	7 7172 976 000
Эл. Пошта	astana@kmg.kz

3. Сілтеме

Осы баяндаманы дайындау барысында Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік-құқықтық актілері, бағдарламалық құжаттар, жоспарлар қолданылған:

- 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481Су кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 «Жануар әлемін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану туралы» Заңы;
- «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамызындағы №749 қаулысы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қарашадағы № 214 «Лицензиялау туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2010 жылғы № 291-IV «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі № 19 «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 «Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» Заңы;

- 2007 жылғы Жобалау адындағы және жоба құжаттамасын дайындау кезінде жоспарланған шаруашылық және басқа қызметтің қоршаған ортаға әсерінің бағасын өткізуі бойынша нұсқау;

- Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерінің бағасын өткізуі бойынша әдістемелік нұсқаулар, 2010 жылғы;

- Қоғамдық тыңдауларды өткізу, 2007 жылғы ережелер;

- 2007 жылғы жоспарланған шаруашылық және басқа қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау процедурасына және шешім қабылдау процессіне жататын экологиялық мәліметке қол жеткізудің ережелері.

- Шекарааралық контекстте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенцияның практикалық қолдануы бойынша нұсқау;

- Шекарааралық контексттегі қоршаған ортаға әсерді бағалауға қоғамның қатысуы жөніндегі нұсқау;

- Каспий теңізінің өңірінде Шекарааралық контексттегі қоршаған ортаға әсерді бағалауды өткізу бойынша нұсқау;

- Орхусс Конвенциясын жүзеге асыру бойынша нұсқау;

- Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу, сонымен бірге қоршаған ортаға қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдауға қоғамдық қатысудың басқа формаларының қолдануына бойынша информациялық-анықтама нұсқау.

- Мұнайдың төгілуіне ден қою бойынша ұлттық комиссия мәжілісінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы хаттамасы;

- «Атырау облысы бойынша мұнайдың төгілуін алдын алу және жою бойынша аймақтық жоспарды бекіту туралы» Атырау облысы Әкімшілігінің 2016 жылғы 9 тамыздағы қаулысы.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өтудің тұжырымдамасы;

Манғыстау және Атырау облыстарының қоршаған ортаны қорғау жніндегі бағдарламалары.

Каспий теңізінің акваториясында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарының табиғат қорғау бағдарламалары.

2016 жылғы 14 маусымдағы № 247 Мұнайдың теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында авариялық төгілуін жою әдістерін қолдану қағидалары

4. Көлемі

Ұлттық баяндаманың көлемі 215 п.

5. Тегеран конвенциясы мен оның хаттамаларының Қазақстандағы мәртебесі.

Қазақстан Республикасының конституциясына сәйкес Республика ратификациялаған халықаралық келісімдер Қазақстан Республикасы заңдарының алдында артықшылыққа ие. Тегеран конвенциясы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы №97 заңымен бекітілген. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамызындағы №749 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Конвенцияның Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылуын үйлестіретін ұлттық орган ретінде тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 135 «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттамасына қол қою туралы» Жарлығына сәйкес 2011 жылғы 10 тамызда Конвенция тараптары конференциясының үшінші сессиясында Ақтау хаттамасына қол қойылды. Ақтау хаттамасы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 18 наурыздағы № 474-V ҚРЗ Заңмен ратификацияланған.

Сондай ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 486 «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесіндегі ластанудан қорғау туралы хаттамасына қол қою туралы» Жарлығына сәйкес 2013 жылғы мамырда Тегеран қаласында (ИИР) Қоршаған ортаны қорғау министрі Н.Қаппаров екінші хаттамаға қол қойды. Осы Хаттама бойынша мемлекетішілік ратификациялау процедурасы өткізіледі.

1 БӨЛІМ. Жалпы ережелер

1. Сіздердің елдеріңізде Тегеран конвенциясының қамтамасыз етілуі.

Сіздің еліңізде қолданылатын Тегеран конвенциясы ережелерінің және оның хаттамаларының жалпы заңнамалық, институционалды, экономикалық, сондай-ақ басқа да іске асыру тәсілдерін айтып шығыңыз.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 97 Заңымен бекітілді. Жалпы Тегеран конвенциясы бойынша іске асыру жөніндегі заңнамалық құралдарының санына еліміздің табиғатты қорғау заңнамасына жататын барлық Заңдарды және заңнамалық актілерді жатқызуға болады. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптарға арналған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 38-тарауын (256-269-баптар) айрықша атап өту қажет.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы Заңның, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында талаптарды орнататын басқа да нормативтік құқықтық актілер шеңберінде Каспий теңізінің қазақстанлық секторында мұнай операцияларын өткізу барысында ұйымдармен өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтаудың бақылауы жүргізіледі. «Азаматтық қорғау туралы» және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасын Заңдарының ережелеріне сәйкес мұнайдың авариялық төгілуді бодырма бойынша тұрақты оқытуларды өткізуіне бақылау, жер қойнауын пайдаланушыларымен теңіз құрылысында не отыз минутта қолжетімді жер шектерде теңізді тазалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдықтары, материалдары мен заттары болу бөлігінде бақылау, сондай-ақ оларда теңізде мұнайдың төгілуін болдырмау және оны жою жөніндегі бекітілген жоспарлардың бар болуына бақылау жүзеге асырылады.

Қазақстанның теңіз көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес (ҚР 2002 жылғы 17 қаңтардағы «Сауда мақсатында теңізде жүру туралы» және «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңдары) тасымалдау процесінің барлық қатысушылары сауда мақсатында теңізде жүру талаптарын сақтауды және қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы қаулысымен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (ҚР ҚОҚМ), ақырында Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінен қайта құрылған (ҚОСРМ)

Конвенциясы іске асыру бойынша жауапты мемлекеттік орган болып анықталды. Алайда, 2014 жылғы 6 тамызда ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев жариялаған Қазақстанның Үкіметінің қайта құрылуынан кейін министрліктердің бірқатары таратылды және олардың функциялары басқа мемлекеттік органдарға берілді. Соның ішінде ҚР ҚОҚМ функциялары Энергетика министрлігіне берілді және осылай Энергетика министрлігі (ЭМ) қазіргі уақытта Қазақстанда Тегеран конвенциясын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

Тегеран конвенциясын орындау бойынша Қазақстанның міндеттілігіне қызметі тікелей қатысатын мемлекеттік органдардың санына сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволар жатады. Соның ішінде, бұл ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі (Су және биологиялық ресурстар департаменті, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және Су ресурстары комитеті), ҚР Ішкі істер министрлігі (Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет), Инвестициялар және даму министрлігі (Көлік комитеті, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті), сондай-ақ яатырау және Маңғыстау облыстық әкімдіктерінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармалары. Атап өткен мемлекеттік органдардан басқа Тегеран конвенциясын іске асырумен байланысты кейбір мәселелер Бәләм және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму және тағы басқа министрліктердің қыметімен байланысты. Саясаттық деңгейде Тегеран конвенциясы бойынша қызмет ҚР Сыртқы істер министрлігімен үйлестіріледі.

2008 жылғы 10 және 12 қараша аралығында Тегеранда (Иран) болған Тегеран конвенциясы бойынша Тараптардың Конференциясының екінші сессиясының шішімін орындау үшін 2009 жылдан бастап Қазақстан жыл сайын Конвенцияның хатшылығына 72 мың АҚШ доллар көлемінде жарна төлейді. Бұдан басқа Тегеран конвенциясы бойынша Ұлттық баяндаманы дайындау үшін 2010 және 2015 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттен үш рет шамамен 1 миллион теңге көлемінде қаржылық қаражат бөлінді

Сіздің еліңіздің әр түрлі ұлттық салалық және салааралық жоспарларда/бағдарламаларда Каспийдің теңіз ортасын қорғау бойынша Тегеран конвенциясы жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша қызметті баяндаңызшы (экология және қоршаған ортаны қорғау саласынан басқа).

Қазақстанның Үкіметімен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Осы бағыттарда ықпалды шараларды қабылдау қажеттілігі бірқатар бағдарламалық құжаттарда көрсетілген, мысалы Қазақстан

Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама және т.б. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары тиісті бағдарламалық құжаттарға оның мақсаттары мен міндеттерімен байланысты жергілікті деңгейде шараларды қосуды міндеттейді. Ұлттық деңгейде Тұжырымдаманы орындау бойынша іс-шаралар жоспарында да жергілікті деңгейге жататын шаралар бар. Мысалға, Ақтау қаласында қатты тұрмыстық қалдықтармен басқару секторын жетілдіру жобасы бойынша шаралар қамтылады.

Ұлттық деңгейде бағдарламалық құжаттардың санына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейінгі кезеңге «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы да жатады. Ол бес бұрынғы бағдарламаларды біріктіреді: «Өңірлерді дамыту», «Моноқалаларды дамутудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы», «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», «Қол жетімді тұрғын үй - 2020».

Бағдарлама өңірдің индустриалды орталығы ретінде Ақтау агломерациясын (мұнай-химия, химия, металл өңдеу өнеркәсіптерінің бөлісуін әрі қарай өндіру) дамыту бойынша шараларды өткізуді; мұнай-газ секторына қызмет көрсету бойынша салаларды (сервистік және көліктік қызмет көрсету) дамытуды көздейді. Осы бағдарлама шеңберінде:

- Маңғыстау облысында көлік-логистика хабын әрі қарай дамыту және оның базасында халықаралық мультимодалдік көлік-логистика орталығын құру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;

- «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) құрылымына трансұлттық өндірістерді және әлемдік брендтермен экспортқа шығарылатын өнімді тарту (мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау және мұнай химиясы саласында);

- Ақтау агломерациясын «Кендірлі» курорттық аймағының базасында халықаралық деңгейдегі теңіз туризмі орталығы ретінде дамыту жөнінде шараларды әзірлеу қабылдау;

- Ақтау қаласынан Форт-Шевченко, Құрық, Жаңаөзен елді мекендеріне, сондай-ақ Атырау қаласына автомобиль жолдарын реконструкциялау (ең төменгі жылдамдығы

шектелген автобандар деңгейіне/халықаралық деңгейге жеткізе отырып) жөнінде ұсыныстарды дайындау жобаланады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығына сәйкес Қазақстанда инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Бағдарлама Ақтау және Құрық теңіз порттарынан құрғақ және паромдық жүктерді теңізбен тасымалдау бойынша Қазақстанның үлесін 2015 жылғы 10 % - дан 2020 70%-ға жеткізуді көздейді. Сондай-ақ Қазақстандағы теңіз порттарының өткізу қабілетін 19,5-тен 20,5 млн. тоннаға дейін арттыруды көзделген. «Нұрлы жол» бағдарлама шеңберінде былтырғы жылда Ақтау портында 3 млн. тонна құаттылығы үш құрғақ жүк терминалдары салынды. Құрық портында жылына 4 млн. тонна өңдеуді көздлеген паром кешенінің құрылысы жүргізулуде.

Облыстардың деңгейінде де бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды. Осылай Атырау және Маңғыстау облыстарында 2016-2020 жылдарға облыстардың даму бағдарламасы іске асырылуда. Олар экономиканың және әлеуметтік дамудың барлық салаларын, соның ішінде облыстардың қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтиды.

2. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау, сақтау және қалпына келтіру, оның ластануын болдырмау, төмедету және бақылау үшін, сондай-ақ оның ресурстарын теңіз ортасына зиян келтірмейтіндей қолдану үшін Конвенция Тараптарының бір-бірімен ынтымақтастығы.

Жоғарыда аталған міндеттемелер, басқа да бірлескен іс-әрекеттік жоспарлар/бағдарламалар және т.б. бойынша сіздің еліңіз қатысатын ынтымақтастық бағыттарға қысқаша сипаттамаі беріңіз.

Каспий маңы елдері Каспий теңізінің табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында бір бірімен өзара сәтті әрекеттеседі. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциядан басқа Каспий маңы елдерімен бес жақты форматта тағы бірқатар уағдаластықтарға қол қойылғанын атап шығу қажет.

Сонымен қатар, Астрахань қаласында (Ресей Федерациясы) болған Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммитінде 2014 жылғы 29 қыркүйекте төмендегі бесжақты келісімдерге қол қойылды:

- Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісім;

- Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Жоғарыда аталған келесімдердің біріншісі Каспий теңізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындаған жағдайда тараптардың іс-әрекетін реттейді. Ол Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және/немесе оларды жою мақсатында қолданылады, егер олар қандай да бір Тараптардың мемлекетінің күштерімен жойылмаса, оның салдарынан бұл Тарап басқа Тарапқа немесе Тараптарға көмек сұрап жүгінуге құқылы. Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ҚР 2015 жылғы 23 маусымдағы Заңымен бекітілген.

Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісім шеңберінде Тараптар бірлескен су биологиялық ресурстарын кәсіптік аулауды реттеу жөніндегі шараларды және су биологиялық ресурстарының заңсыз, хабарландырусыз, реттеусіз кәсіптік аулануына және заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу, кәсіптік аулау статистикасының деректерімен алмасу, бірлескен су биологиялық ресурстарын және олардың тіршілік ету ортасын молайтудың және сақтаудың бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және т.б. бөлігінде ынтымақтасады. Келісім ҚР 2015 жылғы 17 шілдедегі Заңымен бекітілген.

Каспий теңізінің гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Каспий теңізінің жай-күйі туралы ақпарат алу мен алмасудың кешенді өңірлік жүйесін құруға және дамытуға бағытталған. Ол ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 533 қаулысымен бекітілді.

3. Осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін құзыретті халықаралық ұйымдарды қоса алғанда келісуші тараптар бір бірімен, үшінші тараптармен ынтымақтастық (4.d және 18.1-баптар).

Сіздің еліңіз тарап болып табылатын каспий маңы елдерімен екі жақты келесімді көрсетіңіз, сонымен қатар қандай халықаралық ұйымдармен және көп жақты табиғатты сақтау келесімдермен сіздің еліңізбен ынтымақтастық жүзеге асырылады.

Қазақстан бес каспий маңы мемлекеттерінен екі мемлекетпен құрлық шекараға ие (Ресей Федерациясы және Түркіменстан). Қазақстан мен Ресейді трансшекаралық өзендер

байланыстырады, соның ішінде Каспий теңізінің алабында орналасқан. Қазақстанда Түркіменстанмен бірлескен трансшекаралық өзендер жоқ.

Қазақстанның Ресей Федерациясымен трансшекаралық өзендер бойынша әрекеттесу 2010 жылы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында (Қазақстан) қол қойылған трансшекаралық су объектілерін бірлесіп айдалану және сақтау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы келесім негізінде сүйенеді.

Осы келісімді орындау мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану мен қорғау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамында ірі өзен бассейндері, соның ішінде Қазақстанда Жайық-Каспий су шаруашылығы бассейніне кіретін Жайық, Қиғаш, Кіші және Үлкен Өзен бойынша жұмыс топтары құрылды. Комиссия және оның Жұмыс топтарының отырысы жыл сайын кезекпен екі мемлекеттің аумағында өткізіледі.

2016 жылы Комиссияның отырысы 6-8 қазанда Горно-Алтайск қаласында (Ресей Федерациясы) өтті, ағымдағы жылда отырыс Алматы қаласында (Қазақстан) 3-5 қазанда өткізілді.

Жұмыс топтары өзендер бассейніндегі жай-күйді талдау үшін бекітілген жұмыс регламенттеріне сәйкес метеорологиялық, гидрологиялық, гидрохимиялық және су шаруашылық ақпаратымен алмасуды жүргізеді. Мысалы, Жайық өзені бойынша ақпарат алмасу Ресейдің Орынбор облысы бойынша Төменгі Волж бассейндік су шаруашылығы басқармасының (БСБ) су ресурстары бөлімі мен Қазақстанның Жайық-Каспий бассейндік су шаруашылығы (БСИ) инспекциясы арасында жүзеге асырылады. Еділ өзенінің атырауында болатын Қиғаш тармағы бойынша ақпарат алмасу Ресейдің Астрахань облысы бойынша Төменгі Волж БСБ мен Қазақстанның Жайық-Каспий БСИ арасында жүзеге асырылады.

1996 жылғы 20 маусымдағы Жайық өзенінің бассейнінде су шаруашылығы қызметін үйлестіру, трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және сақтау туралы хаттамаға сәйкес Ресей мен Қазақстан арасында Жайық және Елек өзендерінен су ағып түсу үшін суды бөлу мәселелері келісілгенін баса айту қажет.

Одан басқа, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы 2016 жылдың 4 қазанда Жайық өзенінің экожүйесін сақтау жөніндегі Келісімге қол қойды. Келісім шеңберінде тараптар Жайық өзенінің трансшекаралық ластанумен бірлесіп күреседі, әртүрлі көздерден ластауларды азайтады, жануарларды, суда жүзетін балық пен құстарды қорғайды, су бассейнінің орманды өңірін көбейту, алқаптық бөлігінде заңсыз орман шабу,

оман зиянкестері мен аурулары және өртенуімен күресу жөнінде шаралар қолданады, өзенінің жағдайы жөнінде оперативтік мәліметпен алмасады.

Қазақстан халықаралық ұйымдардың көбімен келісімге ие және көптеген көп жақты табиғатты сақтау келісімдердің Тарабы болып табылады. Мысалы Қазақстан Траншекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша БЭК конвенциясының тарабы болып табылады (Эспоо конвенциясы), оның бір тарабы болып Әзірбайжан да болып табылады, Қазақстан Орхусс конвенциясының тарабы болып табылады, оның Тараптары Әзірбайжан және Түркіменстан болып табылады, Қазақстан халықаралық көлдер және трансшекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның тарабы болып табылады, оның тараптары болып Әзірбайжан, Ресей, Түркіменстан да болып табылады.

Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық Келісімге сәйкес КАСПКОМ шеңберінде каспий маңы мемлекеттермен (Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан) ынтымақтастық іске асырылады. Тараптар аталған Келісімнің мақсаттарын іске асыру үшін:

- Каспий теңізіндегі жағдайының болжау әдістерін, соның ішінде әр-түрлі құнбұрындылығына байланысты теңіздің ауытқу болжауын;
- Каспий теңізіндегі су балансының кешендік талдау элементтері және бағалау әдістерін, соның ішінде теңіз бен атмосфераның шекаралық қабатындағы ағынын арттырады.

Тегеран Конвенциясы мен КАСПКОМ арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық негізі 2013 жылда қол қойылған өзара түсіністігі жөніндегі Меморандумда қаланған. Аталған Меморандумда сәйкес КАСПКОМ Каспий теңізінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуіне қатысты мәліметер мен ақпараттарды Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясына ұсынады.

Осыдан басқа, КАСПКОМ Тегеран Конвенциясымен Каспий теңізінің деңгейі жөннінде ынтымақтастықты жүргізеді.

Каспий теңізінің жағалауы мен акваториясында өзінің қызметін жүзеге асыратын Қазақстанның көптеген мұнай және газ компаниялары, бірлескен кәсіпорындары, мұнайдың тасуына әрекет ету және т.б. бойынша шетел серіктестіктерімен келісімге ие.

4. Осы Конвенцияның ережелерін және оған хаттамаларды сақтауды қамтамасыз етудің рәсімдерін әзірлеу, сондай-ақ осы Конвенцияның және оған хаттамалардың ережелерін бұзу нәтижесінде Каспий теңізінің ортасына зиян келтіргені үшін материалды жауапкершілікке және өтемақыға қатысты ережелер

мен рәсімдерді әзірлеу үшін Конвенция Тараптарының бір бірімен ынтымақтастығы.

Сіздің еліңізде қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелері мен рәсімдері қолданыла ма?

Сөзсіз, Қазақстанда қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелері мен рәсімдері қолданылады, өйткені еліміздің заңнамасына сәйкес халықаралық келісімдердің ережелері өзінің заңдық күшіне енген соң ұлттық заңнама ережелерінен басымдылыққа ие. Бірақ, қазіргі уақытқа дейін Тегеран Конвенциясының қойылған Хаттамалардың арасынан Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 18 наурыздағы № 474-V ҚРЗ Заңмен ратификацияланған Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы Хаттамасы күшені енгенін айту қажет.

2 БӨЛІМ. Тегеран конвенциясының және оған хаттамалардың ережелерін іске асыруға бағытталған қызметті шолу

Ластануды болдырмау, азайту және бақылау

Жер үсті көздерінен ластану (Тегеран конвенциямының 7-бабы және Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама жобасы, бұдан әрі - ҚЛЖК).

5. Жоғары басымдық объектілері тізімінің негізінде нүктелі көздерден ластайтын заттардың келуін қысқарту бойынша ұлттық қызмет жоспарын жүзеге асыру.

Сіздік еліңізде жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды азайту немесе жою үшін қандай да бір ұлттық жоспар/әрекет бағдарламасы әзірленгенін/жүзеге асырылатынын көрсетіңіз. Егер әзірленген/жүзеге асырылған болса ұлттық әрекет бағдарламасы/жоспары шеңберінде қабылданған нақты қойылған мақсаттар және шаралар мен саясат түрлеріне қатысты жан-жақты ақпаратты, іске асыру мәртебесін, атқарушы органдарын, жүзеге асыру нәтижесінде әсердің сандық бағасын, сондай-ақ уақыт шығының қоса алғанда болжамды шығындарды келтіріңіз

	<i>a) ҰӘЖ</i>	<i>b) бағдарлама</i>
<i>Жоқ</i>	жоқ	жоқ
<i>Жоқ, әзірлеудің бастапқы кезеңінде жатыр</i>		
<i>Жоқ, әзірлеудің тәжірибелі кезеңінде жатыр</i>		
<i>Иә, әзірлеу аяқталды және іске асыру жүзеге асырылуда (жоғарыда аталған ақпаратты қоса суреттеудің толықтылығын келтіріңіз)</i>		

Ескертпе: Тегеран конвенциясына Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама (Мәскеу хаттамасы) қазақстан тарапымен қол қойылды, бірақ әлі бекітілген жоқ, тиісінше

күшіне енбеген.

6. Каспий теңізінің теңіз ортасына теріс әсер етуін тоқтатпаған құрлықтағы ластау көздерін консервациялау және толық жою.

Сіздің еліңіздің аумағында экологиялық талаптарға келмейтін қатты тұрмыстық қалдықтардың және мұнай өндіруші қалдықтардың қоймасын, полигонын, қоқыс орнын бар болуын көрсетіңіз. Оларды жарату үшін қолданылатын технологияларды көрсетіңіз.

Атырау облысы

Экологиялық бағыттардың басымдылықтарының бір өндіру және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу болып қалады.

Аймақ тұрғындарының әл-ауқат деңгейінің артуымен коммуналдық қалдықтардың көлемінің көбеюі байқалады, негізінде облыстық орталықта, өйткені жұмыс күшінің миграциясы нәтижесінде жұмыс іздеуде ауыл тұрғындарының басымы қалаға келді.

Облыстың барлық елді мекендерінде, әсіресе Атырау және Күлсары қалаларында тұрмыстық қалдықтарының көлемінің өсуіне байланысты оны сақтау және қайта өңдеу мәселесі бірінші орында тұр. Бұл ретте қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондары мен қоқыс орындарының көбі пайдалану кезінде нормативтік белгілерге сәйкес келмейді.

Атырау облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастырумен айналысатын 10 мекеме бар.

КММ «Спецавтобаза» Атырау қаласының территориясының басым бөлігінен ҚТҚ жинау және шығарумен айналысатын негізгі мамандырылған мекеме болып табылады. ҚТҚ қолданыстағы полигон 1977 жылдан бастап пайдаланылады, және Атырау-Орал жол трассасын бойымен Атырау қаласынан 6 км. солтүстік-батыс жақта орналасқан. Полигон аумағы 35 га. «Рабица» торқапшықпен қоршалған.

Қолданыстағы полигон объектілерді санитарлық классификациялауына сәйкес I санатқа жатады. ҚТҚ қалалық полигоны экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай келмейді, полигон техникалық жағынан ескерді.

ҚТҚ негізгі массалары қағаз, пластик, тағам қалдықтары және полимерлер болып табылады. Полигонда негізгі келесі жұмыстың түрлері орындалады: ҚТҚ қабылдау, жинау және көму.

«Спецавтобаза» ЖШС мәліметі бойынша қалалық полигонда жиналған ҚТҚ көлемі

№	Жылдар	Бір жылда жиналған, тонна
----------	---------------	----------------------------------

п/п		
1.	1977-2010	1 767 506
2.	2011	49 255
3.	2012	50 632
4.	2013	57 623
5.	2014	83 123
6.	2015	85 068
7.	2016	111 589
Жалпы:		2 204 796

«Спецавтобаза» ЖШС 2013 ж. - 9 060 тонна, 2014 ж. - 6 146,62 тонна, 2015 ж. - 15 240 тонна, 2016 ж. – 13 976 тонна ҚТҚ өндірілді.

«Қатты тұрмыстық қалдықтармен басқару» аймақтық бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында аудандық орталықтарда және облыстың елді мекендерінде қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату үшін 10 полигон құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді және мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Маңғыстау облысы

2015 жылғы жай-күйі бойынша облыс бойынша мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарының келісімшарттық аумағында орналасқан 350,0941 га тарихи ластанулар бар, олар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – 32,53 га, «Өзенмұнайгаз» АҚ – 110,0441 га, «Қаражанбасмұнай» АҚ – 207,52 га.

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ арасында 1 288 355 м³ көлемінде «Өзенмұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағында жабдықталмаған қалдық сақтағыштарда орналасқан қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, және 252 850 м³ көлемінде «Өзенмұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағы шегінде мұнаймен ластанған аумақты тазарту туралы қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтастық туралы 2014 жылғы 5 маусымда № 332 меморандум жасалды.

2014 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіпорны «Жетібай тобындағы кен орны аумағында «тарихи» мазутталған аумақтарды қалпына келтіру және жою» жұмыс жобасы бойынша Жетібай тобындағы кен орнында қайта өңдеумен «тарихи» мазутталған аумақтарды қалпына келтіру және жою бойынша жұмыстарды бастады, онда 15 жыл ішінде Жетібай тобы аумағындағы орналасқан барлық мазутталған аумақтарды кезең-кезеңмен қысқарту және жинау жоспарлануда.

Сондай-ақ 2014 жылдан бастап «Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіпорны биологиялық ремедиациялау әдісін қолданумен тарихи мұнаймен ластанған 20,0 га жерді қалпына

келтіру жүргізді. Қазіргі уақытта дүние жүзілік дағдарысқа байланысты аталған жұмыстардың жүргізілуі тоқтатылды.

2016 жылы қатты тұрмыстық қалдықтардың құрылған(бұдан әрі - ҚТҚ) көлемі 151,8 мың.тонна (250 кг/адам/жыл), 2017 жылдың 6 айда – 77,0 мың.тонна құрайды, олардың 8,7 % және 0,42 % сәйкесінше өндірілген.

Халықтың 86,7 % мусорды шығару қызметпен қамтылған.

Облыс бойынша 28 ҚТҚ полигондар мен свалкалардың саны 28, оның ішінде 8-дің (28,6 %) рұқсат және құқықтық құжаттар бар, облыстың ірі елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында Ақшүкүр, Таушық, Ақжігіт аулдарда ҚТҚ полигондарын салу үшін ЖСҚ дайындалған. Манғыстау ауданы Жанғылды, Тұшықұдық, Шайыр ауылдардың, Бейнеу ауданы Боранқұл ауылдың және Тұпқараған ауданы Қызылөзен ауылдың ҚТҚ полигондарын салу үшін ТЭН әзірленген.

Мұнайлы ауданы Бостандық ауылында орналасқан ҚТҚ ескі полигонын рекультивациялау мәселесі шешілуде.

Облыстың аумағында ҚТҚ жинау, реттеу және өндіру бойынша 3 мекеме жұмыс жасайды. ҚТҚ шығу көздерінде әр этап бөлек жинау енгізілуде. Осылай, ҚТҚ бөлек жинауды енгізу үшін «IT ProfService» ЖШС-сы Ақтау қаласында пластик тарасын жинауға арналған 120 торқапшық контейнерлерді орнатылды. Ақтау қаласындағы барлық қоқыс аумақтарын торқапшық контейнерлермен қамтамасызуды көздеуде. «Каспий оперейтинг» ЖШС мен ТОО «Таза әлем Кз» ЖШС арасында ҚТҚ жылда 40 000 тонна реттеу үшін меморандумға қол қойылды.

Бүгінгі күнде Манғыстау облысындағы елді мекендері ҚТҚ контейнерлермен тек қана 30 % қамтылған.

Ақтау қаласында халықтан сынапбар лампаларды жинау үшін 27 арнайы контейнерлер орнатылған. 2016 жылы 476 820 сынапбар лампалардың саны жойылған. негізінде халықты хабарлау және бұрын пайдаланған сынапбар лампалармен қауіпсіздік қолдану пропандасы бойынша жұмыс жүргізулуде.

Жанаөзен қаласында қуаттылығы 50 000,0 тонна/жылына қоқысөндірілетін кешен жұмыс істеуде.

Облыстық әкімшілігімен потенционадық инвесторлардың есебінен Ақтау қаласында ҚТҚ реттеу және жою бойынша зауытты салу мәселесі пысықталуда.

Манғыстау облыстың аумағында сынапбар қалдықтарды жою (демеркуризациялау) үшін құрылғы бар. Аталған құрылғы жылдық қуаттылығы 120 000 сынапбар лампалар саны құрайтын «МАЭК-Казатопром» ЖШС қарамағында. Өңірдегі мекеменің аумағында

сынапбар қалдықтар сақталмайды, барлық мекемелер орталықтандыру негізінде демеркуризация бойынша құрылғына жоюға тапсырады.

Манғыстау облысы әкімшілігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасымен жергілікті бюджеттің есебінен халықтан 476 820 сынапбар лампаларын санын жинау бойынша жобасы асырылған.

Облыста 2007 жылдан бастап «Батес» ЖШС-нің медициналық қалдықтарды жою үшін құрылғысы пайдалануда, сонымен қатар медициналық қалдықтарды жою үшін тағы 2 мекеме өз қызметтерін жасауға бастаған. Медициналық қалдықтар толған сайын барлық мекемелер орталықтандыру негізінде «Батес» ЖШС, «Едильбаева» ЖК және «Глеубаева» ЖК-не жоюға тапсырады.

2014 жылдың аяғынан бастап Жанаөзен қаласында «Жанаөзен қаласының тұрмыстық коммуналдық шаруашылығы және тұрмыстық инспекциясы бөлімі» ММ теңгеріміндегі ҚТҚ-ын жою, өндіру және көму бойынша комбинат жұмыс істеуде, алайда 2014 жылдың 12 қарашадан бастап келісім бойынша «Тазалық» МКМ-не берілген. Бұл Манғыстау облысында ҚТҚ-дан брусчатка және канализациялық люктерді шығаратын бірінші қоқысөндіретін мекеме. Комбинаттын құрамында тауарлық өніміне реттеу мен өндіру үшін және тұтыну нарығында тауарлық өнімдерін және екіншішікізатты сатуға арналған қоқысөндіретін зауыт қарастырылған. Комбинат 2014 жылы – 2145 тонна, 2015 жылы – 8650 тонна, 2016 жылы – 10120 тонна ҚТҚ өндірілді. Қоқысөндіретін зауыттың қуаттылығы 50 мың.тонна/жылына. Комбинаттың жалпы көлемі – 22 га. Полигонның жобалық сыйымдылығы 2241,675 мың.м3 құрайды.

Қазіргі уақытта Манғыстау облысы әкімшілігімен ҚТҚ жоюға арналған зауытты салу мәселесі пысықталуда.

7. Каспий теңізі суларының немесе экожүйесінің жай-күйі осыны талап еткен жағдайларда, осы Конвенцияға қосымша хаттамалармен көзделгеннен барынша қатаң талаптардың белгіленуі.

Сондай талаптарды көрсетіңіз.

Қазақстанның заңнамасында теңіз ортасын қорғауға талаптарды нақтылайтын тәртіптер бар. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 256-269-баптарында Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де жұмысты жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар қамтып көрсетілген.

8. Жер үсті көздерінен ластануды болдырмау, азайту және бақылау үшін сарқынды су төгінділерін ұлттық органдармен лицензиялау/рұқсат беру.

Лицензияларды/рұқсаттарды алу үшін тиісті ұлттық жүйелерді/рәсімдерді көрсетіңіз.

Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 8 тарауында көзделген.

Табиғатты пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілетін объектілер 4 категорияға бөлінеді: I, II, III и IV.

I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныпты объектілері жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныпты объектілері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныпты объектілері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныпты объектілері жатады.

Өндірістік объектілердің санитариялық сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын қызмет түрлері IV санатқа жатады.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан, II санат объектілеріне - облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, III санат объектілеріне - оңайлатылған схема бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, IV санат объектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алады.

Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін қажетті құжаттар топтамасын рұқсат беретін органға ұсынады.

I, II және III санаттардағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

- 1) рұқсат алуға өтінімді;
- 2) эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын;
- 3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтиды.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгергенге дейінгі, бірақ I, II және III санаттардағы объектілер үшін он жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат, қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгерген жағдайларды қоспағанда, мерзімсіз негізде беріледі.

Кешенді экологиялық рұқсат табиғат пайдаланушының ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген эмиссиялардың техникалық үлес нормативтерін сақтау шартымен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын біртұтас құжат болып табылады.

Өнеркәсіптің жекелеген процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі орталық атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері типтерінің тізбесін және оларды беру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді

4. Кешенді экологиялық рұқсат мыналарды:

- 1) шикізат пен энергияны үнемді пайдалану шарттарын;
- 2) қалдықтарды басқару жүйесін;
- 3) қоршаған ортаға қауіп төндіретін жағдайларда объектіні пайдалану жөніндегі іс-әрекеттер мен шараларды;
- 4) ең озық қолжетімді технологияларды енгізу мерзімдері мен шарттарын қамтуға тиіс.

Кешенді экологиялық рұқсат осы рұқсатта көрсетілген қолданылатын технологиялар мен табиғат пайдалану жағдайлары өзгерген кезге дейін қолданылады.

9. Қалалық ағынды суларды, оның ішінде ол қажет жерлерде кезең-кезеңімен тазартудың әр түрін қолдану.

Ластанған сарқынды сулар шығарындыларының көлемінің өзгеру үрдісін түсіндіріңіз.

Өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындармен, ТКШ және т.б. сарқынды сулар шығарындыларының көлемін көрсетіңіз.

Тазартқыш ғимарттардың және оларды қайта құру бойынша жоспарлардың/бағдарламалардың болуын көрсетіңіз.

Тазартылмаған сарқынды сулар шығарындыларының көлемін көрсетіңіз.

Сарқынды судар шығарындыларын бақылау жүйесіне қысқаша сипаттама беріңіз.

Сарқынды сулар шығарындылары кезіндегі экологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 225-бабында сипатталған. Атап айтқанда бапта қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсат бар болған жағдайларды қоспағанда, табиғи су объектілерін сарқынды суды ағызып жіберу үшін пайдалануға тыйым салынаты айтылған

.Сарқынды суларды жинағыштары және (немесе) сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған жасанды су объектілері бар табиғат пайдаланушылар олардың қоршаған ортаға әсерін болғызбау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыруға міндетті.

Жобаланған (пайдалануға жаңадан берілетін) өндірістік сарқынды суларды жинақтауыш-буландырғыштарға:

1) сүзгіге қарсы экранның болуы;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық шешімдерге сәйкес нормативтік-тазартылған сарқынды суды орналастыру талаптары қойылады.

Сарқынды суларды алдын ала тазартусыз су объектілеріне, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуға тыйым салынады.

Батыс Қазақстанда негізгі су объектілері Жайық, Шаған, Деркөл және Елек өзендері болып табылады.

2014-2016 жылдардағы Жайық-Каспий бассейні бойынша су объектілеріне сарқынды сулар шығарындыларының жалпы көлемі 3700,5 млн. м³ құрайды, соның ішінде:

2014ж. – 1248,9 млн. м³;

2015 ж. – 1205,5 млн. м³;

2016 ж. – 1261,6 млн. м³;

Одан:

тазаланбаған нормативтік таза сулар - 3635,6 млн. м³, соның ішінде:

2014 ж. – 1211,9 млн.м³;

2015 ж. – 1178,03 млн.м³;

2016 ж. – 1250,6 млн. м³;

тазаланбаған нормативтік таза сулар 28,31 млн. м³ құрайды, соның ішінде:

2014ж. – 9,9 млн.м³;

2015ж. – 9,11 млн.м³;

2016ж. – 9,3 млн.м³;

Жайық-Каспий бассейнінің су объектілеріне сулар шығаратын ірі су пайдаланушылардың санына төмендегілер жатады:

Атырау облысы бойынша:

- «АЖЭО» АҚ (электр энергиясының өндірілімі 1679941 Мвт. сағ.; жылу энергиясының өндірілімі 911000 Гкал.);

- «АМӨЗ» ЖШС (мұнай өңдеу 5 500 000 тн./жылына, электр энергиясының өндірілімі 206900 Мвт. сағ., жылу энергиясының өндірілімі 966000 Гкал.).

Бұдан басқа, төмендегі кәсіпорындар сүзу, булану, жинақтауыштарға және жергілікті жердің рельефіне сулар шығарындылары жүзеге асырады:

- АМӨЗ» ЖШС;

- «ҚазТрансОйл» АҚ батыс филиалы;

- «Атырау Су Арнасы» КМК.

Атырау облысы бойынша су объектілеріне сарқынды сулар шығарындыларының жалпы көлемі 94326,3 мың. м³ құрайды, соның ішінде:

2014ж. – 27751,3 мың.м³;

2015ж. – 39003,4 мың.м³;

2016ж. – 27571,5 мың.м³;

Маңғыстау облысы бойынша:

Маңғыстау облысы бойынша су тартудың жалпы көлемі 3518,6 млн. м³ құрайды, соның ішінде су объектілеріне шартты түрде таза шығарындалырды 3488,6 млн. м³ құрайды. Одан:

2014ж. -1173,1млн. м³;

2015ж. -1142,6млн. м³;

2016ж. -1202,9млн. м³;

2014-2016 жылдарда сүзу жерлеріне сарқынды сулар шығарындыларының көлемі 6,2 млн. м³ құрады.

Сарқынды суларды шығаратын ірі су пайдаланушыларға «МАЭК» ЖШС жатады. Каспий теңізіне шығарылатын сарқынды сулар көлемі 1200 млн. м³ құрайды.

Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаратын кейбір кәсіпорындардың су жинауыш тоғандары бар. Мысалға, Маңғыстау облысында мұнай өндірумен айналысатын «Қарақұдықмұнай» ЖШС Қарақұдық кен орнында су жинауыш тоғаны бар. Кәсіпорында сарқынды судың биологиялық тазарту құрылысы бар, оның қуаты 60-тан 120 м³/тәу. дейін артты. 2014 жылы өткізілген жоспарланған тексерулер нәтижесі бойынша ЖШТ нормативтерін арттыру фактілері табылған жоқ.

Солтүстік бозашы кен орнында Вахталық кенттен 1 км солтүстік батыста орналасқан көлемі шамамен 2 га балшық алаңдары бар. Алаңдар көлемі 50×50м, ауданы 1000 м², кедергілеу білік биіктігі 0,5 м және ені – 0,8 м табиғи негізде орналасқан 4 картамен көрсетілген.

Кедергілер біліктері жуандығы 30 мм ұсақталған таспен бекітілген, нәсертартқыш астау бойынша әр 25 м кейін температуралық жым көзделген. Жұмыс алаңы астында 100 мм қалыңдығымен қабатталған жер .

Салқындатқыш әуіттер өзімен құлама қырдың жоспарланған белгіге шұңқырдың түбі бойынша біршама тереңдігі 1,5 м, 25,0×40,0 м көлемімен тікбұрышты формалы құлама шұңқырларды көрсетеді.

Алаңның барлық жақтарынан 0,5-0,8 биіктігімен үйілмелі топырақтан қорғаныс құламасы бар.

Орталық айырғыш төсеме үймеден білік қырының ені 10 м.

Тазарту құрылыстары өзімен 125 м³/тәу. өнімділігімен 1 блоктан тұратын биологиялық тазарту жүйесін көрсетеді.

«КЕЕ PROCESS» тазарту құрылыстарынан шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту процесінде балшық тұнбасы пайда болады. «КЕЕ PROCESS» тазарту құрылысынан тұнбаларды кәдеге жарату, биологиялық тазарту процесінде пайда болатын артық белсенді балшықты кептіру және уақытша сақтау балшық алаңдарында жасалады. Балшық алаңдарындағы кептірілген тұнбаның ылғалдығын 30%-дан 40% шеңберінде (СН РК 4.01-03-2011) алу қажет. Осылайша, балшық алаңдары оны үш жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтап (ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, 288-бап, 3-тармақ), кейін әкетіп және өңдеуге мердігерлік ұйымға берумен (пеште жағу) тұнбаны барынша кептіру үшін арналған.

Су жинауыш тоған Маңғыстау облысы Тұпқарағай ауданында орналасқан «Қаражанбас» АҚ-тың Қаражанбас кен орнында бар. Тазарту құрылысының кешені (ТҚК) 720 м³/тәу. Қуаттылығымен шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту үшін арналған.

Маңғыстау облсы Қарақиян ауданындағы «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС-дағы буландырғыш тоғандарға сарқынды сулар «Дупур био 500» (Мембраналық Биореактор) қондырғысында биологиялық тазартудан кейін түседі. Барлығы мұнда 6 буландырғыш тоған, оларға екі жылда бер рет кезектеп тоғандардың біреуінің толық кептірілуі және кеуіп қалған тұнбаны тазалауы жүргізіледі.

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының буландырғыш тоғандары Маңғыстау облысы Тұпқарағай ауданының Қошанай алаңында орналасқан. Сарқынды сулар онда «Сетко» тазарту құрылысы кешені арқылы түседі.

Бүгінгі күнге Маңғыстау облысының Каспий айдынында проблемалар байқалмайды.

Ашық теңізгі сарқынды суларды шығаруға тыйым салынды. «Маңғыстау гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорнымен Ақтау теңіз порты АЭА аумағында, (Кендірлі – Дивичи, Песчаный – Дербент, Маңғышлақ - Чечень) ғасырлық қиылысу станцияларында, Қаражанбас және Арман кен орындарында, Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас жағалау станцияларында Каспий теңізінің сулардың жағдайының және түп қалдықтарының тұрақты мониторингі жүзеге асырылады. Келесі ингредиенттерге аналитикалық бақылау жүргізіледі: мұнай өнімдері, фенол, нитрит, нитрат, аммоний азоты, темір, фосфат, тұз, БПК-5, еріген оттегі, температура, кальций, магний, карбонаттар, гидрокарбонаттар, АББЗ, СББЗ, РН.

Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаруды бақылау жүйесіне келсек, оның негізгі ережелері Қазақстанның Экологиялық кодексінің 12 тарауында сипатталған. Нақты талаптар тиісті нормативтік-құқықтық актілерде баяндалған, мысалға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 788 қаулысымен бекітілген «Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау ережесі».

10. Ластағыш заттарды шығаратын көздерді болдырмау, азайту және бақылауға арналған аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды қолдану.

Аймақта ластағыш заттар шығарындыларын азайту бойынша аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды кең пайдаланады, соның ішінде өндірістік және ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне су алуды азайту жолымен.

Мысалға, ағымдағы жылда Теңізшевройл объектілерінде Теңіздегі суды басқарудың біріктірілген жүйесінің жобасы іске асырылуда. Қауіпті азайту, сенімділікті мен экологиялық көрсеткіштерді жоғарлату мақсатмен суды басқарудың біріктірілген жүйесі ТШО суын тұтынуды азайтуға, техникалық суының жоғарғы сапасын жеткізілімді

қамтамасызетуға, сонымен қатар тұшы суын экономияға арналған. Жаңа жүйе ағын суларды өңдеуге мен суын қайта пайдалануға арналған объектілерді қамтиді. Жаңа объектілер 1980 жылдарда салынған суды басқару жүйелерін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Ағын суларды өңдеуге арналған объекті ТШО және мердігерлік мекемелердің қызметкерлері тұратын тұрғын үй-жайлардан күніге орташа түсетін 6000 текше метр (1,6 млн. галлон) тұрмыстық ағын суларды тазартуға есептелген. Суды екінші рет өңдеуге арналған жүйесі зауыттың техникалық қажеттіліктеріне бір тәулікте 3 596 м³ (0,95 млн. галлон) тазартылған суды өндіреде.

11. Шоғырланған көздердің органикалық, оның ішінде ауыл шаруашылығында барларын қоса алғанда, қауіпті заттардың ағынын азайту үшін қолда бар ең озық тәсілдерді (ҚОТ) пайдалану.

Сіздің еліңізде осындай ҚОТ пайдалануын көрсетіңіз.

Қолданыстағы ең жақсы технологиялар Қазақстанның Каспий маңы өңірлерінде өзінің қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындармен белсенді енгізілуде.

Осылай «ТШО жаналықтар №02(224) 2016 газетінің мәліметтері бойынша 2000 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғау бойынша ТШО шығындары 3 млрд. АҚШ долларын құрады. Осы елеулі қаражат Теңіздегі қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарын үздіксіз жетілдіруге бөлінген, бұл алау етіп жағатын ілеспе газдың жалпы көлемін 91% азайтуға мүмкіндік берді. Газдың кәдеге жарату коэффициенті 98% дейін өсті. Газдың кәдеге жарату жобасы мен басқа бағдарламалар 2000 жылдан бастап 2014 жылға дейін атмосфералық шығарындыларын жалпы көлемін 73 % азайтуға көмектесті. 2015 жылы өндірістегі шығарындылар орта есеппен 1 тонна шығарылған мұнайдың жалпы 2,24 кг. құрады. Сонымен бірге 2000 жылдан бастап мерзімде мұнайдың өндірілу жылдық көлемінің өсуі 159 % құрайтының ескеру қажет. 2000-2015 жылдардың аралығында қоршаған ортаны қорғау және зауыттық жабдықтаулардың сенімділігін арттыруға салынған қаржылар КТЛ зауытында техникалық қауызу санын 40 % азайтуға көмектесті, сонымен қатар қышқыл және өңделмеген газдың факелді өртеу көлемін техникалық қауызу себебінен 93 % азайтылған.

12. Екі немесе одан көп Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың арасында шекара құрайтын аумақ арқылы ағатын ағын судан түсетін ластағыш заттар (НИЗД бойынша хаттама, 11-бап, 2-тармақ).

Тиісті мәселелерді шешу үшін сіздің еліңізде қандай шаралар өткізіледі?

Тиісті мәселелерді шешу үшін бар бірлескен органдарды көрсетіңіз.

Қазақстан аумағына Ресей Федерация аумағынан Каспий теңізінің бассейніне Жайық өзенінің (Елек және Шаған салалары) су ағындары, сондай-ақ Қиғаш тармағы арқылы Еділ өзенінен біршама кішкентай көлемде су ағыны түседі.

Су көлемінің төмендеуіне байланысты айрықша алаңдатуды Жайық өзені әкелуде. Нәтижесінде Жайықтың табиғи ортасы елеулі өзгерістерге ұшырады, өзен таяздайды және ластанады, судың сапасы төмендейді, алқаптық ормандар құриды.

Жеке кезеңдерде Елек өзенінде (Жайық саласы) алты валентті хромның коюланудың мүмкіндік шегінің артуы байқалады. Жер асты және жер үсті сулардың 6 валентті хроммен ластану көздері кеңес уақытында салынған хром байланысы зауытының қоқыстық тоғандары болады.

ҚР Энергетика министрлігінің Экология департаменті ай сайын Жайық өзені мен оның саласының экологиялық мониторингісін өткізеді.

Беткі сулар сапасын бақылау №104 2012ж.18.01. САН.НЖЕ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте беткі суларының ластану деңгейіне физикалық және химиялық көрсеткіштер бойынша бақылау жүргізіледі.

Қазақстан шеңберінде нормативтік таза шығарындыларды қоспағанда, Жайық өзенінің арнасына сарқынды сулардың шығарындылары жоқ.

2010 жылы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында қол қойылған трансшекаралық өзендер бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы көптеген мемлекетаралық проблемаларды шешу Трансшекаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану және қорғау туралы үкіметаралық келісімнің шеңберінде жүзеге асырылады. Сол келісімге сәйкес трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау бойынша қазақстан-ресей комиссиясы құрылды, оның отырыстары жылына бір рет кезектесіп Қазақстан мен Ресейде өтеді.

2016 жылғы 6-8 қазанда Ресей Федерациясының Горно-Алтайск қаласында Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау бойынша Қазақстан-Ресей комиссиясының VI (XX IV) отырысы өтті. Отырыста Жайық, Қиғаш, Үлкен және Кіші Өзен өзендері бассейндерінің жұмыс топтарының есептері тыңдалды.

Жайық, Қиғаш, Үлкен және Кіші Өзен трансшекаралық өзендерінің бассейндері бойынша жұмыс топтары Қазақстан-Ресей комиссиясының V (XX III) және VI (XX IV) отырыстарында қабылданған шешімдеріне сәйкес жұмыстарды жүргізеді.

Жұмыс топтары Бірлескен бақылау регламентіне сәйкес трансшекаралық су объектілеріне бақылауды ұйымдастырды. Белгіленген тұстарда бақылауды жүргізу

кезінде трансшекаралық су объектілерінің ластануы бойынша оперативтік ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

Бекітілген регламенттерге сәйкес Жайық өзені бойынша Орынбор облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен, Үлкен және Кіші Өзен бойынша Саратов облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен, Қиғаш өзені бойынша Астрахань облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен мол сулы кезең алдында (жер қыртысының метрлік қабатының күзгі дымқылдануы, жер қыртысының, бақылау уақытында қарда су қорының, өзен суының қатып қалуы) гидрометеорологиялық жағдайды талдау үшін гидрометеорологиялық, гидрологиялық, гидрохимиялық және су шаруашылығы ақпаратымен алмасу жүргізілді.

Жайық өзенінің бассейні

Жұмыс тобы Жайық өзенінің бассейні суының химиялық құрамы бойынша ақпаратпен алмасу келесі тұстары бойынша жүзеге асырады: Ресей жағынан - Елек өзені және Қазақстан жағынан - Елек өзені – Георгиевский кенті, Елек өзені – Целинный кенті, Ор өзені – Бөгетсай кенті, Жайық өзені – Январцево ауылы, Елеке өзені – Шелек ауылы, Шаған өзені – Шуваш ауылы.

Жайық өзені – Елек өзені гидрохимиялық тұс Қазақстан Республикасы аумағымен шекаралық Жайық өзенінде соңғы тұс болып табылады.

Ақтөбе облысының және Ресей Федерациясының аумағы бойынша Жайық өзенінің саласы Елек өзені ағады, ол трансшекаралық су объектісі болып табылады. Жайық өзені және оның саласы Елек өзені үлкен халық шаруашылық мәнге ие, себебі өзендердің су ресурстары Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасы Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облысының халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылады.

Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау, Жайық бассейнінде су шаруашылығы қызметін үйлестіру туралы 1996 жылғы 20 маусымдағы хаттамаға сәйкес Жайық және Елек өзендері бойынша берілетін су шығыны анықталды.

Трансшекаралық сулар сапасының бекітілген негізгі көрсеткіштерін жүзеге асыру үшін «Қазсушар» РМ-ның Ақтөбе филиалымен Ақтөбе және Қарғалы су қоймасынан суды ағызу асырылады.

Жыл сайын Ақтөбе және Қарғалы су қоймасынан Елек өзенінің арнасы бойынша 155,0 млн. м³ су жарамсызданады. Сонымен бірге соңғы жылдары судың сапасын жақсарту үшін алты валентті хромның көлемін азайту мақсатында күзгі-қысқы кезеңде Елек өзеніне су қоймаларынан суды шығару жүзеге асырылады.

2016 жылы Ресей Федерациясына 1694,160 млн.м³ шығарылды.

Қазақстан Республикасына судың келуі 8920,0 млн.м³ құрады.

2016 жылдың 5 қазанда Астана қаласында Қазақстан мен Ресей аймақаралық ынтымақтастық XIII Форумының шеңберінде екі үкіметтің арасында Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі келісімге қол қойылды.

Ынтымақтастық мынадай бағыттар бойынша жүзеге асады:

Жайық өзені бассейнінің экожүйесін жақсарту және трансшекаралық ластануын болдырмау жөніндегі бірлескен әрекеттерді және іс-шаралар жоспарын дайындау;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау саласында жаңа технологияларды қолдануға ықпал ету;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау саласында ғылыми-зерттеу ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер ынтымақтастығына ықпал ету;

Тұяқты жануарларды, суда жүзетін балық пен құстарды қоса алғанда, Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің жануарлар әлемін сақтау бойынша ұсыныстар дайындау;

Жайық трансшекаралық өзенінің алқаптық бөлігінде заңсыз орман шабу, орман зиянкестері мен аурулары және ормандардың өртенуімен күресу жөнінде ұсыныстар дайындау;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің орманды өңірін көбейту жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға ықпал ету;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі шаралар туралы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жұртшылықты хабардар ету;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін климаттың өзгеруіне бейімдеу жөнінде ұсыныстарды дайындау;

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін нүктелік көздерден, сол сияқты диффуздық көздерден, ластау жүктемесін азайту жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға ықпал ету;

Жайық трансшекаралық өзені бассейні экожүйесінің жай-күйі туралы ақпарат алмасу және Жайық трансшекаралық өзенінің бассейнінде төтенше жағдайлар туындаған кезде оның трансшекаралық әсерін жою мен азайту жөніндегі Тараптардың бірлескен шараларды қабылдау тетігін жасауы;

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы трансшекаралық су көздерін және халықаралық көлдерін пайдалану мен қорғау жөніндегі Хенлсин конвенциясын ратифицияландығын атап өтуді қажет, осылайша оның трансшекаралық су объектілері бойынша баяндалған негізгі принциптерді орындауға өздеріне міндеттемелерді алды.

13. Қоршаған ортаға шығарындыларды реттейтін жүйелі түрде инспекциялау және қадағалау жүйесін құру.

Оның бар болуын жән функцияларын көрсетіңіз.

Қазақстанның каспий маңы өңірінде қоршаған ортаға шығарындыларға/төгінділерге инспекцияны және бақылауды жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстанның Энергетика министрлігі Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Экология департаменті болып табылады. Орталық деңгейде бұл қызмет түрлерін Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетімен жүзеге асырылады.

Комитеттің негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- 1) қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу;
- 2) қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өз құзыреті шегінде жетілдіру;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу;
- 4) эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттарды беруді жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру және т.б.

Комитеттің негізгі функциялары:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 2) өз құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру ...;
- 3) ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекіту ...;
- 4) өз құзыреті шегінде лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімдерді жүзеге асыру;

14. Құзыретті ұлттық органдарынан рұқсат алған жағдайда нүктелі көздерден шығарындыларды жүзеге.

Үрдістерді анықтау үшін ілгерілеу бойынша мәліметтердә ұсыну

Қазақстанның заңнамасына сәйкес су объектілеріне ластанушы заттарды шығаруға тыйым салынады. Нормативтік таза сулардың шығарындыларына рұқсат беріледі.

Атырау облысында осындай шығарындыларды Жайық өзеніне үш кәсіпорын жүзеге асырады: «Атырау Су Арнасы» КМК және екі Атырау бекіре балық өсіретін зауыты.

Өндірістік кәсіпорындардан және коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықтардан 80% астам шығарындалар Атырау қаласында, сондай-ақ Жылыой және Индер аудандарында орналасқан булану алқабына тасылады. Облыстың барлық аудандық орталықтарында кәріз тазартқыш ғимараттар жоқ, ал қолданыстағы жүйелер тозған, ол қоршаған ортаға жағымсыз әсер етеді.

15. Ластанудың шашыраңқы көздерінен заттардың шығарындыларын реттеу әдістері.

Сіздің еліңізде қолданылатын сондай әдістерге сипаттама беріңіз.

Батыс-Қазақстан облысы су ресурстарының негізгі ластаушылары сүзгілеу алқабына және жинақтаушыға сарқынды суларды шығаратын кәсіпорындар болып табылады. Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаратын ірі су пайдаланушыларға «Орал Су Арнасы» МҚК, Ақсай коммуналдық шаруашылықтың мемлекеттік кәсіпорны, «Қарашығанақ Петролеум Оператинг Б.В.» мұнай компаниясы, «Жайықжылуэнерго» ААҚ, «Конденсат» ААҚ, «Орал» УМГ, «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ, Орал мұнай құбыры басқармасы жатады. Облыс аумағында қоршаған ортаға сарқынды сулардың шығарындыларын жүзеге асыратын 13 кәсіпорын есептеледі. Суларды ластанудың қуатты көздері сүзгілеу алқабы және «Құс» АҚ құс саңғырығының қоймасы, Желаетов, Володарка, Шолпан кенттерінің мал шаруашылығы қалдықтарының қоймасы, сондай-ақ «Аққайнат» АҚ сарқынды суларды жинақтаушы және саңғырық қоймасы, Балаған және Үлкен Шаған кенттерінің көң қоймасы болып табылады.

Атырау облысында су объектілерінің негізгі ластаушылары мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары болып табылады: «Күлсарымұнай» МГӨБ, «Жайықмұнай» МГӨБ, «Прорвамұнай» МГӨБ, «Қазақойл-Бұрғылау» СБК. Бұл өндірістік алаңдарда мұнай және бұрғылау қоқыстарының, өндірістік алаңдарда мұнай тасуының пайда болуымен түсіндіріледі. Мұнай және газ өндіру саласының өнеркәсіп қалдықтары жер қыртысына және жер асты суына ерекше қуатты техногендік әсер тигізеді. Ластаушы заттар дастанған жерлерден өзендер мен су қоймаларына жер үсті немесе жер асты ағынмен ағады. Бұл

процесс теңіз деңгейінің көтерілу және айдау құбылысының әсерін көру нәтижесінде су басуына тартылған Каспий жағасындағы жиек алқабында ерекше белсенді өтеді

Экологиялық қауіптің ірі көзі 1945 жылы салынған «Тухлая балка» Атырау қаласының сол жағалау бөлігінің булану алқабы болып табылады, онда тәулік сайын 10-15 мың.м³ сарқынды сулар шығарылады. Қазіргі уақытта тұндырғышта мұнай өнімдері, фенол, хлорид, аммоний тұздары, ауыр металлар бар қисапсыз көлемді ластанған сұйық қалдықтары жиналды. Жинақтауыштың қомақты бөлігі мұнай өнімдері қабатымен жабылған. Булану алқыбаның Жайық өзінің арнасына жақындығы, өзен жағына сулардың гидравликалық ауытқуының бары, жинақтауыш табанының гидроокшауының жоқтығы жер асты сулары арқылы Жайық өзені суларының бұл компоненттермен ластану үшін жағдай туғызады.

Маңғыстау облысында ірі ластанушылар қатарына келесі мұнай-газ өндіретін өнеркәсіптің кәсіпорындары жатады: «Өзенмұнайгаз» ААҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ, «Қаражанбасмұнай» ААҚ, «ТексакоНорсБузачи», «Майерск Ойл Казакстан Гмбл» («Арман» БК), «ҚаракұдықМұнай» БК, «Майерск Ойл Казакстан Гмбл» («Партекс» БК), «Казактүрікмұнай» ЖШС. Мұнай өндіретін кәсіпорындар қызметінің нәтижесінде 2000 га жуық жер мазутталған, 170 тыс. м³ жуық шикі мұнай жер қамбаларында орналастырылып қалады. Жер қамбасынан мұнай инфильтрациясы кезінде жер асты суларының ластануы болады және жер асты суларын босату бассейні болатын Каспийдің ластану қауіпті туады.

16. Теңіздің ластануын оның түбіндегі қызмет нәтижесінде қадағалау, азайту және болдырмау.

Сіздің еліңізде Каспий теңізінің түбіндегі қызметке алдын ала жазбаша рұқсат алуды талап ететін заңнама жасалған ба? Ал сіздердің елдеріңіз сондай заңнаманы жүзеге асыру үшін қажетті әкімшілік шараларды қаншалықты жүзеге асыруда?

Сіздердің елдеріңіз заң шығару және институционалдық құрылым және әкімшілік шараларын жасау мен жүзеге асыруды қосқанда қондырғыларды басқару мен техникалық қызмет көрсету, өңдеу, құрылыс, орналастыру, жабдықтау, таңбалау, жасанды аралды салу мен пайдалану, сондай-ақ, Каспий теңізі түбіне құбыр желісін төсеуге қатысты қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету үшін қандай қадамдарға баруда?

Сіздердің елдеріңіздегі Каспий түбіндегі консервацияланған ұңғыманың бар-жоғын және олардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылған шаралардың көрсетіңіз.

Қазақстанның заңнамасында теңізді оның түбіндегі әрекет нәтижесінен ластанудан қорғауға аса көп көңіл бөлінген.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бабында төмендегілер көрсетілген:

- топырақты қазып алумен және басқа жерге апарумен байланысты жұмыстарға арнайы рұқсат болған кезде жол беріледі;

- құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

- келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдауға және олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті;

- мұнай операцияларының барлық сатысында қоршаған ортаға эмиссия олар үшін белгіленген ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне жол берілетін шекті нормативтерінен аспауға тиіс;

- ұңғымаларды пайдалану кезінде апаттық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға тыйым салынады;

- ұңғымаларды сынау кезінде көмірсутегін алау етіп жағу барынша азайтылуға тиіс;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шегінде, ластанбаған немесе тазартылған сарқынды сулардың шектеулі тізбесін, оның ішінде салқындату және өрт сөндіру жүйесіндегі сулар мен қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ағызылатын балластық суларды қоспағанда, сарқынды суларды ағызуға және қалдықтарды тастауға тыйым салынады. Судың бақылау жақтауы шегінен тыс ағызылуы нәтижесіндегі температурасы соңғы он жыл ішіндегі ағызу кезеңіндегі орташа айлық су температурасымен салыстырғанда бес градустан жоғары аспауға тиіс;

- бұрғылау қалдықтарын оларды залалсыздандыру жөніндегі алдын ала операцияларсыз жер қойнауына айдауға тыйым салынады және ол мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаға сәйкес жүзеге асырылады;

- бекітілген жобалық құжаттарда көзделген, қыртыс қысымын сақтау арқылы мұнай беруді ұлғайтуды қамтамасыз ететін Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ілеспе

мұнай газын нормадан тыс жер қойнауына айдауға, сондай-ақ, ілеспе газды жобалық көрсеткіштен артық айдауға тыйым салынады;

- айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс;

- бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге тиіс. Бұрғылау платформаларында (баржаларда) қоқысты жағуға тыйым салынады;

- кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады;

- су тарту құрылыстары балық қорғау құрылғыларымен жарақтандырылған жағдайда ғана теңізден су тартуға жол беріледі. Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуы тиіс;

- бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген заттар қолданылмауы тиіс;

- бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мәндері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигательдерімен жарақтандырылуы қажет;

- энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын - газ) турбиналарымен жарақтандырылуы тиіс;

- су қорғау аймағында және теңіздің жағалау бойындағы тереңдігі 5-10 метрге дейінгі таяз сулы учаскелерінде ұңғымаларды бұрғылау сыртқы желілерден электр жетекті бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады. Егер бұрғылау дизельді отыны және дизельді жетегі бар генератордан бұрғылау қондырғысымен

жүргізілсе, онда мұндай қондырғылардан тазартылмаған шығарынды газдардың атмосфераға шығуы барынша төмендетілуі тиіс;

- теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеде төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастырылуы тиіс;

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 263-бабында геофизикалық жұмыстар жүргізу кезінде төмендегілерге тыйым салынады:

- сейсмикалық толқындардың жару көздерін және ихтиофауна мен олардың тіршілік ету ортасына зиянды әсер ететін параметрлері бар пневматикалық көздерді пайдалануға;

- теңізде сейсмикалық шығанақтардың бөлініп қалуы мен су ағызып кетуін болдырмау үшін оларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ, оларды су түбімен сүйретуге тыйым салынады.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 264-бабында теңізде барлау мен өндіру кезінде төмендегілер қарастырылады:

- мұнай операцияларын жүргізген кезде ұңғымаларды бұрғылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген озық принциптер мен әдістер негізінде жүзеге асырылуы тиіс;

- келісімшарттық аумақ шегінде теңіз бұрғылау платформаларын орналастыруға арналған орындар балық аулау кәсіпшілігі, балықтардың бағалы түрлерін және су кәсіпшілігінің басқа да нысандарын сақтау және өсімін молайту үшін перспективалық маңызы бар теңіз аудандарын барынша сақтау мүмкіндігі ескеріле отырып таңдалуы тиіс;

- теңізде мұз қатқан қиын жағдайларда болжанған төтенше қысыммен және күкіртсутегінің өте жоғары мөлшерімен қалың тұз астындағы өнім беретін қабатты ашуға және ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы экожүйесінің тұрақты тіршілігін қамтамасыз ету үшін теңізде барлау мен өндіруді жобалау кезінде бұрғылық негіздер салу, ұңғымаларды сынау мен кемеде жүзу барынша шектеледі;

- экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізген кезде авариялық төгілулердің алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 265-бабына сәйкес:

- мұнай-газ құбырларын салу кезінде теңіз түбі бұзылу көлемінің барынша аз болуын қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықтар қолданылуға және қалқыма заттардың су қабатында таралуын тұмшалайтын технологиялар мен әдістер пайдаланылуы тиіс;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында мұнай-газ құбырларын жылжымалы мұздардан, кемелер зәкірінен және техногендік сипаттағы басқа да сыртқы әсерден зақымданудан қорғауды қамтамасыз ететін тереңдікте тарту міндетті болып табылады;

- мұнай-газ құбырларының бойымен құбырдың шеткі сызықтарының осінен әрбір жағынан бес жүз метр қашықтықтағы, параллель жазықтықтар арасында орналасқан, су үстінен түбіне дейінгі су кеңістігінің учаскесі түрінде күзет аймағы белгіленуі тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 268-бабында төмендегілер айтылған:

- сынау аяқталғаннан кейін ұңғымалар консервацияланатын жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оны консервациялау жөніндегі жұмысты жүргізуге, жұмыс қайта басталатын кезге дейін бұрғылау негіздерінің сақталуын және ұңғымалардың берік бекітілуін қамтамасыз етуге міндетті.

- үйінді негізден (су асты бермадан немесе аралдан) бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде жер қойнауын пайдаланушы олардың берік бекітілуін және көмірсутегілермен және өзге де химиялық заттармен ықтимал ластанудан тазартуды алдын ала жүргізе отырып, жасанды негіздің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті;

- кез келген үлгідегі платформадан бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде олардың конструкциялары толық қайта бөлшектенуге және жойылуға, ал берік бекітілген ұңғымалардың шығып тұрған шеттері балық аулауға және кемеде жүзуге кедергі келтірмеуі үшін түбінен кесіп тасталуға тиіс.

Каспий теңізінің теңіз ортасының ластануы оның түбіндегі шаруашылық әрекеттің салдарынан, әсіресе, көмірсутек шикізатын өңдеу мен барлау өндірісі, сондай-ақ, батып кеткен мұнай ұңғымаларының мұнайымен теңіздің ластануы салдарынан орын алуы мүмкін.

Осы орайда Солтүстік Каспий аймағында орналасқан «Қашаған» мұнай кен орны айрықша қызығушылық тудырады.

Қашаған кен орнын игеру Қазақстандағы теңіз кен орнындағы өңдеу бойынша алғашқы ірі ауқымды жоба болып табылады. Бұл Солтүстік Каспийдегі ең ірі кен орны және әлемдегі соңғы он жылдағы аса маңызды жаңалық болып отыр. Қашаған кен орны

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі қайранды жерде орналасқан. Кен орнының солтүстік-шығыс шекарасы Атырау қаласынан 80 шақырым жерде жатыр.

Коллектор Солтүстік Каспийдің таяз бөлігінде 4500 м тереңдікте жатыр. Кен орнының құрылымы мойнақ арқылы қосылатын, шығысында ені 23 км, батысында 14 км құрайтын екі жалпақ платформалық бөліктен тұрады. Мұнайдың баланстық қоры 4,8 млрд тоннаны құрайды. Кен орнын игеру келесі жағдайларды: коллекторды үлкен тереңдікте орналастыру, жоғары қабатты қысым және күкіртті сутектің жоғары құрамы (16-20%), сондай-ақ, күзгі-қысқы уақытта мұз басу сынды жайттарды ескерсек, мұнай-газ саласының күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Қашаған кен орнын игеру бойынша жұмыстар 2003 жылы Қазақстандық «мұнай-газ ҒЗЖИ» жобалау институты жасаған және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері бойынша Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы орындаған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласынан сараптамадан өткен Қашаған кен орны нысандарын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру (ТӨИ) жобасына сай жүргізілді. 2011 жылы Қашаған кен орны нысандарын Жерүсті кешенінде тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру (ТӨИ) жобасы аясында іске қосу кешені 1,2,3 реттілікпен бөлініп түзетілсе, сондай-ақ, Теңіз кешені – технологиялық ғимараттар, іске қосу кешенін бөлу арқылы жоба жасалынды.

Қазіргі таңда Солтүстік-Каспий консорциумының теңіз кен орындарында 42 ұңғыма бұрғыланса, соның ішінде, 17-і пайдалануға жарамды (D аралында – 10, A аралында – 7), 14-і консервацияланған (Ақтоты кен орны – 2 ұңғыма, Қайраң кен орны – 2 ұңғыма, Қашаған кен орны – 10 ұңғыма), 10 ұңғыма жойылды (Қаламқас кен орны – 5 ұңғыма, Қашаған кен орны – 5 ұңғыма), 1 ұңғыма бұрғылық шламды айдауға арналған. Сондай-ақ, Қашаған кен орнының 20 ұңғымасы бұрғылау сатысында, атап айтар болсақ: ЕРС-3 аралында – 6, ЕРС-2 аралында – 7, ЕРС-4 аралында – 7 ұңғыма.

Қашаған кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру бойынша, теңіз және жерүсті кешендеріне жасанды арал тұрғызу құрылысына тартылған бас мердігерлер «NCC - Gate Иншаат», «Сайпем С.п.А.», «Монтажспецстрой», «Бонатти С.п.А.», «ЕНКА», «Консолидейтед Контрактинг Инжиниринг & Прокьюрмент», «Бейтман Казахстан», «Акер Солюшнз», «Ерсай Каспиан Контракторс» сынды ірі құрылыс компаниялары болып табылады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына жалпы алғанда теңізде мұнай операцияларын жүргізуді қадағалау бойынша Басқарманың бақылауындағы кәсіпорын болып табылған жүзден астам қазақстандық және шетелдік субмердігер компаниялары тартылды.

Қашаған кен орнындағы коммерциялық табыс 3 кезеңге бөлінген: бірінші кезеңде табыс деңгейі шамамен тәулігіне 75 000 мұнай баррелін (әрі қарай – тмб), 150 тмб дейін ұлғайып отырады. Бірінші кезеңдегі табыстың барынша көп деңгейі тәулігіне 180 000 мұнай баррелін құрайды. Екінші кезеңде 4 ұңғыманы айдауға ауыстырған соң табыс деңгейі 295 тмб дейін көбейеді.

Коллектордың түгесілу шегіне байланысты газды айдау үшін екінші компрессор мен жаңа өндіру ұңғымалары пайдалануға берілген соң табыстың тұрақты деңгейі 370 000 тмб жетеді.

Табыс көлемі 2-кезеңнің басында қосымша айдау қуаттылығын пайдалануға енгізу есебінен 450 000 тмб дейін өседі.

Мұнай мен газ жерүстілік «Болашак» МжГКДҚ жеке құбыр желісі арқылы түсіп, сол жерде мұнай мен газды тауарлық сапаға дейін дайындау жүргізіледі. Тазартылған газдың кейбір бөлігі теңіз нысандарына электр энергиясын өндіруге жөнелтілсе, өзге бөлігі жерүсті кешенінде электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылады. Тауарлық мұнай «Болашак» МжГКДҚ бірге диаметрі 600 мм экспорттық құбыр желісі арқылы тұтынушыға әрі қарай жеткізу мақсатында Атырау қаласы «ҚазТрансОйл» (ҚТО) және «Каспий құбыр желісі консорциумының» (КҚК) мұнай ауыстырып құю станцияларына түсіп отырады.

«Болашак» МжГКДҚ тауарлық газы диаметрі 600 мм ұзақтығы 95 км бірінші экспорттық газ құбыры арқылы тұтынушыға әрі қарай «Орта Азия-Орталық» (ОАО) торапты газ құбырымен жеткізілуі үшін Мақат компрессорлық станциясына түседі. Сонымен қатар, диаметрі 600 және ұзақтығы 24 км екінші экспорттық газ құбыры арқылы газ Мақат-Солтүстік Кавказ тораптық газ құбырына түседі.

«Қашаған» кен орнынан бөлек Каспий теңізінде және оның жағалауында мұнай өндіру жалғасып жатқан немесе консервацияланған мұнай ұңғымаларының саны көп бірқатар мұнай кен орындары бар.

Маңғыстау облысы аумағында Каспий айдынында 56 ұңғыма болса, теңгерімде 35 ұңғыма бар, соның ішінде:

- «Қаражанбас» кен орны «Қаражанбасмұнай» АҚ 11 ұңғымасы. Барлық 11 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданса, 11 жағылған ұңғыманың 11-і жойылған. Ұңғыма жағдайы бойынша жеті қадағалау пункттерінде мониторинг жүргізілуде.

- «Арман» кен орны «Арман» БК» ЖШС 9 ұңғыма. Барлық 9 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданбаған. 9 ұңғыманың 2 ұңғымасы жағу аймағында болса, қалған 7 ұңғыма маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта орналасқан. Ұңғыма жағдайын қадағалауды «Қазақстандық қолданбалы экология агенттігі» ЖШС жүргізеді.

- «Қаратұрын Теңіздік» кен орны «Бозашы-Мұнай» ЖШС 15 ұңғыма (6 ұңғыма және «Қаратұрын Шығыс» 9 ұңғыма). Барлық ұңғыма компания теңгеріміне қабылданған. 15 ұңғыманың 3 ұңғымасы консервацияланған, қалған 12 ұңғыма жойылған. Жағу аймағында 3 ұңғыма, ал маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта – 10 ұңғыма болса, 2 ұңғыма жағалауда орналасқан. Жағылған ұңғымаларды мониторингтік зерттеуді «Батысэкожоба» ҒЗИ» СЗ ЖШС жүргізеді.

- «Н-Оперейтинг Компани» ЖШС 14 ұңғымасы Ұлу қабыршағы теңізі құрылымы маңындағы «Н» учаскесінің аумағында. Олардың ішінде 2 ұңғыма «Қазмұнайгаз» компаниясының теңгерімінде, 12 ұңғыма теңгерімге қабылданбаса, 13 ұңғыма жойылған. Ұлу қабыршағы теңізіндегі бір ұңғыма – «Әзірбайжанға 60 жыл» ӨКЖБҚ жағу ауданындағы 4 1983 жылдан бері жойылмаған. Су сынамасы мен түбіндегі қалдықтарды өңдеу «ҚАЗЭКОТАЛДАУ» ЖШС сараптамалық зертханасында жүргізіледі.

- «Комсомольское» кен орнындағы «Ком-Мұнай» ЖШС 7 ұңғымасы. Барлық 7 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданған, бұрын жағылған бір ұңғыма құрлықта, қалған 6 ұңғыма маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта орналасқан. Мониторингті «Тандем-Эко» ЖШС жүзеге асырады.

2011-2015 жылдары Маңғысау облысын дамыту бағдарламасының деректері бойынша «Өздігінен төгілетін мұнай және гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау» 017 Бағдарламасы аясында 90-нан астам мұнай ұңғымалары жойылған.

Ұлу қабыршағы теңізі құрылымы ауданында жобалық 4500 м тереңдікте №4 барлау ұңғымасын бұрғылау үшін қондырылған 1983 жылдың 9 тамызында батып кеткен «Әзірбайжанға 60 жыл» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы (ӨКЖБҚ) туралы ерекше атап айтқан жөн.

Сүңгуірлік зерттеу нәтижелері бойынша «Әзірбайжанға 60 жыл» ӨКЖБҚ қайта жөндеуге және қалпына келтіруге жарамайтындай күрделі деңгейде бұзылған деген қорытынды жасалды. Батып кеткен нысанның қозғалғыштығымен байланысты үлкен материалдық шығындармен оны көтеріп шығару мәнсіз деп саналды. ӨКЖБҚ «Каспморнефтегазпром» ӨБ теңгерімінен шығарылып тасталды.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі жағалаулық күзет Аймақтық басқармасының 2012 жылдың 10 қыркүйегіндегі хабарламасын негізге ала отырып, Маңғыстау облысы бойынша ТЖ Департаменті 2012 жылдың 15 қыркүйегінде «Н Оперейтинг Компани» ЖШС Ұлу қабыршағы теңізі-4 ұңғымасы аймағында батып кеткен «Әзірбайжанға 60 жыл» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨКЖБҚ) қарау жүргізілді. Қарау нәтижесінде ұңғымадан 500 м арақашықтықта жел жақ тараптан және 350 м ық жақтан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС келісімшарттық аумағының Ұлу

қабыршағы теңізі-4 кен орнына атмосфералық ауаның жердегі қабатына өлшеу жүргізілді. Сондай-ақ, ұлу қабыршағы теңізі-4 аумағында химиялық құрам мен мұнай өнімдерін анықтау үшін теңіз суынан сынама алынды.

Атмосфералық ауаны өлшеу нәтижелері бойынша ұңғымадан 500 м арақашықтықта жел жақтан және ұңғымадан 350 м ық жақтан күкірт диоксиді, азот оксиді мен азот диоксиді жоқ екені анықталды. Күкіртті сутек жел жақтан – $0,0022\text{мг/м}^3$, ық жақтан – $0,0019\text{ мг/м}^3$ МШК кезінде $0,008\text{ мг/м}^3$. Мына ингредиенттерге су талдамасының нәтижесі: темір, фосфаттар, нитрит, нитрат, сульфат, хлорид, аммоний азоты, өлшенген заттар мен ОБТ МШК нормаларынан аспайды. Теңіз суы құрамында мұнай өнімдері жоқ.

Бүгінгі күні облыстағы ең маңызды экологиялық проблемалардың бірі су тасқындары және Каспий теңізінің су деңгейі көтерілуі мүмкін аймақтарындағы мұнай ұңғымалары болып табылады.

Бүгінгі күні Атырау облысында 90 апаттық мұнай және газ ұңғымалары тіркелді, оның 88-і келісімшарттық аумақта, ал екеуі мемлекеттік қорда. 88 ұңғымалардан 13-і жойылды, 61 - қауіп-қатері жоқ, 14 - жоюға жататындар, оның 5-і жер қойнауын пайдаланушының балансына қабылданбады.

Мемлекеттік қордағы 2 ұңғыманың 1 (Сарышаған Г-4) - 2015 жылы жойылды, 1 (Прорва теңізі Г-1) – ағымдағы жылы кейін оқшаулау және жою жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттарды (бұдан әрі - ЖСК) әзірлеу жұмыстары аяқталуда.

Атырау облысында өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды тексеру барысында, жоюға жататын 180 гидрогеологиялық ұңғымалар анықталды, олардың 123-і қараусыз.

Өздігінен төгілетін ұңғымалар Саркаска, Жаңасүй, Шолқар, Бали, Сарыбұлақ, Тұлу, Үшқан, Мұнайлы, Биікжал, Тұғаракша тоғайлы сай-салалардың бойында орналасқан. Ұңғымалардың тереңдігі 400-600 м, ал Янасу мен Тугаракшана аудандарында 800 м-ге дейін жетеді. Өздігінен төгілетін ұңғыманың шығымы 1,0 - 10 л / с құрайды.

2017 жылдың 12 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде Вице-министр Т. Тоқтабаевтың төрағалық еткен қаржы министрлігінің, ұлттық экономиканың және Атырау облысының әкімдігінің өкілдерінің қатысуымен Атырау облысының аумағында қараусыз қалған өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою туралы мәселені шешу үшін отырыс өтті.

Отырыстың қорытындысы бойынша келесі шешім қабылданды: Инвестициялар және даму министрлігі Қаржы министрлігіне 60 шаруасыз гидрогеологиялық ұңғымаларды жою үшін ЖСК әзірлеуге 2018 жылдың республикалық бюджетті айқындау

кезінде соммасы 31 млн.тг бюджеттік өтінімін ұсынады, ал олардың жою жұмыстары 2019-2021 жылдардың аралығында жоспарлануда.

17. Кемелерден ластануды болдырмау, төмендету және бақылау

Қазақстанның экологиялық заңнамасында кемелерден ластанудан сақтауға көп көңіл бөлінген. Жекелей алғанда, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бапта келесілер айтылған:

- тасымалдау көлік құралдары теңіз сүтқоректілеріне, балықтар мен құстарға әсерін болдырмау немесе азайту үшін таңдалынуы тиіс;

- таяз суларда жұмыс жүргізу үшін жоғары өнімді түптік топтасу мен уылдырық шашудың сақталуын қамтамасыз ететін көлік құралдары пайдаланылуы тиіс. Қажет болған жағдайда, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу кезінде топырақ-өсімдік жамылғысының тұтастығын және сол жердегі биоценоздарды барынша аз бұзатын жалпақ шынжыртабанды, қысымы төмен шиналармен, ауа жастықшаларымен жүретін арнаулы көлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 264-бабында кеме қатынауға болатын акваторийде мұз қабаты болған жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңің ұдайы бірге болуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 267-бабында Солтүстік Каспийдің қорықтық аймағында төмендегілер айтылған:

- Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға тыйым салынады;

- су көлігімен орын ауыстырудың барлық түрлері жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы құрамында табыс етілуге тиіс. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі белгіленуге және ол картографиялық материалдарда көрсетілуге тиіс. Орын ауыстыру бағыттары таңдалған кезде, мұз қату жағдайларын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ, балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық

шашу және өріс аудару кезеңдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуге тиіс;

- барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жаракталған болуға тиіс;

- Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуға тиіс;

- кемелердің, басқа да жүзуші құралдардың, теңіз бұрғылау қондырғылары мен платформаларының корпустары қазіргі заманғы сертификатталған коррозияға қарсы материалдармен жабылуға тиіс;

- теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағармай материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуге тиіс;

- кемелерден шығатын шу мен діріл санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларда, гигиеналық нормативтерде белгіленген шудың жол берілетін шекті деңгейінен аспауға тиіс;

- арнаулы мақсаттағы кемелердің құрылыс жабдықтары шу мен діріл деңгейін азайтуға арналған құралдармен жабдықталуға тиіс;

- көмірсутегілерді және өзге де қауіпті заттарды танкермен тасымалдау үшін Каспий теңізі акваториясында тек қана қосарлы корпусы танкерлерді пайдалануға көшуді қамтамасыз етуге тиіс;

- кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағуына жол бермейтін жабдықпен жаракталуға тиіс;

- кемеңіз жүзу режимі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша белгіленеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның Каспий теңізіндегі жағалаулық көліктік инфрақұрылымы жұмыс істеп тұрған екі теңіз портынан – Ақтау мен Баутинодан тұрады.

Сонымен бірге, Ақтау порты жүктерді экспорттық-импорттық және транзиттік хабарламада ауыстырып тиеуге әсер етті. Баутино порты теңіз мұнай операцияларының қолдау базасы ретінде мамандандырылған.

Жыл сайын теңіз порттары арқылы асып кететін жүктің негізгі тізімдемесін мұнай, металл, астық, паромды және өзге де жүктер құрайды.

Су көлігіндегі қауіпсіздік деңгейін жоғарылату үшін ХТҰ қабылданған конвенция талаптарына сай теңіз көлігінде бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету шаралары қабылданады. Жекелей алғанда, навигациялық қауіпсіздікті күшейту, соның ішінде, Құрық порты мен Орал-Каспий каналында кеме қозғалысын басқарудың қосымша жүйесін қондыру есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы 1994 жылдан бастап Халықаралық теңіз ұйымына (бұдан әрі – ХТҰ) Кемелерден ластануды болдырмау бойынша Халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – MARPOL конвенциясы) мүшесі болып табылады. ХТҰ ынтымақтастық Кемелерден ластануды болдырмау бойынша Халықаралық конвенцияның ережелерін орындау арқылы жүзеге асады.

MARPOL конвенциясының талаптарын орындау үшін 2017 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне мұнай, қауіпті заттар мен олардың құрамындағы су, қоқыс пен пластмассаларды кемелерден шығаруға тыйым салу туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде екі қабатты танкерлерді пайдалану қажеттілігі туралы өзгерістер енгізілді.

Сондай-ақ, «Көлік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының шеберінде Инвестициялар министрлігінің құзыретін құру туралы мәселесі бойынша «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» заңға кемелерден ластануын болдырмау үшін ережелерді бекіту бойынша, Қазақстан Республикасының аумақтық суларды ластануға әкелген немесе осындай ластану жағдайын тудырған кемеде капитанның Теңіз әкімшілігіне жағдайды хабарлау бойынша міндеттері туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларында анықталған ластанулар туралы өзгертулер енгізілуде.

Халықаралық шарттарды жасаудың ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес теңіз ортасын ластануды болдырмауға, теңізде жүзу қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ ҚР аумақтық суларын кемелердің жанармай және мұнаймен ластанғанда жауапкершілік режимін бекітуге 1978 жылы өзгеріс енгізілген 1973 жылғы кемелердің ластануын болдырмау бойынша халықаралық конвенциядағы өзгерістер туралы 1997 жылғы хаттамасының, 2001 жылы бункерлік отыннан ластанудан болған зиянға азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенциясының және 1969 жылы мұнайдан ластанудан болған зиянға азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенцияға 1992 жылғы хаттамасының ратификациялау жұмыстар жүргізулуде.

ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 247 бұйрығымен теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі суларында қауіпті мұнай төгінділерін жоюдың әдістемесін қолдану ережелері бекітілді.

Ережелер мұнайдың төгілуіне қарсы әрекет ету әдістерін және қоршаған ортаны қорғаудың жалпы пайдасын (тәуекелді бағалау) талдау негізінде қолдануға болатын жағдайларды реттейді.

Ережелерде 3 әдіс көрсетілген:

- 1) су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда);
- 2) мұнай дағын бақылап жағу;
- 3) химиялық құралдарды қолдану.

Ереже мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға, теңізде және мұнай төгілу қаупімен байланысты ішкі суларында жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жоюға арналған ресурстары бар ұйымдарға, теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі суларында авариялық мұнай төгілуінің зардаптарын жою кезінде қатысатын уәкілетті органдарға және жергілікті атқарушы органдарға жайылады.

18. Олардың туы астындағы кемелердің жылжуынан және олардың аумағында тіркелген әуе кемелерінен туындаған ластануды болдырмау, азайту және бақылау.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің талаптарына сай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туын көтеріп жүзгенде ластанған су мен тұрмыстық қоқысты жинау сыйымдылығымен және кеме палубасын мұнай өнімдерімен ластануға дол бермейтін, су қоймасына ластанған ағын судың өтуінен қорғайтын құрылғымен жабдықталған.

Алайда кеме арқылы теңіз суының ластануының ықтимал себептерінің бірі мұнайды тиеу үшін айлаққа танкер жақындағанда ондағы ластанған баластылық су ығысқанда орын алуы мүмкін. Ластану сондай-ақ, мұнай дәне баластылық бөлік арасындағы құрылымның (жарылу, саңылау және т.б.) тозуы салдарынан болуы ғажап емес.

Қазақстан Республикасы екінші тарап болып табылатын МАРПОЛ 73/78 кемелерінің ластануын алдын алу халықаралық конвенциясы шеңберінде, Ақтау теңіз порты жыл сайын кемелерге, танкер флоттарына қызмет көрсетеді. Ақтау теңіз порты тамақ қалдықтарын, кемелерден өнеркәсіптік қалдықтарды алу қызметтерін ұсынады,

сондай-ақ ағынды сулар үшін 300,0 м3, ағынды сулар үшін 100,0 м3 болатын білге су жинаушы «Бұлақ» арнайы кемесі арқылы ағынды суларды және білге суларды қабылдауды жүзеге асырады.

2016 жылы 260 кеме өңделіп, 1370,83 м3 сұйық қалдықтар және 14,5598 тонна қатты қалдықтар. Ақтау теңіз порты өзінің жеке тазарту қондырғылары жоқ және барлық алынған қалдықтар жасалған келісім-шарттар негізінде мамандандырылған ұйымдарға жіберіледі.

19. Мұнай және химия өнеркәсібі қондырғыларын, сондай-ақ, ескірген жағалаулық қондырғылар мен қоймаларды пайдаланудан бөлінетін және жағылатын қауіп бар Каспий теңізі жағалауындағы мұнаймен ластанған жерді қорғау (НИЗД бойынша хаттама, 9-бап).

Каспий теңізі жағалауының мұнаймен ластануына қатысты деректер теңіз түбіндегі қызмет туралы 19-тармақта жарияланған.

20. Жерді мелиорациялау мен топырақты алу мен бөгет құрылысы жұмыстарынан туындаған ластануды болдырмау, азайту және бақылау.

Табиғи жағдайларға байланысты суармалы егіншілік Қазақстанның Каспий маңындағы облыстарында жоқ деп айтуға болады. Мелиорациядан туындаған жердің ластану қаупі аталмыш аймақ үшін өзекті мәселе болып табылмайды. Бөгет құрылысына қатысты сұрақтар 36-тармақта келтірілген.

21. Каспий теңізіне қоныс аударған инвазивті түрді енгізуді болдырмау, бақылау және онымен күресу. Бөгде түрдің интродукциясын реттеу, жағымсыз әсер етуі мүмкін түрлерін енгізуге тыйым салу (биоәртүрлілік бойынша Хаттама, 6-бап).

Каспий теңізіне инвазивті түрлер балластылық сулар арқылы енеді. Соңғы онжылдықта Каспий теңізіне Қара теңізден мнемнопсис гребневик дейтін медузаның кіріп кетуі қауіп төндіріп, бекіре балық түрлерінің жемдік қорының төмендеуіне әкеліп соқты. Аталмыш проблема Ресей мен Иранда зерттелді. Қазақстанда бұл мәселе бойынша арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ.

22. Бүкіл бөтен түрлердің жағдайын зерттеу және бөтен түрлер бойынша сәйкесінше аймақтық әрекет жоспарын жүзеге асыру (биоәртүрлілік бойынша Хаттаманың 6-бабы).

Қазақстан БҰҰ биологиялық әртүрлілік туралы Конвенциясының тарабы болып табылады, оның 8 (h)-бабында мүше-мемлекеттер «интродукцияны болдырмауға міндетті, -кожүйе, мекен ету ортасы немесе түрлерге қауіп төндіретін бөтен түрлерді бақылауға немесе жоюға тиісті» деп айтылған.

Құлдыраған құмды массивтегі өсімдік жабынын қалпына келтіру жұмыстары осы елдімекендерге жақын жерлерде жыл сайын 2004 жылдан бастап аумағы 200 га артық жерде жүргізілуде. Көшпелі құммен күрес үшін облыста сондай-ақ, «Жасыл Әлем» МКК мамандандырылған кәсіпорны Маңғыстау облысы әкімінің 2008 жылғы 9 шілдедегі №513 қаулысын негізге ала отырып құрылды. 1-кестеде жылдар бойынша өсімдік жабынын қалпына келтіру аумақтары көрсетілген.

1-кесте


Маңғыстау облысындағы қалпына келтірілген өсімдік жабындары бар

Жер аумақтары

Құм, га	2012 ж. (га)	2013 ж. (га)	2014 ж.(га)	2015 ж.(га)
«Түйесу»	100	100	100	100

«Бостанқұм»	100	100	100	100
«Қызылқұм»	103,5	130	144,5	234,5
Тұщықұдық ауылы				
Барлығы:	303,5	330	344,5	434,5

Шөлге айналған елдімекендерге жақын жерлердің өсімдік жабындарын қалпына келтіру жұмыстарының нәтижесі 3-5-суреттерде көрсетілген.



3-сурет. Сенек ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2004 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 1020 га болатын өсімдік отырғызылған).



4-сурет. Ұштаға ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2007 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 1030 га болатын өсімдік отырғызылған).



5-сурет. Тұшықұдық ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2011 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 640 га болатын өсімдік отырғызылған).

Шөлге айналумен күрес жұмыстарына жеке сектор да қатысады. «ТШО жаңалықтары» деректері бойынша №02(212) 2015 2014 жылы «Тенгизшевройл» БК (ТШО) Атырау облысы Жылыой ауданының жасылдануына Құлсары қаласында екі саябақ пен Жаңа Қаратон және Қосшағыл елдімекендерінде 2000-нан артық көшет отырғызу арқылы үлес қосты.

Қазақстанның Каспий маңы аймақтарында облыстық мәслихат қаулысына сәйкес Каспий теңізі жағалауын бойлау су сақтау аймақтары бекітілді.

Қазақстанның Экологиялық кодексіндегі 258-бапқа сәйкес Каспий теңізі жағалауындағы су сақтау аймақтарының ені теңіз деңгейін ортаңғы-көпжылдық деңгейі шамасынан 2000 метрге тең деп саналып, соңғы онжылдықтағыдан 27,0 метр минусқа тең. Елдімекендердің су сақтайтын аймақ шекарасы шеңберінде су нысанын ластау мен кірлетуді қоспағанда, жағалаулық аймақтың міндетті орманды суландыру немесе инженерлік орнығуын жоспарлау мен салудың нақты жағдайы арқылы бекітіледі (қалқан, үйме жалдау, орман бұтасы алқабы).

Су сақтау аймағы шеңберінде тыйым салынады:

1) су нысандары мен олардың су сақтайтын аймақ пен алқаптарды ластау мен кірлетудің алдын алатын ғимараттар және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қайта құрастырылған және жаңа нысандарды жобалау, салу мен пайдалануға беру;

2) елдімекендерден алыста мұнай өнімдерін сақтау қоймаларын, арнайы техниканың техникалық қызмет көрсету орындарын, механикалық шеберханалар, жуғыш, қалдықтарды тастайтын орын, сондай-ақ, су сапасына жағымсыз әсер ететін өзге де нысандарды орналастыру мен құрылыс;

3) құрылыс, түбін тереңдеткіш және жарылғыш жұмыстарды өндіру, пайдалы қазбаларды өндіру, шоғырсым, құбыр желісін және өзге де коммуникация құралдарын төсеу, бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарды бұл жұмыстар қоршаған ортаны қорғау мен су қорын пайдалану және сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген жағдайды қоспағанда.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 260-бабына сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі жағалаулық суды қорғау аудандарының ауқымы тұрғындардың суды пайдаланатын орындарында соңғы онжылдықтағы теңіздің орташа көпжылдық деңгейінен 3,9 шақырымнан кем емес (2 миль) болуы тиіс.

Экологиялық кодекстің 266-бабына сәйкес:

- жағалаудағы базаларды, оның ішінде, жанар-жағармай материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдарды пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген су қорғау аймағында объектілер салуға және жұмыстар орындауға жол беріледі;

- жарақтандыру айлақтары мен базаларының аудандары, жарақтандыру, техникалық қызмет ету мен май құю жөніндегі операциялар қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен халық денсаулығын қамтамасыз ететін барлық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылатындай етіп жоспарлануы тиіс;

- жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерді рекультивациялау жүргізілуі тиіс.

37. Каспий теңізі деңгейінің ауытқуы (Тегеран конвенциясының 16-бабы).

Қазақстанның ҰГМҚ төрт теңіз гидрометеорологиялық бекетінде: Пешна, Кулалы, Арал, Форт-Шевченко, Ақтау және алты теңіз гидрометеорологиялық бекеттерінде: Жанбай, Иглолинский Банк, Фетисово, Құрық, Саура және Песчанья жағалауларындағы теңіз деңгейін бақылайды.

2005 жылдан бастап, Каспий теңізі фондық деңгейі төмендеп келеді. Теңіз деңгейіндегі құлау 2005 жылдан 2016 жылға дейін 108 см болатын, және бұл белгі минус 28,0 м жақындаған. Солтүстік-шығыс Каспий деңгейдегі тербеліс диапазоны (М Пешной мәліметі бойынша) 2017 жылда, минус 28,62 метрден минус 27,12 метрге дейін орналасқан. Деңгейі төмендеу нәтижесінде су бетінің ауданы азайды, негізінен солтүстік-

шығыс таяз бөлігінің арқасында. Спутниктік суреттерді талдауы теңіз жағалау сызығы осы бөлігінде 20-дан астам км қайтқанын көрсетеді.

38. Каспий теңізі деңгейінің ауытқу салдарын жұмсарту мақсатында қажетті ғылыми зерттеулерді жүргізу.

Елде Каспий теңізі деңгейлік режимін бақылауды түзу үшін орташа мерзімді және ұзақ мерзімді қандай ғылыми зерттеу жүргізіліп жатқанын көрсетіңіз.

Сіздердің елдеріңізде жағалаулық аймақтарды басқару мен аумақтық жоспарлауда теңіз деңгейінің тұрақсыздығына жағалаулық аймақтардың осалдығы ескеріле ме?

Сіздің еліңіздегі табиғатты қорғау заңнамасында Каспий деңгейлік режимінің ерекшелігін есепке алумен байланысты сұрақтар келтірілген бе, көрсетіңіз.

Каспий деңгейінің ауытқуы салдарынан сіздің еліңіздегі жағалаулық аймақтарды басқаруда қандай орын алуы мүмкін жағдайлар ескерілуде?

Каспий теңізінің деңгейі құрлықшілік су қоймасы ретінде айтарлықтай ауытқулармен бетпе-бет келіп тұр. Каспий теңізі деңгейіне көпжылдық маусымдық және қысқа мерзімді (айдау-ағызу) өзгерістер тән.

Теңіз деңгейінің айдау-желқума ауытқуы жел мен атмосфералық қысым әсерінен теңіз деңгейінің маусымдық емес қысқа мерзімді өзгерістерінен тұрады. Осы әрекет салдарынан теңіздің беткейлік қабатында су массасының орын ауыстыруын тудыратын толқын орын алып, жағалаудағы теңіз деңгейінің қысқа мерзімді ауытқуына әкеліп соғады. Ауқымды таяз су, түбінің және құрлықтың кіші еңісі, жағалау шекарасының конфигурациясы, желдің қатты соғуы Солтүстік Каспийде су деңгейінің айдау-желқума ауытқуына жағымды жағдай жасайды. Каспий маңы жағалаулық аймағында теңіз деңгейінің айдау-желқума ауытқуы салдарынан гидрологиялық-морфологиялық, гидрохимиялық және экологиялық процестердің айтарлықтай өзгерісі орын алады.

Каспий теңізі деңгейінің жоғары деңгейінде желқума құбылыс қазақстандық жағалаудың бұрын су баспаған бөліктерін көп мөлшерде су басып, шаруашылық нысандарына, тұрғындар мен аймақ экологиясына үлкен шығын әкеледі. Желқума кезінде Солтүстік Каспий теңізі деңгейінің түсуі 2,5 м жетуі мүмкін. Бұл су жинау жұмыстарының, порттық айлақ пен кеме жүзетін теңіз каналдарының таяздануына, уылдырық шашатын орны мен бағалы кәсіпшілік балықтарды айдайтын аумақтың қысқаруына (бірінші кезекте, бекіре балықтарының), жағалаулық аумақтың ландшафтық құрылымының өзгеруіне, жағалаулық аудандардың шөлге айналуына әкеліп соғады.

Желқума кезінде жағалауды бойлап жатқан ауқымды таяз су, сондай-ақ, Оралдың сағалық кайраны құрғап, нәтижесінде байланған су қоймасы мен шалшықтағы балықтар өліп, аулауға арналған жарақтар құрғап, балық кәсібі тоқтайды. Теңіздің жағалаудан барынша алыс ашық бөлігінде айтарлықтай толқын кезінде кемелер өтетін жағдай нашарлап, олар жүк тиемей өтуге мәжбүр болады. Толқын маңғышлақ шегіндегі асуды шектейді. Келтірілген залал дауылдық желқуманың (толқын) болатынын алдын ала ескерту (болжау) салдарынан айтарлықтай аз болуы мүмкін.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 261-бабына сәйкес тыйым салынады:

1) су нысандарының және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге;

2) мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, техникаларға техникалық қызмет көрсету пункттерін, механикалық шеберханаларды, жуу орындарын елді мекендер шегінен тысқары жерде орналастыруға және салуға, қалдықтарды орналастыру орындарын ұйымдастыру мен жайластыруға, сондай-ақ судың сапасына теріс әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

3) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалары болмаса, құрылыс, түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кабельдер, құбырлар мен басқа да коммуникациялар тартуға және бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарға тыйым салынады.

Экологиялық кодекстің 265-бабына сәйкес мұнай-газ құбырлары мен оларды теңіз деңгейінің ауытқу-желқума ауытқуы әсері аймағындағы нысандарында алып жүретін жобалау мен салу кезінде олардың барынша көп амплитудаларын есепке алу арқылы жүргізілуі тиіс.

Каспий теңізінің деңгейінің жай-күйінің жай-күйін бақылау және оның ауытқуын болжау үшін Каспий теңізінің деңгейін және осы аудандағы ағын суларын болжау үшін автоматтандырылған әдіс әр сағат ішінде 120 сағатқа дейін, соның ішінде ояту құбылыстарымен бірге қолданылады.

Кіріс туралы мәліметтер ретінде, Қазақстанның теңіз стансаларындағы ақпарат және Еуропалық Орташа Орташа райы болжамдарының ақпараты жыл сайын жаңартылатын лицензиялық келісімге сәйкес пайдаланылады. Деңгейдің деңгейін есептеу үшін, Еуропалық Орташа Орташа райы болжамы (ECMWF) (Біріккен Корольдік) Еуропалық Орталығынан 0,25 0 аралығындағы тор аралығымен сандық болжау

пайдаланылады. Санитарлық болжамдар Қазгидрометке арнайы ftp-арнасы арқылы түседі. Болжаудың сапасын жақсарту үшін су балансының элементтері мен мұз құбылыстарының өрісі есептеу үлгісіне енгізіледі. Негізгі модуль қазақстандық мамандар Каспий теңізінің жағдайына бейімделген MIKE-21 Дат модулі.

«Қазгидромет» РМК Каспийдің әртүрлі өңірлеріне болжам жасайды. Қазгидрометтің теңіз деңгейінің ауытқуын болжау үшін әзірлеген жүйесі тапсырыс берушінің көрсеткен кез-келген нүктесінде болжамдық ақпаратты беруге мүмкіндік береді.

Теңіз деңгейінің өзгеру болжамы «Қазгидромет» РМК электрондық бюллетенде электронды және баспа түрінде, ал ішінара ақпарат сайтында орналастырылған.

Шуақты ескертулер аса қауіпті желшегерме-желкөтерме жағдайлардың пайда болу қаупі туындаған жағдайда беріледі. Қажет болса, жел электр токтарының мамандандырылған болжамдары да жасалады. Каспий теңізіндегі апта сайынғы бюллетень шығарылады.

Толқынды жағдайды болжау Орташа Каспий өңірлері үшін өте маңызды. Бұл мәселені шешу үшін толқындық болжаудың статистикалық әдісі жасалды, оның негізінде толқындық болжамдар жасалды. Толқындардың болжамын жақсарту үшін «Қазгидромет» РМК мамандары SWAN-ның Каспий теңізінің жағдайына толқынды спектрлік моделін бейімдеді. Каспий теңізін қамтитын тұрақты және жүйеленген триангуляциялық торлар, сондай-ақ Каспий теңізінің батиметриялық моделі жасалды. Енгізу параметрлері ретінде Еуропалық Орташа Орташа райы болжамдарын желдің өріс деректері $0,25^\circ$ -дан $0,25^\circ$ -қа дейінгі торлар аралығымен пайдаланылады. Салыстыру нәтижелері жақсы конвергенцияны көрсетті, және қазіргі модель жедел болжау тәжірибесіне енгізілуде.

Каспий теңізі маусымдық мұз жамылғысы бар теңіздерге тиесілі болғандықтан, мұз режимін зерттеу және Каспий теңізіндегі мұз жағдайын бақылау жүргіземіз. Қыс мезгілінде қазақстандық станциялар мен бекеттерден тәулігіне 2 рет алынған мәліметтер негізінде және ғарыштық бейнелерді талдау негізінде құрастырылған мұз шарттарына шолу жүргізіледі. Жыл сайын Ұлттық баяндамаға енгізілген су беті мен мұз жағдайының жай-күйіне талдау жасалады.

39. Каспий теңізінің теңіз ортасына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін кез келген жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау шараларын қолдану.

Өзге де келіскен тараптар арасында қоршаған ортаға әсерін бағалау нәтижесін тарату.

ҚОӘБ шараларының бастапқы сатысынан бастап, жоспарланған қызметтің ҚОӘБ шараларында қоғамның тиімді қатысуын қамтамасыз ету (Хаттама, 4.4-бап).

Трансшекаралық контексте ҚОӘБ қосқанда, сіздің еліңізде жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүзеге асыру үшін заңнаманың бар-жоғын көрсетіңіз.

Каспийдің теңіздік және жағалаулық ортасына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін жобалардың қанша көлемі ҚОӘБ шарасынан өтті? Сіздің еліңіздегі Каспий маңы аймағындағы қызмет жобасы үшін трансшекаралық контексте есептік кезеңде жүргізілген ҚОӘБ шараларының, ал бірінші есеп үшін – Конвенцияның күшіне енген сәттен бастап жүргізілген шараларының нәтижесін қысқаша баяндаңыз.

Қазақстан заңнамасында қоршаған ортаға әсер етуді бағалау сұрақтарына (ҚОӘБ) көп көңіл бөлінеді.

Сонымен, Қазақстанның Экологиялық кодексіндегі 36-бапта қоршаған орта мен тұрғындардың денсаулығына тікелей және жанама әсер етуі мүмкін шаруашылықтың және өзге де қызметтің кез келген түрлеріне ҚОӘБ міндетті болып табылатыны айтылған. Осы орайда қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет жобаларын оған әсерін бағаламай жасау мен жүзеге асыруға тыйым салынады. ҚОӘБ нәтижелері жоспаралды, жоспарлы, жобаалдылық және жобалық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады. ҚОӘБ жобаланған нысандардың келешегі бар қызметі жатады. Тапсырыс беруші (бастамашы) мен жобаны жасаушы қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалау нәтижесін есепке алуға және қоршаған орта мен адам денсаулығына барынша аз залал келтіретін нұсқаны қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы шаруашылықтық және өзге де қызметті жүзеге асырғанда жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бабында төмендегілер айтылады:

- теңізде барлау жүргізудің алдында, қоршаған ортаға әсерді толық көлемінде бағалауды қоса алғанда, жұмыс жобасы әлемдік тәжірибе ескеріле отырып әзірленуге тиіс. Көзделіп отырған шаруашылық қызмет жүргізілетін, бұрын зерделенген ауданның қазіргі жай-күйін талдау қоршаған ортаға әсерді бағалау табыс етілгенге дейін кемінде төрт жыл бұрын жүргізілген далалық зерттеу нәтижелеріне негізделуі тиіс;

- қоршаған ортаға әсерді бағалау кезінде, теңіз акваторий мен жағалау аймақтарының айрықша осал учаскелерінде барлау жүргізуден бас тартуды қоса алғанда, балама нұсқаларды талдау міндетті элемент болып табылады.

Солтүстік Каспий қорықтық аймағына қатысты Экологиялық кодекстің 268-бабында мыналар айтылған:

- пайдаланудан шығарылған қазба үйінділері аралдарын жою туралы шешім, жою жөніндегі жұмыстардың қоршаған ортаға әсеріне жүргізілген бағалаудың негізінде қабылдануға тиіс;

- су басып қалған және батып кеткен ескі ұңғымаларды консервациялау мен жою қоршаған ортаға әсерді бағалаудан тұратын жобалар бойынша орындалуы тиіс.

ҚОӘБ жобаларын дайындау үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігі есебінен бөлінген қаражат арқылы қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша әдістемелік нұсқау жасалынды.

Қазақстанда жүзеге асыруға жоспарланған барлық жобалар, соның ішінде Каспий аймағында ҚОӘБ рәсімдері міндетті болып табылады.

Мысалы, 2016 жылы «НКОК» жобасы бойынша «Қашаған кен орнының пилоттық дамуына арналған нысандарды дамыту жобасы». Теңіз кешені. Технологиялық қондырғылар. Жобаны іске қосу кешендерін таңдау арқылы түзету. Қосымша. ҚОӘБ» мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы алынды.

Қашаған кең орны Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің шельф аймағында Атырау қаласынан оңтүстікке қарай 80 км қашықтықта орналасқан.

Қашаған кенішіндегі жұмыстар 18.11.1997 ж. Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлісу туралы Келісім бойынша өзгерістер мен толықтырулармен жүзеге асырылады.

Шикі мұнайды және шикі газды жердегі УКПНГ-ға тасымалдау үшін D аралында жедел-технологиялық кешенінен (ЭТК-1) 96 км ұзындығы екі бөлек мұнай-газ құбырлары салынды. Мұнай мен газды түпкілікті дайындау УКПНГ -да жүзеге асырылады.

ҚК пайдалану байланысты жұмыстар Атырау облысының маңында орналасқан су айдынында орналасады және материалдық-техникалық жабдықтау базалар Атырау және Маңғыстау облыстарының аумағында орналасқан.

ҚК зауыттарындағы технологиялық үдерістер бөлуге және кептіруге, сондай-ақ шикі газды кері айдауына шектелген. Теңіз қондырғыларынан көмірсутекті шикізаттың қалған бөлігі құбырлар арқылы жер үсті комплексіне (УКПНиГ) жіберіледі.

Эксперименттік-өнеркәсіптік даму кезеңінің (ЭӨД) теңіз кешені (ТК) құрамына келесі технологиялық қондырғылар кіреді:

- D аралағы (ЭТК-1 жедел-технологиялық кешені);
- Аралдар А, ЕРС2, ЕРС3, ЕРС4;
- аралдар арасындағы байланыс құбырлары мен байланыс.

А, ЕРС2, ЕРС3, ЕРС4 аралдарының өндіріс ұңғымалары өндіріс құбырлары арқылы D аралына түседі. Алдын-ала мұнай дайындау үшін барлық технологиялық қондырғылар тек D аралылында орналасқан.

Мұнай мен газды дайындау технологиясы ЭӨД кезеңінде ТК-де мұнай мен газды өндіру, жинау және ішінара газсыздандыру (бастапқы дайындау), сондай-ақ УКПНиГ жағалаудағы мұнайдың әрі қарай кешенді дайындау, газды бастапқы өңдеуді және дайындауды қарастырады.

Осы ҚОӘБ-да қоршаған ортаға тигізетін әсері ЭӨД кезеңі үшін бұрын қабылданған өндіру деңгейлерін ескере отырып қарастырылады:

- 1 кезең. Іске қосу кешені 1 (ІК 1) - тәулігіне 180 мың баррель мұнай;
- 2 кезең. Іске қосу кешені 2 (ІК 2) – тәулігіне 295 мың баррель мұнай;
- 3 кезең. Іске қосу кешені 3 (ІК 2) – тәулігіне 370 мың баррель мұнай.

Аталмыш іске қосу кешендерінің ұзақтығы өзгерді және пилоттық жобаларды іске асыру мерзімі үш жылдан бес жылға дейін өсті, бұл өз кезегінде далалық ауқымды дамуы үшін қолданылатын даму жүйесін қолданудың негізділігін негіздеу үшін нақты өндірістік және инъекциялық деректерді және бірқатар басқа да маңызды мәселелерді қамтамасыз етеді (Қашаған кенішіндегі ЭӨД жобасының 2016 жылғы 1 сәуірдегі бойынша қосымшасында қарастырылған., 2016 жылғы 28 сәуірдегі МЭӘҚ № KZ41VCY00068798).

2016 жылға дейін «Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру үшін объектілерді дамыту жобасы» жобасының шешімдеріне өзгерістер енгізілгенін ескере отырып. Теңіз кешені. Технологиялық қондырғылар. Жобаны іске қосу кешендерін таңдау арқылы түзету. Қосымшасы (2016) тек технологиялық көрсеткіштерге және, тиісінше, ТК технологиялық жабдықтардың жұмысына қатысты болады, осылайша қабылданған өзгерістер ТК-нің келісілген ҚОӘБ-де 2013 жылы қойылған әсерді бағалаудың негізгі нәтижелеріне әсер етпейді. Өткен кезеңде қоршаған ортаға эмиссиялар көлемін, өндіріске енгізілген мөлшерлемелерді және ТК-дегі ілеспе мұнай газын қайта өңдеу көлемдерін ескере отырып, бұрын ұсынылған есептеулерді түзету қажет болды. Осы өзгерістердің нәтижелері осы жобада талқыланады.

ҚОӘБ мыналарға баға берілген:

- Атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары;
- суды тұтыну және суды бұру;
- қалдықтар, оларды қалыптастыру, жинақтау және жою;
- жер қойнауына және жер асты суларына әсер;
- теңіз ортасына әсер ету.

Кәдімгі операциялар кезінде қоршаған ортаға анықталған әсердің көпшілігі төмен және орташа мәнге ие болады деп күтілуде.

Жобада маңыздылығы жоғары жұмыстардың белгілі бір түрлерімен ғана қамтамасыз етілетіндігі анықталды. Маңыздылықтың әсері тек төгілген топырақтың

түбінде толығымен көміліп жатқан түбіндегі шөгінділерде, зообентос және су өсімдігіндегі қоқыстарда және тереңдікте жұмыс істеу кезінде ғана қамтамасыз етіледі.

Табиғи орталардың бір компоненті үшін әртүрлі көздердің әртүрлі әсерлері болады, демек, әсердің түпкілікті маңыздылығын анықтау үшін белгілі бір экологиялық компонент үшін маңызы бар бағалауды қолданған. Табиғи ортаның нақты компоненттері үшін алынған нәтиже мәндерінің сараптамасын талдау жоспарланған (тұрақты) қызметпен нәтиженің маңызы жоғары мәнге ие болмайды деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоспарланған қызметтің күтілетін әсерлері экожүйелердің қайтымсыз өзгеруіне әкелмейді.

Сондай-ақ, құрылыс жұмыстары кезінде төтенше жағдайлар туындауы мүмкін талданып, төтенше жағдайлардың туындау ықтималдығы және олардың әсері бағаланады.

Табиғи ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және қоршаған ортаға антропогендік әсерді барынша азайту мақсатында жобамен қоршаған ортаға компоненттеріне теріс әсерін азайтуға бағытталған техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін қарастырылған. ҚОӘБ жобасында өнеркәсіптік экологиялық мониторингті ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Техникалық және технологиялық шешімдердің жоспарланған орындары, ұйымдық және экологиялық шаралар кешені экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, құрылыс жұмыстарының қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсерін азайтады.

40. Траншекаралық контексте ҚОӘБ бойынша Тегеран конвенциясының жобалық хаттамасында қарастырылған шараларды орындау барысын сипаттаңыз:

Қазіргі таңда трансшекаралық контексттегі Тегеран конвенциясына Хаттама жобасы Каспий маңы мемлекеттерімен келісілмеген және қол қойылмаған. Осыған байланысты, ол бойынша шараларды орындау барысын сипаттап беру мүмкін емес.

Қазақстан БҰҰ ЕЭК Конвенциясының Тарапы болып табылатындықтан трансшекаралық контексте ҚОӘБ (Эспоо Конвенциясы) бойынша ондай бағалауды жүргізу қажет болған жағдайда Қазақстан Эспоо Конвенциясын басшылыққа алады.

41. Каспий теңізін құрлықтағы жүзеге асырылған әрекет нәтижесінде жерүстінен ластанудан қорғау мониторингі (Тегеран конвенциясының 19-бабы, Биоәртүрлілікті сақтау бойынша Хаттама жобасы (9-бап, 2.b-тармағы) және Хаттама жобасы, 13-бап, 1.c және 2-тармағы).

42. Каспий теңізінің теңіз ортасы күйін мониторингілеудің жеке және/немесе бірлескен сәйкес бағдарламаларын құру және жүзеге асыру.

Сіздің еліңізде теңіз ортасы күйін мониторингілеудің жеке/бірлескен бағдарламаларын құру үшін заңнамалық және институттық база бар ма? Егер болса, ластаушы заттардың тізімі мен параметрін қоса отырып, оны қысқаша сипаттаңыз.

Сіздің еліңіздегі заңнама теңіз ортасы ластануының мониторингін мемлекеттік билік қызметінің бірі ретінде жүргізуді қарастыра ма? Сіздің еліңізде теңіз ортасы күйін мониторингілеудің ұлттық бағдарламасы бар ма? Егер болса, мониторингілеу ауданы, сынама жинаудың мерзімділігі мен бақыланатын ластаушы заттардың тізімін қосқанда, оның қысқаша сипаттамасын келтіріңіз.

Су нысандарын мемлекеттік мониторингілеу қоршаған орта мен табиғи ресурстарды мемлекеттік мониторингілеу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы су қорын құрайтын барлық су нысандарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы 15-тармағына сәйкес, 2007 жылдың 9 қаңтарынан бастап қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған орта күйін мемлекеттік мониторингілеу мен мониторингтің арнайы жеке түрлерін ұйымдастырады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақты қоршаған ортасына мониторинг жүргізу қажеттігі ҚР Экологиялық кодексінің 269-бабында көрсетіліп, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік экологиялық мониторингілеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады делінген. Осы бапта шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар арқылы теңіздің осы бөлігіне қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүргізу бекітілген.

Экологиялық кодекстің 128-бабына сәйкес арнайы табиғатты пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өндірістік экологиялық бақылауды жүргізуге міндетті. ҚР Экологиялық кодексінің 129-бабына сәйкес Өндірістік экологиялық қадағалау құрамдық бөлігі өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасы болып табылатын өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында жүргізіледі.

Өндірістік мониторинг бағдарламасы қоршаған ортаға жүргізіледі деп күтілген жұмыстар әсерін бағалау негізінде жасалады. Ол қоршаған ортаны қорғау саласының уәкілетті органы, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы арқылы келісіліп, табиғатты қолданушы бекітеді.

Қоршаған ортаны өндірістік мониторингілеу Қазақстан Республикасы техникалық реттеу туралы заңнамасымен бекітілген аккредитацияланған тәртіпте өндірістік немесе тәуелсіз зертханалар арқылы жүзеге асырылады.

Су ресурстарын мониторингілеудің нормативті негізін құрайтын негізгі құжаттардың бірі Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесі болып саналады. Ереже ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы №85 қаулысымен бекітілген. Олар Қазақстанның су нысандарына, Каспийдің қазақстандық бөлігін қоса алғанда, мемлекеттік мониторингілеу жүргізу тәртібін анықтайды. Сынама жинау кешендік зерттеулерді жүргізу мен қарқынды антропогенді әсердегі аудандарда табиғи орта ластануын бағалау Әдістемелік нұсқамасына сай жүргізіледі.

Каспий теңіз ортасын мониторингілеудің мемлекеттік жүйесі қоршаған ортаны қорғау саласының уәкілетті органдары арқылы ғана құрылып, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сай арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылатынын мүмкіндігін айта кеткен маңызды.

Жеке сектор қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бағдарламаға сай келісімшарттық аумақ/айдын шекарасындағы әсерді өндірістік бақылау мен мониторингілеуді құрамдасы ретінде қоршаған ортаны мониторингілеу жүйесін жетілдіруі және дамытуы мүмкін. Жеке компаниялар мониторингілеудің Бірыңғай мемлекеттік жүйесінің оның ақпараттық қамтамасыз етуге қатысты субъектілері бола алады. Бұл аталмыш өндірістік мониторингілеуді ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы (139-бап) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі мен деректер банкіне жеткізуге немесе ерікті түрде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ведомствоастылық уәкілетті орган (161-бап) ұйымы базасында құрылған экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорына беруге болады. Бұл жағдайда деректерді беру форматы мен шаралары жеке келісілуі тиіс.

Қазақстанда өз күшіндегі заңнамаға сәйкес Каспий теңізі қазақстандық секторының теңіз ортасының ластануын бақылауды жүзеге асыратын жекеменшік әр түрлі ұйымдастыру құрылымдарының бірқатары бар.

Каспий теңізінің теңіз ортасының жағдайын қадағалау орындарының орналасуы мониторингті жүзеге асырған ұйымдардың алдына қойылған міндеттерге байланысты болып табылады.

Мысалы, ҚР Энергетика министрлігі Атырау облысы бойынша Экология департаментінің зертханаларында бақылау орындары Каспий теңізінің шығыс бөлігінде Батыс Тәжіғали мен Прибрежное кен орны жағылған мұнай ұңғымаларына жақын жерде,

сондай-ақ, NCOC (Норт Каспиан Оперейтинг Компани) компаниясының аралдан 500 м арақашықтықтағы жасанды аралдары маңында орналасқан. Энергетика министрлігі Атырау облысы бойынша Экология департаментінің бақылау орындары Ақтау қаласына жақын жерде теңізге ағын су Маңғыстау энергокомбинат маңында орналасқан.

Атырау және Маңғыстау облысы Экология департаментімен салыстырғанда, Қазгидрометтің су сынамасын жинау және түбіндегі шөгінділер орны репрезентативті бақылау принципі мен ұзақ уақытқа және тұрақты негізде бақылау жүргізу қажеттілігін есепке ала отырып бекітілген.

Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен «Қазгидромет» РМК жүзеге асырылатын «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында қоршаған ортаға мемлекеттік мониторинг жүргізуге атмосфералық ауа сынамасын, кен орындары ауданындағы топырақ пен теңіз суы мен түбіндегі қалдықтардың сынамасын жинау кіреді. Ауаны, су мен түбіндегі шөгінділерді талдау Атырау мен Маңғыстау облыстарында орналасқан екі аккредитацияланған химиялық-сараптамалық зертханалары арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Солтүстік және Орта Каспий айдынынан теңіз суы мен түбіндегі шөгінді сынамасын алу «Табиғат» кемесі арқылы жүзеге асырылады.

Атмосфералық ауа күйін мониторингілеу төмендегі 7 кен орындарындағы экспедициялық зерттеулер көмегімен жүргізіледі:

- Атырау облысындағы 5 кен орнында: Жанбай, Забурунье, Мақат, Қосшағыл, Доссор (мамыр, маусым, тамыз, қыркүйек). 6 құрамбөліктері анықталады: 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) көміртек оксиді, 4) азот диоксиді, 5) аммиак, 6) күкіртсутек;

- Маңғыстау облысындағы 2 кен орнында: Дунга, Жетібай (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан). 8 құрамбөліктері анықталады: : 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) ерігіш сульфаттар, 4) көміртек оксиді, 5) азот диоксиді, 6) аммиак, 7) күкірт қышқылы, 8) жиынтық көмірсутектер.

Сондай-ақ, атмосфералық ауа жағдайын бақылау «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 1 орында күн сайын демалыс және мереке күндерінен басқа барлық күні жергілікті уақыт бойынша 07 және 13 сағатта жүргізіледі. 8 ластағыш заттар анықталады: 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) ерігіш сульфаттар, 4) көміртек оксиді, 5) азот диоксиді, 6) амиак, 7) күкірт қышқылы, 8) жиынтық көмірсутектер.

Маңғыстау облысы бойынша «Қазгидромет» МРК бөлімшесінде 3 жағалаулық станцияларда (Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас), 2 кен орнында (Қаражанбас, Арман) 28 көрсеткіш (3-кесте) бойынша теңіз суы сапасын бақылау мамыр, маусым, тамыз, қазан мен қарашада; «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жағалауындағы бөгет айдынында, Құрық кенті ауданы, Орта және Оңтүстік Каспийдің шекаралық аумағында (Адамтас маягы) наурыз

бен қазанда; «Ақтау теңіз порты» Арнайы экономикалық аймағы (АЭА) айдынындағы 4 бақылау нүктелерінде қадағалау ай сайын жүргізіледі.

Маңғыстау облысы бойынша «Қазгидромет» МРК бөлімшесі Солтүстік және Орта Каспий айдынында «Табиғат» кемесінің көмегімен 3 жағалаулық станцияларда (теңіз кеме жүретін каналы, Жайық өзені теңіз кемері, Тенгиз кен орны), Атырау облысы ғасырлық тілігінің 2 станциясында (Шалығи-Құлалы шығанағы аралы, «А» және «В» қосымша тіліктері), Маңғыстау облысы ғасырлық тілігінің 3 станциясында (Кендірлі, Дивичи, Песчаный-Дербент, Маңғышлақ-Чечень), Қаламқас, Дархан, Құрманғазы, жағылған ұңғыма ауданында, Құлалы аралы ауданында (46 нүкте) теңіз суы күйі анықтау үшін сынама алу жүзеге асырылады.

Теңіз суының сапасы Солтүстік Каспийдегі теңіз суы мен түбіндегі шөгінділер сынамасын жинау кезеңіне қарай – жылына 6 ай (мамырдан қазанға дейін), Орта Каспийде – жылына 4 ай (мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек) 45 көрсеткіш бойынша (4-кесте) анықталады.

3-кесте

Маңғыстау облысы бойынша «Ақтау теңіз порт» АЭА қосқанда су сапасының анықталған көрсеткіштер тізімі

№	Анықталған параметрлер тізімі		
1	Су температурасы	15	Минералдану
2	Сутекті көрсеткіш	16	Карбонаттар
3	Салмақтанған заттар	17	Жалпы темір
4	Құрғақ қалдық	18	Фенолдар
5	Еріген оттегі	19	Мұнай өнімдері
6	Сульфаттар	20	Кальций
7	БПК ₅	21	Магний
8	Аммонийтұзды	22	Қорғаныс
9	Нитритті азот	23	Мыс
10	Нитратты азот	24	Никель
11	Азот жиынтығы	25	Мырыш
12	Фосфаттар	26	Хром (6+)
13	Анион беткейлік белсенді заттар	27	Марганец
14	ХПК	28	Хлоридтер

Атырау облысы бойынша су сапасының анықталған көрсеткіштерінің тізімі

№	Анықталған параметрлер тізімі		
1	Температура	24	Жалпы фосфор
2	Лайлылығы	25	Жалпы темір
3	Сілтілік	26	Кремний
4	Сутектік көрсеткіш	27	Ұшқыш фенолдар
5	Салыстырмалы электр өткізгіштік	28	Натрий
6	Салмақтанған заттар	29	Калий
7	Құрғақ қалдық	30	Мұнай өнімдері
8	Қышқылды химиялық тұтыну	31	Анион беткейлі белсенді заттар
9	Қаттылық	32	Қорғасын
10	Еріген оттегі	33	Мыс
11	% оттегімен қанығу	34	Мырыш
12	Хлоридтер	35	Жалпы хром
13	Сульфаттар	36	Хром (6+)
14	Гидрокарбонаттар	37	Хром (3+)
15	Кальций	38	Фторидтер
16	Магний	39	Бор
17	Минералдану	40	Сынап
18	БПК ₅	41	Кобальт
19	Тұзды аммоний	42	Никель
20	Нитритті азот	43	Марганец
21	Нитратты азот	44	Күкіртсутек
22	Азот жиынтығы	45	Кадмий
23	Фосфаттар		

Топырақтың жағдайы мониторингі:

Атырау облысында 5 кең орында (Жанбай, Забурунье, Макат, Косшагыл, Доссор), жылына екі рет (көктемде және күзде). 6 көрсеткіштер анықталады: 1) мұнай мөлшері, 2) мыс, 3) кадмий, 4) қорғасын, 5) мырыш, 6) хром (6+);

Маңғыстау облысында 4 кең орында (Маңғыстау облысында Дунга, Жетыбай, Каражанбас, Арман) және «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 10 орында, жылына екі рет (көктемде және күзде). 7 көрсеткіштер анықталады: 1) мұнай мөлшері, 2) мыс, 3) кадмий, 4) қорғасын, 5) мырыш, 6) хром (6+), 7) марганец.

Каспий теңізі түбіндегі шөгінділерді мониторингілеу жылына 2 рет жүргізіледі (көктемде және күзде):

- 3 жағалаулық станцияда (теңіз кеме жүретін канал – 2 нүкте, Жайық өзені теңіз кемері – 5 нүкте, Тенгиз кен орны – 5 нүкте) және Атырау облысы ғасырлық тілігінің 2 станциясында (Шалығи-Құлалы шығанағы аралында – 7 нүкте, «А» және «В» қосымша тіліктері – 9 нүкте), Маңғыстау облысы ғасырлық тілігінің 3 станциясында (Кендірлі-Дивичи – 3 нүкте, Песчаный-Дербент – 3 нүкте, Маңғышлақ-Чечень – 3 нүкте), Қаламқас, Дархан, Құрманғазы, жағылған ұңғыма ауданында (3 нүкте), Құлалы аралы ауданында (3 нүкте).

- Маңғыстау облысы бойынша 3 жағалаулық станцияда (Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас) және 2 кен орнында (Қаражанбас, Арман), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жағалауындағы бөгет айдынында – 3 нүкте, Құрық кенті ауданында – 3 нүкте, Орта және Оңтүстік Каспий шекаралық аумағында – 3 нүкте (Адамтас маягы).

- «Ақтау теңіз порты» АЭА айдыны маңындағы 10 бақылау нүктелерінде.

Мұнай өнімдері, мыс, хром (6+), никель, марганец, қорғасын, мырыш құрамы анықталады.

Экспозициялық мөлшер қуаттылығын (ЭМК) өлшеуге радиобелсенді ластануды бақылау гамма-сәулелену Маңғыстау облысындағы Қошқар Ата улы көлінде жүргізіледі. Ай сайын экспозициялық мөлшер қуаттылығын аспаптық өлшеу үшін гамма-сәулелену дозиметрлермен жүргізіледі.

«Қазгидромет» РМК қоршаған ортаның ластануы анықталған жағдайларда қоршаған ортаның жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ) мен экстремалды-жоғары ластануы (ЭЖЛ) туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне тиісті шараларды қодану үшін жеткізеді.

Экологиялық ақпараттың жалпы қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін маусым сайын Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағындағы қоршаған ортаның күйі туралы ақпараттық бюллетень шығарылып, министрлік және «Қазгидромет» РМК сайттарында орналастырылады.

Қоршаған орта жағдайына бақылау жүргізгенде «Қазгидромет» РМК келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

Атмосфералық ауа күйі бойынша:

1. БҚ 52.04.186-89 Атмосфераның ластануын бақылау бойынша нұсқаулық.
2. МЕМСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елдімекендердегі ауа сапасын бақылау ережелері;

Құрлық бетінде су мен теңіз күйі бойынша:

Құрлық бетінде су мен теңіз күйі бойынша:

1. Балық шаруашылығы су қоймалары үшін судың зиянды заттарының мүмкін шектік концентрациясының (МШК) жинақталған тізімі, Мәскеу 1990 ж. (ҚР ҚОҚМ нормативтік құқықтық актілер тізілімін құру туралы 27.10.2006 жылғы № 324-п Бұйрық);

2. Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткейлік судың сапасын кешенді бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Астана 2012;

3. МЕМСТ 17.1.1.02-77 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су нысандарын жіктеу;

4. МЕМСТ 17.1.3.07-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су қоймалары мен су ағысы сапасын бақылау ережелері;

5. МЕМСТ 17.1.3.08-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Теңіз суы сапасын бақылау ережелері;

6. МЕМСТ 17.1.5.05-85. Табиғатты қорғау Гидросфера. Беткейлік және теңіз суларының, мұз бен атмосфералық қалдықтардың сынамасын жинауға жалпы талаптар;

7. МЕМСТ 17.1.5.01-80 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Ластануға талдау жасау үшін су нысанарының түбінде жиналған шөгінділерден сынама алуға қойылатын жалпы талаптар.

Топырақтардың жағдайын мониторингі:

1. МЕМСТ 17.4.3.01-83. Табиғатты қорғау. Топырақтар. Үлгілерді алуға жалпы талаптар.

2. БҚ 52.18.269-90. Басшылыққа алынатын құжат. Әдістемелік нұсқау. Атомды сіңіру талдаумен топырақ үлгілеріндегі металдардың (мыс, қорғасын, мырыш, никель, кадмий, кобальт, хром, марганец) мобильді нысандарының массалық үлесін өлшеу әдісі.

3. «Зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдердің және топырақтың ластануына әкелетін басқа да биологиялық заттардың рұқсат етілген шоғырлануының нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы №99 және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 27 қаңтардағы №21-п бірлескен бұйрығы.

Радиациялық мониторинг:

1. Гидрометеорологиялық беккестер мен стансаларға нұсқау. 12 шығу " Қоршаған ортаның радиоактивті ластануын бақылау ".

2. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық стандарттары (2015 жылғы 27 ақпандағы №155).

43 – 47. Ғылыми зерттеулер мен дайындаулар (Тегеран конвенциясының 20-бабы).

Қазақстанда жыл сайын Каспий теңізі мен оның жағалауларын қорғауға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары көптеп жүргізіледі.

Мысалы, республикалық бюджет есебінен келесі зерттеулерге қаржы бөлінді:

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұзды жағдайды бағалау. Жұмыс 2011-2012 жылдары «ҚазЭКҒЗИ» РМК арқылы жүргізілді;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қоршаған орта жағдайына аэрокосмостық мониторинг жүргізу. Жұмысты 2007 жылы «КАЗГЕОКОСМОС» АҚ орындады;

- Каспий маңының солтүстік-шығыс бөлігіндегі заманауи экологиялық ахуалды Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі салдарынан, сондай-ақ, көмірсутек шикізаты кен орындарын қарқынды өңдеумен байланысты орын алған процестерді қосқанда, бағалау мен зерттеу». Жұмысты 2007 жылы «ҚазЭКҒЗИ» РМК қолға алды;

- «Қазақстанның Каспий маңы аймағын экологиялық аймақтандыру». Жұмысты 2007-2009 жылдары «География институты» ЖШС орындады;

- Қазақстанның жеті экожүйе аймағын Орал-Каспий тұрақты даму аймағын негізге ала отырып құруға ғылыми дәлелдемелер». Жұмысты 2009 жылы «Денсаулық сақтау мен экожобалау орталығы» ЖШС орындады;

- Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі биологиялық ресурс жағдайын бағалау бойынша кешенді теңіз зерттеулерін жүргізу. Жұмысты 2007-2011 жылдар аралығында Қазақстандық қолданбалы экология агенттігі жүргізді;

- Каспий теңізі мен жағалаулық бөлігінде (қазақстандық сектор) жағдайды мониторингілеудің интеграцияланған жүйесін құруға ғылыми дәйектер. Жұмыс 2011-2012 жылдары «Еуразиялық су орталығы» АҚ арқылы орындалды;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұзды жағдайды бағалау (2011-2012 жылдарға қорытынды есеп). Жұмысты «Қазгидромет» РМК 2011-2012 жылдары орындады.

Соңғы келтірілген ғылыми жұмыстарды мысалға алсақ, нәтижесінде Каспий теңізіндегі мұз жағдайына апта сайын шолу жасалады екен. Мұзды кезең аяқталған соң

дереу бакылау материалдарын негізге ала отырып әр теңіз гидрометеорологиялық станциясында жыл сайын Каспий теңізі мұз режімінің негізгі сипаттамасының жиынтық кестесі құрастырылып, ол «Каспий теңізі суы режімінің жыл сайынғы деректері. Қазақстандық жағалауда» жарияланады:

Каспий теңізі мұз режімінің негізгі элементтері туралы деректер.

Атырау және Маңғыстау облысының әкімдіктері сондай-ақ, Каспий теңізі мен оның жағалаулық аймағына ғылыми зерттеу жүргізуге қаражат бөледі. Осылайша, ағымдағы жылы облыстық бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік-экономикалық дамуы мен облыстың экологиялық жағдайын, табиғи-ресурстық әлеуетін геокеңістіктік бағалау бойынша Атырау облысының үш томдық Атласы дайындалып, жарық көрді. Маңғыстау облыстық әкімдігі қаражаты есебінен 2007-ден 2010 жылдар аралығында «Каспий теңізі шельфі мен жағалаулық аймағында аэроғарыштық қашықтықтық барлауды қолдану арқылы мемлекеттік экологиялық мониторинг» жұмыстары орындалды.

Аймақты ғылыми зерттеу жұмыстары өнеркәсіп қаржысы есебінен де жүргізіледі. 2015 жылы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Атырау қаласына жақын орналасқан «Тухлая балка» булану өрісінің экологиялық күйін зерттеуді қолға алды.

Қазіргі уақытта Маңғыстау облысының облыстық бюджеті есебінен Каспий теңізі мен оның жағалауларын қорғауға байланысты келесі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде:

- Каспий теңізінің жағалау аймағына Маңғыстау облысының теңіз порттары мен мұнай кен орындарының техногенді әсерін бағалау;
- Маңғыстау облысындағы Каспий маңы ойпатының (буындарының) әлеуетін зерттеу, Артемиа қорларын анықтау, оны өндіру мүмкіндігі және балық аулауды және сертификаттауды ұтымды басқару бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- «Қошқар-Ата» су қоймасының іргелес аумақтардың тұрғындар денсаулығына әсерін экологиялық және генетикалық бағалау.

48. Ақпаратпен алмасу және оған қол жеткізу (Тегеран конвенциясының 21-бабы, Каспий теңізін жерүсті мен құрлықта жүзеге асырылған қызмет салдарынан ластанудан қорғау бойынша Хаттама жобасы (14 және 15-бап), Биологиялық әртүрлілікті сақтау бойынша Хаттама жобасы (17 және 18-бап), Траншекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау Хаттамасы мен мұнаймен ластануды тудыратын жағдайлар орын алғанда аймақтық дайындық, әрекет ету мен әріптестік туралы Хаттама (6-бап).

49. Сіздің еліңіздің заңнамасы қоршаған орта туралы ақпаратқа қоғамның еркін қолжетімділігі қағидатын қарастыра ма?

Қоғамның қоршаған орта туралы ақпаратқа қолжетімділігі саясаты (қағидаттары) бар ма?

<i>Жоқ</i>	
<i>Жоқ, заңнама дайындалудың алғашқы сатысында</i>	
<i>Жоқ, алайда заңнама жасалудың жетілген сатысында</i>	
<i>Иә, заңнама бар (нақтырақ төменде мәлімет беріңіз)</i>	<i>Иә</i>

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 160-бабына сәйкес мемлекеттік органдар олардың құзыретіне сай ғаламторда орналастыру құралымен және өзге де жалпыға қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы экологиялық ақпараттың келесі түрлерін таратады:

- қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндамаларды;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың жобалары мен мәтіндерін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты құжаттардың жобалары мен мәтіндерін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау-инспекциялық және құқық қолдану қызметінің нәтижелері жөніндегі есептерді;
- электрондық үкіметтің қоршаған ортаны қорғау саласындағы базалық қызметтерінің тізбесіне жатқызылған ақпаратты.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 163-бабына сәйкес ақпарат Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда баршаға қолжетімді болып табылады. Жалпыға қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жеке деректер мен мәліметтерге қол жеткізу олар туралы жеке және заңды тұлғалардан сұрау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, арнайы баспада, ғаламтор арқылы, сондай-ақ, жалпыға қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдармен тарату арқылы жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпараттың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарды еркін алуға құқылы (ҚР Экологиялық кодексінің 164-бабы).

Мемлекеттік органдар, сондай-ақ, лауазымды тұлғалар экологиялық ақпараттарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың талаптарын орындауға міндетті. Экологиялық ақпаратты ұсынғаны үшін көшіру, іздеу мен ақпаратты дайындауға кеткен нақты шығыннан аспайтын төлем алынады.

Жеке және заңды тұлғаларға экологиялық ақпарат ұсынғанда ҚР Экологиялық кодексінің 167-бабында келтірілген негіздерге байланысты бас тартылуы мүмкін.

Сіздің еліңізде қоғамның ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге сәйкес институционалдық құрылым (a) немесе механизмдер (b) бар ма?

	<i>(a) институционалдық құрылымдар</i>	<i>b) механизмдер</i>
<i>Жоқ</i>		
<i>Жоқ, заңнама дайындалудың алғашқы сатысында</i>		
<i>Жоқ, алайда заңнама жасалудың жетілген сатысында</i>		
<i>Иә, заңнама бар (нақтырақ төменде мәлімет беріңіз)</i>		<i>Иә</i>

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы Конвенцияны ҚР 2000 жылғы 23 қазандағы №92-ІІ Заңымен бекітті (Орхусс конвенциясы).

Конвенция мемлекеттік органдарға бүкіл негізге алынатын қағидаттар аясында қоғам құқығын жүзеге асыруды қолдау мен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер қатарын ұсынады. Конвенцияны орындаудағы уәкілетті мемлекеттік орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы уәкілетті органы болып табылады. Қазіргі таңда бұл – ҚР Энергетика министрлігі.

Орхусс конвенциясын жүзеге асыру мақсатында 2009 жылдың 20 наурызында Қазақстанда ҚР Энергетика министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдамалық орталығы» РМК базасында келесі қызметтерге Орхусс орталығы құрылып, жұмыс істеуде.

Қазақстанның Каспий маңы аймағында 2009 жылдың 21 қыркүйегінде Атырау қаласында Жайық-Каспийлік Орхусс орталығы құрылды. Орталық сол уақыттағы ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Атырау облысы әкімдігі, Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы мен Қазақстан ҮЕҰ Экофорумы арасындағы меморандум негізінде құрылды.

Орталықты құру мақсаты Жайық-Каспий бассейні аумағындағы қоршаған ортаның сұрақтарын шешуге әсер ету болып саналады.

Одан бөлек, ҚР Су кодексінің 43-бабына сәйкес 2007 жылы су ресурстарын қорғау мен пайдалану саласында консультациялық-кеңестік орган болып табылатын Жайық-Каспий бассейні кеңесі құрылды.

Бассейн кеңесі облыстың екі жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының жетекшісінен, мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының жетекшілері мен суды қолданушылар өкілінен тұрады. Бассейн кеңесі құрамына сонымен қатар, қоғамдық ұйым мен олардың ассоциациясы өкілдері кіреді.

Бассейн кеңесі су қорын пайдалану мен сақтау, сумен қамтамасыз ету мен су ағысы саласындағы өзекті мәселелерді қарастырып, бассейндік келісім қатысушылары үшін ұсыныстар мен нұсқамалар енгізеді.

Бассейн кеңесі отырысында облыстық және республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары шақырылады.

50. Сіздің еліңіздегі елдегі қоршаған орта жағдайы туралы тұрақты баяндама басылуы жүзеге асырыла ма? Егер иә болса, кезеңділігін көрсетіңіз.

Қазақстанда тұрақты түрде (жыл сайын) республикадағы қоршаған орта жағдайы туралы Ұлтты баяндама жарыққа шығады. Ұлттық баяндама мәтіндері ҚР Энергетика министрлігінің сайтында орналастырылған.

Алайда оны дайындау мен басып шығару заң тұрғысынан әлі бекітілмеген. Қазіргі таңда ҚР Энергетика министрлігі елдің қоршаған орта жағдайы туралы Ұлттық баяндаманы жасау мен жарыққа шығаруды қарастыратын Қазақстанның Экологиялық кодексіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды жасауда.

3-БӨЛІМ. Жалпы тұжырымдар мен нұсқамалар

51. Аталмыш бөлімде Тараптарға Каспийдің теңіз ортасын ластанудан, соның ішінде, оның биологиялық әртүрлілігін сақтау, қорғау, қалпына келтіру, тұрақты және дұрыс пайдалануды қоса алғанда қызмет тиімділігін арттыру бойынша елдегі Конвенцияны жүзеге асыруға әсер ете ме, соған жалпы баға беру ұсынылады.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы шекті конвенция сөзсіз Каспийдің қоршаған ортасын қорғау тиімділігін арттыруға әсер етеді. Каспий теңізі трансшекаралық су қоймасы болып табылатындықтан, әр Каспий маңы мемлекеттерінің күші теңіздің тұрақтылығы мен экологиялық жағдайының жақсаруын қамтамасыз ете алмайды. Бүкіл Каспий маңы мемлекеттерінің бірігуі мен әрекеттерін ұйымдастыруы қажет.

52. Конвенцияны жүзеге асыруды әрі қарай белсендіру үшін ұлттық деңгейде қабылдануы тиіс шара/әрекетті тізу арқылы өз ұсынысыңызды білдіріңіз.

Қазақстанда Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау шаралары кешені қабылданғанына қарамастан, оның экологиялық жағдайын жақсартып, биологиялық ресурстың, әсіресе, бекіре балықтарының саны мен әр түрлілігін қалпына келтіру үшін әлі көп нәрсе жасау қажет. Жекелей алғанда, келесі шараларды орындау керек:

- 1) Каспий теңізінің экологиялық сыйымдылығын анықтап, Каспий теңізі шельфінде мұнай операцияларының барлық түрін жүргізу бойынша уақыттық шектеу қою;
- 2) Каспий теңізінің қазақстандық секторының жағдайының толыққанды мемлекеттік экологиялық мониторингін ұйымдастыру;
- 3) теңіздегі биологиялық ресурсқа кеме жүргізу қарқындылығын есепке ала отырып, барынша көп мүмкін жүктемелерді бекіту;
- 4) мұнай құятын кеме қозғалысының қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыру;
- 5) шырақта флюидтер жағуды, соның ішінде, оны мұнай ұңғымасында жасауға толықтай тыйым салу.

Мемлекеттік мониторингті ұйымдастыру кезінде келесі міндетті талаптарды сақтау қажет:

- 1) Бақылау орындарында теңіз ортасының жағдайын анықтау (3 немесе 5 жыл арақашықтықпен жасауға болады);

2) Әрбір есеп беру кезеңінде бақыланатын көрсеткіштер бойынша алынған деректерге талдау жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелеріне көз жеткізу және бүкіл зертханалық зерттеулер негізінде Каспий теңізі жағдайы туралы жиынтық талдамалы есеп дайындау;

3) Мердігер ұйым қажет болған жағдайда (мемлекеттік мониторингті жүзеге асыратын) мемлекеттік экологиялық қадағалау қызметімен бірге теңіз айдыны сапасының нашарлауы бойынша бар материалдармен танысып, олардың мүмкін себептерін анықтау.

14. Шешім Тегеран конвенциясына барлауы бойынша хаттаманың формасындағы КОМБ үшін заңға сүйенген шеңберлерді өңдеуді орындылықтарды қарап шығуға қабылдайды, және секретариат тиісті процесстер көмектесіп қызмет көрсетуге (уақытша) сұратады;

15. Тезаурус ретінде мәліметтер және мәлімет, бағытталған және жиюлы Тегеран конвенциясының іске асыруының контексттерінде және оған хаттамалары, және өтініші бар секретариатқа экологиялық мәліметтің виртуалды Каспий орталығы (КЭМО) туралы құжат TC/COP4/8 көрсетілген мәліметтерді құттықтайды мүдделі тараптар тағы басқалар қатысуда ЮНЕП, ЖЭҚ, ЕҚ қолдауға оның толық жұмыс жасауларымен үйлестіріп қамтамасыз етуге айналады, соның ішінде мұнай және газды өнеркәсіптің өкілдері;

16. ТС/СОР4/9дың құжатында берілген формадағы 2013-2014 жылдарына жұмыстың бағдарламасы және Тегеран конвенциясының бюджетін қабылдайды

17.Тегеран конвенциясының бюджетіне егденің (\$72 000 АҚШ доллары - әрбір тараптың жарнасы) 360 000 АҚШ доллары сомасын жарна ретінде қамтамасыз етуге коллективті жалғастыруға бел байласады;

18. Тегеран конвенциясының ұлттық бюджетке жарналарының үлкеюін орындылық және мүмкіндік және өтініші бар секретариаттарға қарап шығуға бітімге келді каспий маңындағы мемлекеттердің бір аумағына секретариаттың орын ауыстыруын есепке алуы бар жарнаның қосымша үлкеюдің дәйектемелерін 2014 жылдан бастай дайындауға айналады;

19. БҰҰ ДБ/ЖЭҚ Каспэконың жобасының табысты аяқтауы, және өтініші бар секретариаттарға құттықтайды тиісті қолдану және оның нәтижелерінің кірігуін Тегеран конвенциясының іске асыруы және оған хаттамаларында қамтамасыз етуді сұрайды және Тегеран конвенциясының іске асыруы және оған хаттамалары үшін елдерге қарайласуға ЖЭҚ шақырады;

20. Осы сессияға мұнай-газ өнеркәсіп және жүк тасымалдаудың салаларының өкілдерінің қатысуын атап өтеді және оларларды Тегеран конвенциясының және оған хаттамаларын іске асыруы қостауға шақырады;

21. Басқа халықаралық ұйымдардың, жеке алғанда ЖЭҚ, БҰҰ ДБ, ЮНЕП, Еуропалық Одақ және ХТҰ және донорлар үлестерін атап өтеді, қарап шығып, Тегеран конвенциясының жағдайларының іске асыруының өз екі жақты және көп жақты негізге және оған хаттамаларына қолдауын жалғастыруды немесе күшейтуге шақырады;

22. Тегеран конвенциясының тараптарының конференцияның төртінші сессиясын ұйымдастырғаны үшін Ресей Федерациясының Үкіметіне алғысын білдіреді;

23. Түрікменстан Үкіметінің Тегеран конвенциясының тараптарының конференциясының бесінші сессияларын 2014 жылы қабылдау ұсынысын алғыспен қабылдайды.

Ә-ҚОСЫМШАСЫ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ЖЕР ҮСТІ КӨЗДЕРІНЕН ЖӘНЕ ҚҰРЛЫҚТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІНДЕ ЛАСТАНУДАН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА

Kіріспе

Каспий маңы мемлекеттері:

Әзербайжан Республикасы,
Иран Ислам Республикасы,
Қазақстан Республикасы,
Ресей Федерациясы,
Түрікменстан,

бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталады,

2003 жылғы 4 қарашада Тегеранда, Иран Ислам Республикасы, жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясының Тараптары бола отырып, бұдан әрі Конвенция деп аталады,

Конвенцияны және атап айтқанда, оның 7-бабы мен 11-бабын 1-тармағын орындау шешіміне бекініп,

2008 жылғы 12 қарашада Тегеранда, Иран Ислам Республикасы, қабылданған Каспий теңізі үшін конвенцияның Стратегиялық іс-қимыл бағдарламасын назарға ала отырып,

Каспий теңізінің планетадағы ірі ішкі су қоймасы ретінде экологиялық және гидрологиялық сипаттамаларының бірегейлігін мойындай отырып,

даму процесінің ажырамас бөлігі ретінде Каспий теңізінің теңіз ортасын және жағалау маңы аудандарын қорғау мен сақтауды және оның табиғи ресурстарын орнықты

пайдалануды қамтамасыз етуге ниеттене отырып, бұл ретте қазіргі және келешек ұрпақтың қажеттіліктерін әділетті негізде қанағаттандыра отырып,

жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудың теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарға, биологиялық ресурстар мен адам денсаулығына елеулі қатерін түсіне отырып,

атап айтқанда, теңіз деңгейінің ауытқуынан туындайтын экологиялық проблемаларды назарға ала отырып,

1995 жылғы 3 қарашада Вашингтонда, Колумбия округі, қабылданған Теңіз ортасын құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі жаһандық іс-қимыл бағдарламасының Каспий маңы мемлекеттері үшін маңыздылығын атап өте отырып,

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

1-бап. Хаттама мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің экологиялық таза теңіз болуына қол жеткізу және оны сол қалпында ұстау үшін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметтер нәтижесінде теңіз ортасының ластануын болдырмау, төмендету, бақылау және барынша мүмкін болатын дәрежеде жою болып табылады.

2-бап. Терминдерді пайдалану

Осы Хаттаманың мақсаты үшін:

- a) «Уағдаласушы Тараптардың конференциясы» Конвенцияның 22-бабында көрсетілген органды білдіреді;
- b) «Хатшылық» Конвенцияның 23-бабында көрсетілген органды білдіреді;

- c) «Қолда бар ең үздік технологиялар (ҚБЕҮТ)» термині шығарындылар мен қалдықтарды шектеу үшін нақты шаралардың тәжірибелік жарамдылығын көрсететін қазіргі заманғы технологияларды, жабдықтарды немесе қызмет әдістерін білдіреді. «Технологиялар» жеке өзінде пайдаланылатын технологияларды, сондай-ақ, өндірістік қондырғыны жобалауға, құруға, оған қызмет көрсетуге, оның жұмыс істеуіне және оны бөлшектеуге көмегі тиетін тәсілдер мен әдістерді қамтиды;
- d) «Ең үздік табиғат қорғау практикасы (ЕҮТҚП)» қоршаған ортаның жай-күйін бақылау саласындағы шаралар мен стратегиялардың неғұрлым ұтымды ұштастырылуын пайдалануды білдіреді;
- e) «Жағалау маңындағы аудан» жағалау жиегімен шектесетін және теңіздің жақындығы мен теңіз деңгейінің ауытқуы әсеріне ұшырай отырған құрлық белдеуін білдіреді;
- f) «Шиеленісті нүкте» адамдар денсаулығына, экожүйеге немесе табиғи ресурстарға, сондай-ақ, экономикалық маңызы бар артықшылықтарға іс жүзіндегі немесе әлеуетті қолайсыз әсерді болдырмау немесе төмендету мақсатында шектен тыс ластануға ұшыраған бірінші кезекте назарға алуды талап ететін алаңы жөнінен шектеулі және бөлшектенуге ұшырайтын құрлық учаскесін, жер беті сулары учаскесін немесе нақты сулы қабатты білдіреді;
- g) «Жер үсті көздерінен ластану» су жолымен, атмосфера арқылы немесе тікелей жағалаудан теңіз ортасына түсетін, құрлықта жатқан жекедара нүктелі және шашыраңқы көздерден теңіздің ластануын білдіреді;
- h) «Жеке-дара нүктелі көздер» шығарындылары ажыратылатын, шектелген және атап айтқанда ластайтын заттарды шығаратын немесе шығаруы мүмкін су ағызып жіберу арналарын, жыраларды, тоннельдерді, құбырларды немесе ұңғымаларды қоса алғанда, оқшауланған көлік-көшіру құрылғылар арқылы қоршаған ортаға түсетін, құрлықта жатқан ластау көздерін білдіреді;
- i) «Шашыраңқы көздер» жеке-дара нүктелі көздерден ерекшеленетін, сорғыту, сіңіру немесе гидрологиялық өзгерістер немесе мекендеу орындарының бұзылуы нәтижесінде заттары қоршаған ортаға жер үсті суағарларымен, жауын-

шашындармен, атмосфералық булармен өтетін, құрлықта жатқан ластау көздерін білдіреді;

- j) «Шығарындылар» суға, атмосфераға немесе топыраққа ластаушы заттардың төгінділерінің, ағындыларының немесе ағызып жіберулерінің кез келген түрін білдіреді;
- k) «Шығарындыларды реттеу» шығарындылардың шекті мөлшерін белгілеу немесе шығарындылардың әсерлеріне, сипатына немесе басқа сипаттамаларына қатысты шектеулер мен қойылатын шарттарды не шығарындыларға әсер ететін пайдаланудың шарттарын басқа нысанда анықтау сияқты арнайы шектеуді талап ететін реттеу шараларын білдіреді;
- l) «Шығарындылардың шекті шамасы» қандай да бір нақты параметрлерде көрсетілген массаны, уақыттың бір немесе бірнеше кезеңі ішінде шамадан аспайтын шығарындылардың шоғырлануын немесе деңгейін білдіреді. Заттар шығарындыларының шекті шамасы, әдетте, сұйылту есепке алынбай қондырғыдан шығарындылардың шығу нүктесі үшін қолданылады;
- m) «Сапаның экологиялық стандарты (СЭС)» суда, шөгінділерде немесе биотада белгілі заттың немесе заттар тобының шоғырлану деңгейін білдіреді, ол адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында шамадан аспау керек;
- n) «Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіші (ҚОСНК)» қоршаған орта сапасының талапқа сай нысаналы деңгейін айқындайтын, мақсатты білдіреді. Қоршаған ортаның нақты бір құрам бөлігіне, мысалы өзен, жағажай немесе өндірістік объектіге қатысты қол жеткізілуге тиіс.

3-бап. Қолданылу аясы

1. Конвенцияның 3-бабына және осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес осы Хаттама:

- a) Каспий теңізінің теңіз ортасына және/немесе жағалау маңындағы аудандарға теріс әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін жер үсті жеке-дара нүктелі және шашыраңқы көздерден шығатын заттар шығарындыларына қолданылады. Осы шығарындыларға *өзгелердің ішінде* тұзды суларды, марштарды және лагуналарды қоса алғанда,

өзендер сағалары, арналар немесе өзге де су тораптары, жерасты суағарлары, жағалаудағы қалдық жою орындары және суын жіберу, құрлықта төселгендерді және теңіз түбіне орналастырылғандарды қоса алғанда, солар арқылы да, жер үсті суағарлары арқылы да теңіз ортасына түсетіндер жатады;

- b) Осы Хаттамаға III қосымшада айқындалған жағдайларда Каспий теңізінің теңіз ортасына атмосфера арқылы жер үсті көздерінен таралатын ластаушы заттардың түсіміне; және
- c) жағалау сызығының табиғи жай-күйінің физикалық өзгеруі және ландшафттың немесе мекендеу орындарының өзгеруі мен бұзылуы нәтижесінде ластануды қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасына және/немесе жағалау маңындағы аудандарына әсер ететін қызметтің осындай түрлері нәтижесінде ластануға қолданылады.

4-бап. Жалпы міндеттемелер

1. Уағдаласушы Тараптар жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың ластануын және оған басқа да жағымсыз әсерледі болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкіндігінше жою үшін Конвенция ережелеріне сәйкес барлық тиісті шараларды дербес немесе бірлесіп қолданады.
2. Уағдаласушы Тараптар, атап айтқанда:
 - a) сақтық қағидатын қолданады, оған сәйкес теңіз ортасына немесе халық денсаулығына елеулі немесе қайтымсыз залал келу қатері болған, толық ғылыми сенімділік болмаған кезде мұндай залалды болдырмау жөніндегі экономикалық тиімді шараларды кейінге қалдыру үшін негіз ретінде пайдаланылмайды;
 - b) «ластаушы төлейді» қағидатын қолданады, оған сәйкес ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдеті жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстарды ластаушы көтеруге тиіс;

- c) Уағдаласушы Тараптардың Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарға елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін қызмет түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалауға қатысты екіжақты және көпжақты ынтымақтастығына жәрдемдеседі;
- d) тиісті жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі экологиялық факторларды, оның ішінде адамдардың денсаулығына байланысты аспектілерді жан-жақты есепке алуды қамтамасыз етеді;
- e) зілзалаларға әзір болуды және ден қоюды қамтамасыз ету арқылы өнеркәсіптік авариялар мен үлкен зілзалалар нәтижесінде ластану тәуекелін барынша азайту үшін алдын алу шараларын қолданады;
- f) бекіре, Каспий арқан балығы мен басқа да бағалы түрлердің табиғи уылдырық шашуы үшін ықтимал түрде зиянды болатын жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі арнайы шараларды қолданады;
- g) жағалау маңындағы аудандардың дамуына кешенді түрде қарау арқылы жағалау маңындағы аудандардың орнықты дамуына жәрдемдеседі;
- h) өзара келісім негізінде, аумағында Каспий теңізі гидрологиялық бассейнінің бір бөлігі орналасқан жағалау маңына жатпайтын мемлекеттермен Хаттама мақсаттарына қол жеткізуде ынтымақтастыққа ұмтылады.

5-бап. Орындау шаралары

1. Әр бір Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың орындалуын үйлестіруге және басқа Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы тиісті ақпаратты ұсынуға құқығы бар ұлттық органды тағайындайды.
2. Осы Хаттаманы орындау барысында Уағдаласушы Тараптар:
 - a) ластану көздеріне бақылау жасау шараларына негізделген және шараларды, қажет жерлерде оларды орындау кестелерін қамтитын өңірлік немесе ұлттық іс-қимыл

бағдарламаларын немесе жоспарларын қабылдайды. Осындай бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу кезінде олар Теңіз ортасының құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі жаһандық іс-қимыл бағдарламасының ұсынымдарын және Каспий теңізі бойынша стратегиялық іс-қимыл бағдарламасының тиісті ережелерін назарға алғаны жөн;

b) мыналарды біртіндеп әзірлеу, қабылдау және жүзеге асыру жолымен I қосымшада санамалап көрсетілген қызмет түрлері мен заттарды:

(i) тиісті заттар үшін шығарындылардың шекті шамасын, сапаның экологиялық стандарттарын және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін, сондай-ақ I қосымшада айқындалатын факторларға негізделген басқару тәжірибесін қоса алғанда шығарындыларға бақылау; және

(ii) шекті шамада қол жеткізу, тиісті басқару тәжірибесін енгізу және Уағдаласушы Тараптармен келісілген шараларды орындау кестелерін қамтуды қамтамасыз етеді;

c) ҚБЕҮТ және ЕҮТҚТ-ні пайдаланады немесе пайдалануға, сондай-ақ, экологиялық негізделген технологияны қолдануға, осы Хаттамаға V-қосымшада санамалап көрсетілген әлеуметтік, экономикалық және технологиялық жағдайлар мен өлшемшарттарды ескере отырып, мейлінше экологиялық таза өндірісті қоса алғанда, оған қол жеткізуге және оны беруге жәрдемдеседі.

3. Осы Хаттамада Уағдаласушы Тараптардың жекедара немесе бірлесіп, осы Хаттамада белгіленген шаралардан басқа мейлінше қатаң шараларды қабылдау құқығына осы Хаттамада ешнәрсе әсер етпейді.

6-бап. Жалпы басшылыққа алынатын қағидаттар және стандарттар

1. Конвенцияның 18-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда құзыретті халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, біртіндеп жалпы басшылыққа алынатын қағидаттарды және мән-жайларға байланысты, атап айтқанда:

- a) жағалау маңында су ағызып жіберуге арналған, атап айтқанда, шығарындыларды тазарту үшін пайдаланылатын әдістерді ескере отырып, құбырлардың ұзындығына, төселу тереңдігіне және орналастыруына;
 - b) бөлек тазартуды талап ететін шығарындыларға қойылатын арнайы талаптарға;
 - c) нақты мақсаттарда пайдалану кезінде адамдар денсаулығын, биологиялық ресурстар мен экожүйелерді қорғауға қажетті теңіз суының сапасына;
 - d) теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандардың ластануына елеулі дәрежеде себепші болатын өнімдерді, объектілер мен өнеркәсіптік және өзге де процесстерді бақылауға және қажет болған жағдайда біртіндеп ауыстыруға;
 - e) тасталынатын заттардың санына, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген олардың шығарындыларда шоғырлануына және оларды тастау әдістеріне қатысты нақты талаптарға орай стандарттарды немесе өлшемшарттарды әзірлейді және қабылдайды.
2. Осы Хаттаманың 5-бабы 2-тармағының а)-тармақшасында көрсетілген өңірлік бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарлары мынадай ережелер ескеріле отырып әзірленеді және жүзеге асырылады:
- a) Уағдаласушы Тараптар шығарындылардың жалпы шекті шамасын, сапаның экологиялық стандарттарын немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін, сондай-ақ, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттар үшін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластағануды мән-жағдайларға қарап болдырмауға, бәсеңдетуге немесе жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру кестесін белгілейді және мезгіл-мезгіл қайта қарайды; және
 - b) Уағдаласушы Тараптар конференциясы ластануды болдырмау өлшемшарттарын айқындайды және Каспий теңізінің теңіз ортасының жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануын бәсеңдету, бақылау және жою жөніндегі тиісті шараларға ұсынымдар береді және осы Хаттаманың 13-бабында көрсетілген мониторинг бағдарламаларын жүргізу, өнеркәсіптік және басқа

да антропогендік қызметтегі өзгерістер мен ғылым және ластануға қарсы күресу технологиялар саласындағы ықтимал прогресс нәтижелері бойынша ақпарат көлемінің ұлғаюын көрсете отырып, оларды мезгіл-мезгіл жаңартып отырады.

7-бап. Жеке-дара нүктелі көздерден ластану

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға теріс әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттардың ластануының жеке-дара нүктелі көздерінен түсетін шығарындыларды реттеу қолда бар ең үздік технологияларға, ең үздік табиғат қорғау практикасына немесе шығарындылардың тиісті шекті шамаларына негізделуі үшін шара қолданады.
2. Уағдаласушы Тараптар «шиеленісті нүктелер» тізімінің негізінде жеке-дара нүктелі көздерден түсетін ластаушы заттардың айтарлықтай азаюына қол жеткізу кестесімен ұлттық іс-қимыл жоспарларын қабылдайды және жүзеге асырады, олар бекітіледі, кейін Уағдаласушы Тараптар конференциясында қайта қаралып, екі жыл сайын жаңартылып отырады.
3. Жеке-дара нүктелі көздерден шығарындыларды Уағдаласушы Тараптардың құзыретті ұлттық органдарынан рұқсат алған жағдайда жол беріледі немесе осы органдардың осы Хаттаманың ережелерін, оған IV қосымшаны және Уағдаласушы Тараптар конференциясының тиісті шешімдері мен ұсынымдарын ескере отырып реттеуіне жатады.
4. Осы мақсатпен Уағдаласушы Тараптар берілген рұқсаттар мен қоршаған ортаға шығарындыларды реттейтін, қабылданған нормативтік актілер талаптарының сақталуын бағалау үшін өздерінің құзыретті ұлттық органдары жүзеге асыратын жүйелі түрде инспекциялау және қадағалау жүйесін құруды қамтамасыз етеді. Рұқсаттар мен нормативтік актілер талаптары сақталмаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар тиісті санкцияларды енгізеді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

8-бап. Шашыраңқы көздерден ластану

1. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген және Каспий теңізінің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарға әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін, заттардың ластануы шашыраңқы көздерінен шығарындыларды реттеу әдістері ҚБЕҮТ-ге және ЕҮҚП-на негізделуі үшін шара қолданады.

2. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға әсерін тигізетін ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты ластану ауыртпалығын айтарлықтай азайту үшін, оның осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттар бойынша келісілген сапаның экологиялық стандарттарына және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, осы Хаттамаға II қосымшада айқындалған өлшемшарттарға сәйкес барлық қажетті шараларды қолданады.

9-бап. Қызметтің өзге де түрлерінен туындайтын ластану

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға жағымсыз әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін және осы Хаттаманың 7 және 8-баптарында қамтылмаған қызмет түрлері ҚБЕҮТ және ЕҮҚП негізінде жүзеге асырылуы үшін шараларды қолданады.

2. Уағдаласушы Тараптар теңіз деңгейінің ауытқуы нәтижесінде теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандардың ластануын болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша барлық тиісті шараларды қолданады. Осы мақсаттарда мұнай және химия өнеркәсібі қондырғыларын, сондай-ақ, мұнай басып кету қатері бар жерлерді мұнаймен ластанудан қорғау жөнінде шара қолданады және ескірген жағалау қондырғылары мен қоймаларын пайдаланудан шығарады.

10-бап. Жағалау маңындағы аудандарды дамытуға кешенді көзқарас

1. Уағдаласушы Тараптар өзгелердің ішінде жағалау маңындағы аудандарды жоспарлау негізінде, жеке-дара және, ұтымды болған жағдайда, бірлесіп жеке, жағалау маңындағы аудандарды кешенді дамытуды қолданады. Олар теңіздің ұзақ уақыт бойы ауытқуын, жел қума-айдау құбылыстары, дауыл, жер сілкіністері және жағалау эрозиясы сияқты қауіпті табиғи факторлардың жағалау маңындағы аудандардың халқына және

инфрақұрылымына жағымсыз әсерлерін бәсеңдету үшін жеңілдету шараларын қолданады және жүзеге асырады.

2. Уағдаласушы Тараптар жағалау маңындағы аудандардағы жерлердің орманы жойылуын және жұтаңдауын азайту және тоқтата тұру үшін барлық қажетті шараларды қолданады және ормандарды қалпына келтіруге және шөлейттенуге қарсы күресуге бағытталған ұлттық іс-қимыл жоспарларын және бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады.

11-бап. Траншекаралық әсер ету

1. Кез келген Уағдаласушы Тараптың жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметі нәтижесінде ластану басқа немесе бірнеше басқа Уағдаласушы Тараптардың жағалау маңындағы аудандарына немесе Каспий теңізінің теңіз ортасына жағымсыз әсерін тигізетін жағдайларда тиісті Уағдаласушы Тарап ықтимал қатысы болатын Уағдаласушы Тараптарды хабардар етеді және проблеманы шешу мақсатында олар консультациялар өткізеді.

2. Егер екі немесе одан да көп Уағдаласушы Тараптардың аумағы арқылы өтетін немесе олардың арасында шекара болатын ағын судан төгінділер Каспий теңізінің теңіз ортасының ластануы қауіпін туғызса немесе туғызуы мүмкін болса, оған қатысы бар Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы толық көлемде, оның ішінде орынды болатын жерлерде қолдануды ластанумен байланысты проблемаларды анықтауға және шешуге жауапты бірлескен органдарды құру жолымен қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтасады.

3. Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын мемлекеттің немесе мемлекеттердің аумағында туындайтын кез келген ластану үшін жауап бермейді.

12-бап. Қоршаған ортаға әсерін бағалау

1. Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 17-бабын орындау мақсатында ықтимал трансшекаралық әсерлерді қоса алғанда, құрлықта жүзеге асырылатын жобалар мен қызмет түрлерінің қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалауға қатысты өңірлік және тиісті ұлттық басшылыққа алынатын қағидаттарды әзірлейді және қабылдайды, және бұл

ұтымды болған кезде, осы басшылыққа алынатын қағидаттарды қайта қарайды және жаңартады.

2. Әр Уағдаласушы Тарап құрлықта оның аумағының шегінде жүзеге асырылатын, Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарына елеулі түрде жайсыз әсерін тигізуі мүмкін кез келген жоспарланған қызмет түрінің немесе жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсімдерін енгізеді және қолданады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған қызмет түрлері мен жобалар Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының алдын ала жазбаша рұқсаты бойынша жүзеге асырылады, онда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың тұжырымдары мен ұсынымдары толық көлемде ескеріледі.

13-бап. Ақпараттар мен деректерді жинау, олардың мониторингі және оларды бағалау

1. Конвенцияның 19-бабының ережелері және онда көзделген мониторинг бағдарламалары шеңберінде, ал қажет болған кезде құзыретті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта Уағдаласушы Тараптар, мүмкіндігінше:

a) Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі туралы, оның физикалық, биологиялық және химиялық сипаттамаларына қатысты деректер мен ақпараттар жинауды жүзеге асырады, деректер базасын дайындайды және жүргізеді;

b) Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына енгізілген заттардың көздерін бөлу және мұндай заттардың саны туралы санамалап көрсетілген ақпаратты қоса алғанда, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттардың жер үсті көздерінен түсімдері деректер мен ақпараттар жинауды жүзеге асырады, деректер базасын дайындайды және жүргізеді;

c) жүйелі түрде (кемінде бес жылда бір рет) Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйіне өңірлік бағалауды жүргізеді;

d) өзінің жағалау сызығы бойындағы, әсіресе осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген қызмет түрлеріне және заттарға қатысты ластану деңгейін жүйелі бағалайды, және Хатшылыққа аталған мәселе бойынша мезгіл-мезгіл ақпарат ұсынады;

2. Уағдаласушы Тараптар сапаны талдамалық бақылауды көздейтін мониторингтің өңірлік бағдарламаларының және мониторингтің бірлескен ұлттық бағдарламаларының құрамбөліктерін дайындау кезінде, сондай-ақ, деректерді сақтауға, алуға және алмасуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған ақпарат басқа Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы беріледі.

14-бап. Ақпарат алмасу

Конвенцияның 21-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар тікелей немесе Хатшылық арқылы теңіз ортасы және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі және осы Хаттаманың орындалуы жөніндегі қолжетімді деректер мен ақпараттарды жүйелі түрде алмасып отырады. Уағдаласушы Тараптар ақпарат алмасу үшін жүйелер мен желілер құрады.

15-бап. Жұртшылықтың қатысуы

1. Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 21-бабына және өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасы және жағалау маңындағы аудандарын жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғауға қажетті іс-шараларға және осы Хаттаманы орындаумен байланысты шешімдер қабылдау процестеріне жергілікті билік органдарының және жұртшылықтың қатысуына жәрдемдеседі.

2. Әр Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 21-бабына және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес өздері Тараптары болып табылатын, экологиялық ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі туралы қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелерін назарға ала отырып, Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының жай-күйі туралы, ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдету жөнінде

қабылданған немесе жоспарланып отырған шаралар туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін жеңілдетеді.

16-бап. Ынтымақтастық және жәрдемдесу

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою мақсатында ынтымақтастықты өңірлік негізде Хатшылық арқылы немесе, ұтымды болған кезде екіжақты негізде жүзеге асырады.

2. Конвенцияның 20-бабына сәйкес Тараптар жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластану мәселелері, атап айтқанда, түсімдердің сапалық және сандық құрамын, ластаушы заттардың таралу жолдарын, олардың қайта өзгеруін және қоршаған ортаға әсерін зерттеу бойынша, сондай-ақ, ластануды болдырмау, бәсеңдету және жоюдың жаңа әдістері мен тәсілдерін әзірлеудегі, оның ішінде осы мақсаттар үшін неғұрлым экологиялық таза өндірістік процестерді әзірлеуде және қолдануда ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ынталандырады.

3. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы орындауға жәрдемдесуді сұрайтын Уағдаласушы Тараптармен тікелей және Хатшылық арқылы атап айтқанда:

а) ғылыми, техникалық, білім беру және қоғамдық-ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ, ғылыми, техникалық және әкімшілік кадрларды дайындау;

б) техникалық консультациялар, ақпараттар ұсыну және өзге де жәрдем көрсету кезінде ынтымақтасуға ұмтылады.

4. Уағдаласушы Тараптар теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмауға, бәсеңдету және бақылауға қатысы бар халықаралық ұйымдармен, бағдарламалармен және халықаралық келісімдер органдарымен ынтымақтасады.

17-бап. Баяндамаларды ұсыну

1. Әр бір Уағдаласушы Тарап Хатшылыққа Уағдаласушы Тараптар конференциясында қабылданған форматта осы Хаттаманы орындау жөнінде қолданылған шаралар туралы баяндамаларды ұсынады. Хатшылық алған баяндамаларды барлық Уағдаласушы Тараптар арасында таратады.

2. Аталған баяндамалар, *өзгенің ішінде*:

a) нормативтік-құқықтық сипаттағы шаралар, іс-қимыл жоспарлары, бағдарламалар және осы Хаттаманы орындау үшін қолданылған басқа да қадамдар туралы ақпаратты, оған Қосымшаларды және оларға байланысты қабылданған ұсынымдарды;

b) Каспий теңізіне тасталатын, I қосымшаға сәйкес бақыланатын заттардың мөлшері туралы деректерді;

c) осы Хаттаманың 7-бабына сәйкес берілген рұқсаттарға қатысты статистикалық деректерді;

d) осы Хаттаманың 13-бабында көзделген мониторинг нәтижесінде алынған деректер мен ақпаратты;

e) жағалау сызығын өзгертетін немесе жағалау маңындағы аудандар шегінде мекендеу орындарына жағымсыз әсерін тигізетін қызмет нәтижесінде ластану туралы ақпаратты;

f) шиеленісті нүктелерден ластануды жою және бақылау процесінде қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпаратты;

g) осы Хаттаманы орындау кезінде қол жеткізілген нәтижелер және егер осы Хаттаманы орындау кезінде туындаған жағдайда, ондай қиындықтар туралы ақпаратты қоса алғанда, осы Хаттаманың шеңберінде жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың ластануын болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою жөнінде қабылданған және жүзеге асырылатын іс-қимыл жоспарларының, бағдарламалардың және шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты қамтиды.

3. Хатшылықтың жәрдемімен ұлттық баяндамаларда қамтылған деректер мен ақпаратты пайдалануымен осы Хаттаманың орындалуы туралы және Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі туралы өңірлік баяндалар дайындалады.

4. Осы Хаттамада ештеңе қандай да бір Уағдаласушы Тараптан ашылуы оның ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келетін ақпаратты ұсынуды талап етпейді.

18-бап. Сақтау

1. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманың орындалуына жәрдемдесу үшін Уағдаласушы Тараптар конференциясында бекітілуге жататын осы Хаттаманы сақтау рәсімдерін әзірлейді.

2. Уағдаласушы Тараптардың конференциясы:

а) 17-бапта аталған баяндамалардың және Уағдаласушы Тараптар ұсынған кез келген өзге де ақпараттың негізінде Хаттаманы сақтау туралы баяндамаларды, сондай-ақ, оған байланысты қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды қарайды және бағалайды;

б) тиісті жағдайларда Хаттаманың және оған байланысты қабылданған шешімдердің сақталуын қамтамасыз ету үшін шешімдер қабылдайды және шараларды көздейді және шығарылған ұсынымдардың, оның ішінде Уағдаласушы Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына жәрдемдесетін шарлардың жүзеге асырылуына септігін тигізеді.

19-бап. Ұйымдастыру ережелері

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22-бабының 10-тармағына сәйкес Уағдаласушы Тараптар конференциясы, *өзгенің ішінде:*

а) осы Хаттаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

б) Хатшылықтың жұмысын қадағалауды жүзеге асырады және оның қызметін басқарады;

с) осы Хаттамаға шолуды жүзеге асырады;

д) осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына түзетулерді, сондай-ақ, кез келген үстеме қосымшаларды қарайды және қабылдайды;

е) осы Хаттаманың орындалуына байланысты мәселелер бойынша Хатшылық ұсынатын есептерді қарайды;

ф) қолданылған шаралардың нәтижелерін және қосымшада баяндалған шараларды қоса алғанда, басқа шараларды қолданудың ұтымдылығын қарайды;

г) осы Хаттаманың 5-бабына сәйкес тиісті өңірлік бағдарламаларды, іс-қимыл жоспарларын және шараларды қабылдайды және қажет болған кезде қайта қарайды;

h) осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес өңірлік басшылыққа алынатын қағидаттарды, стандарттарды немесе өлшемшарттарды қабылдайды және қажет болған жағдайда қайта қарайды;

i) осы Хаттаманың 14-бабына сәйкес ақпарат алмасу рәсімдерін қабылдайды және қажет болған жағдайда қайта қарайды және ақпарат алмасу үшін ақпараттық жүйелер мен желілерді құруға жәрдемдеседі;

j) осы Хаттаманың 13, 14 және 17-баптарына сәйкес Уағдаласушы Тараптар ұсынған ақпаратты қарайды және оған баға береді;

k) осы Хаттаманың 18-бабында көзделгендей Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманың ережелерін және онымен байланысты қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды сақтауын қарайды және оған баға береді;

l) «шиеленісті нүктелер» тізімін қабылдайды және қайта қарайды және осы Хаттаманың 7-бабында көзделгендей қажет болған жағдайда оған өзгерістер енгізеді;

m) осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болған жағдайда тиісті халықаралық ұйымдар мен ғылыми институттарға техникалық және қаржылық қызмет көрсетілуіне өтініш білдіреді;

n) Конвенцияның 22-бабы 9 (a) және (c) тармақтарына сәйкес осы Хаттаманың орындалуы үшін қажет деп танылуы мүмкін кез келген қосалқы органдарды құрады.

2. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 23-бабы 4-тармағына сәйкес Хатшылық, *өзгенің ішінде*:

a) Уағдаласушы Тараптардың қарамағына осы Хаттаманың орындалуы үшін талап етілуі мүмкін немесе олар сұрататын баяндамаларды және зерттеулер нәтижелерін дайындайды және береді;

b) осы Хаттаманың 13-бабына сәйкес Хатшылықта ұсынылған ақпаратты Уағдаласушы Тараптарға жолдайды;

c) осы Хаттаманың 5-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар конференциясының бекіту үшін өңірлік бағдарламалардың, іс-қимыл жоспарларының немесе шаралардың жобаларын дайындайды;

d) осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар Конференциясының бекітуі үшін өңірлік басшылыққа алынатын қағидаттар, стандарттар мен өлшемшарттар жобаларын дайындайды.

20-бап. Хаттаманы қаржыландыру

1. Осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігіне қарай:

a) тиісті ішкі, екіжақты және көпжақты бағдарламаларды, жобалар мен шараларды әзірлеуді және орындауды қаржылай қамтамасыз етуді қарайды және жүзеге асырады;

b) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, қаржыландырудың екіжақты және көпжақты көздерінің және тетіктерінің қаржы ресурстарын тартуға жәрдемдеседі;

с) корлардың, басқа елдердің үкіметтік мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жеке сектор құрылымдарының қаражатын қоса алғанда, ресурстарды тарту және бөлу үшін инновациялық әдістер мен ынталандыруды зерттейді.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар конференциясы басқа шешімді қабылдамаса, осы Хаттамаға Конвенцияның *mutatis mutandis* қаржылық қағидасы қолданылады.

21-бап. Дауларды реттеу

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты кез келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес реттеледі.

22-бап. Хаттаманың қабылдануы және күшіне енуі

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бірауыздан мақұлданған шешімімен қабылданады.

2. Осы Хаттама қаласында дейін тек Каспий маңы мемлекеттерінің қол қою үшін ашық.

3. Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады. Хаттама қол қоюға жабылған күнінен бастап, кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін ашық болады.

4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттар Конвенция Депозитарийіне сақтауға тапсырылады.

5. Осы Хаттама барлық Каспий маңы мемлекеттері ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттарды Депозитарийге сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

23-бап. Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды және оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау

Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды, сондай-ақ, оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныс енгізе алады. Уағдаласушы Тараптар осындай түзетулер мен қосымшаларды қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24 және 25-баптарына сәйкес күшіне енеді.

24-бап. Хаттаманың ұлттық заңнамаға әсері

Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманы орындау жөнінде бойынша тиісті мейілінше қатаң ұлттық шаралар қолдану құқығына әсер етпейді.

25-бап. Өзге де халықаралық келісімдермен байланыс

Осы Хаттамада ешнәрсе Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

26-бап. Ескертпелер

Осы Хаттамаға ешқандай түсіндірмелерге жол берілмейді.

27-бап. Депозитарий

Осы Хаттаманың Депозитарийі Конвенцияның Депозитарийі болып табылады.

28-бап. Мәтіндердің тең түпнұсқалығы

Осы Хаттаманың әзербайжан, қазақ, орыс, түрікмен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалығы болып табылады. Осы Хаттаманы түсіндіру немесе қолдану туралы дау туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

29-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздерге қатынас

Осы Хаттама ережелерінің ешқайсысы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің нәтижесін айқындаушы ретінде түсіндірілмейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген, төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

..... **ЖЫЛҒЫ** **қаласында** **жасалды.**

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК
КОНВЕНЦИЯҒА
КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ЖЕР ҮСТІ КӨЗДЕРІНЕН ЖӘНЕ ҚҰРЛЫҚТА ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІНДЕ ЛАСТАНУДАН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА**

I-ҚОСЫМША

Бақыланатын қызмет түрлері және заттар санаттары

Осы Қосымшада осы Хаттаманың 5 және 6-баптарында айтылған жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмау, бәсеңдету, бақылау және мүмкін болғанынша жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын, бағдарламаларды және шараларды дайындау кезінде Уағдаласушы Тараптар назарға алатын элементтер санамалап көрсетілген.

Осындай іс-қимыл жоспарлары, бағдарламалар және шаралар осы Қосымшаның С бөлімінде санамалап көрсетілген сипаттамалар негізінде іріктелген А бөлімінде санамалап көрсетілген қызмет түрлерін қамтуға, сондай-ақ В бөлімінде санамалап көрсетілген заттар санаттарын қамтуға бағытталған. Іс-қимыл жоспарларын, бағдарламаларды және шараларды дайындау кезінде Уағдаласушы Тараптар тиісті халықаралық құралдар ережелерін назарға ала алады.

Іс-қимылдар басымдылығын теңіз және жағалау маңындағы экожүйелерге және ресурстарға, халық денсаулығына, әлеуметтік-экономикалық игіліктерге, оның ішінде мәдени құндылықтарға әсер ету маңыздылығының дәрежесін бағалау жолымен анықтаған жөн.

А. Қызмет түрлері

Жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмау, бәсеңдету, бақылау және мүмкін болғанынша жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларында, бағдарламаларда және шараларда басымдылықтарды анықтау кезінде Уағдаласушы Тараптар жеке-дара немесе бірлесе отырып, теңіз ортасын ластауға

қабілеттілігі негізінде айқындалған және маңыздылығы тәртібімен санамалап көрсетілмеген қызметтің мына түрлерін назарға алады:

1. Ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы.

2. Өнеркәсіп:

- аквамәдениет;
- электрондық өнеркәсіп;
- электр қуатының өндірісі;
- тыңайтқыштар өндірісі;
- тамақ өнеркәсібі;
- орман шаруашылығы;
- ядролық өнеркәсіп;
- металлургия өнеркәсібі;
- пайдалы қазбаларды өндіру;
- мұнаймен және газбен байланысты қызмет;
- қағаз және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі;
- фармацевтика өнеркәсібі;
- құрылыс материалдары өндірісі;
- биоцидтер өндірісі және олардың әзірленуі;
- қалдықтарды рециркуляциялау;
- кеме жасау және кеме жөндеу;
- былғары өнеркәсібі;
- тоқыма өнеркәсібі;
- химия өнеркәсібі.

3. Қалдықтарды басқару:

- қауіпті және улы қалдықтар;
- өнеркәсіптік сарқынды сулар;
- қаланың қатты қалдықтары және сарқынды сулар;
- радиоактивті қалдықтар;
- сарқынды сулардың қалдықтарын жою;
- қалдықтарды жағу және олардың жану өнімдерімен жұмыс істеу;

• зымыран отыны.

4. Туризм.
5. Көлік.
6. Жасанды аралдардың құрылысы және оларды басқару.
7. Автомагистральдар мен автомобиль жолдарын салу.
8. Химиялық қаруды және оқ-дәрілерді жою.
9. Түп тереңдету жұмыстары.
10. Кемежайларды салу және ондағы жұмыстар.
11. Жағалау сызығының физикалық табиғи жай-күйінің өзгеруі.
12. Пайдаланылмайтын теңіз деңгейінің ауытқуына ұшыраған қолданылмайтын қондырғылар.

В. Заттар санаттары

Жер үсті көздерінен ластануды болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын, бағдарламаларды дайындау және шаралар қолдану кезінде Уағдаласушы Тараптар қауіпті немесе өзге де зиянды сипаттамаларының негізінде айқындалған маңыздылығы тәртібімен санамалап көрсетілмеген заттардың мына санаттары:

1. Су сапасын нашарлататын қышқыл немесе сілтілі қосылыстар;
2. Бицидтер және өзге бөлімдерде қамтылмаған олардың туындылары;
3. Шикі мұнай және мұнай текті көмірсутектер және өңделген жағар материалдар;
4. Цианидтер мен фторидтер;

5. Ауыр металлдар және олардың қосылыстары;
6. Теңіз қоқысы (кез келген төзімді өнеркәсіптік немесе өңделіп тасталған, кәдеге жаратылған немесе қалдырылған қатты материалдар);
7. Эвтрофикацияны тудыра алатын заттар;
8. Биохимиялық ыдырауға бой бермейтін детергенттер және биохимиялық ыдырауға бой бермейтін басқа да үстіңгі белсенді заттар;
9. Теңіз ортасында оттегінің солалуына жағымсыз әсер ететін немесе теңіз суының физикалық немесе химиялық сипатына жағымсыз әсер етуі мүмкін немесе теңізді заңды түрде пайдалануға кедергі жасауға қабілетті уытты заттар емес;
10. Органогалогендік қосылыстар және теңіз ортасында осындай қосылыстар түзуге қабілетті заттар;
11. Фосфороорганикалық қосылыстар және теңіз ортасында осындай қосылыстарды түзуге қабілетті заттар;
12. Қалайы органикалық қосылыстар және теңіз ортасына осындай қосылыстарды түзуге қабілетті заттар;
13. Патогендік микроорганизмдер;
14. Полициклдік хош иісті көмірсутектер;
15. Ядролық заттарды да қоса алғанда, радиоактивті заттар назарға алынады.

С. Заттар сипаттамасы

Жер үсті көздерінен ластануды болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын, бағдарламаларды және шараларды дайындау кезінде Уағдаласушы Тараптар тиісті жағдайларда басымдылық реті мен санамалап көрсетілмеген заттар мен факторлардың мынадай сипаттамалары:

1. Биошоғырлану және шоғырлануының және ұлғаюы тағам тізбегі бойынша ластаушылар;
2. Заттардың кумулятивті әрекеті;
3. Заттар таратылуының заңдылықтары (яғни саны, пайдаланылу түрлері, теңіз ортасына түсу ықтималдығы);
4. Адамдардың тағам ретінде тұтынуына арналған теңіз өнімдерінің органолептикалық сипаттамасына әсері;
5. Теңіз суының иісіне, түсіне, мөлдірлігіне, температурасына немесе басқа да қасиеттеріне әсер етуі;

6. Денсаулыққа әсер етуі және денсаулыққа қауіп-қатері;
7. Теңіздің флорасы мен фаунасына теріс әсерін тигізу, және биологиялық ресурстарды тұрақты пайдалану немесе теңізді өзге де заңды түрде пайдалану;
8. Заттар беріктігі;
9. Эвтрофикацияны туындату қабілеттілігі;
10. Радиоактивтік;
11. Көзге көрінетін әсерлерге апаратын және апармайтын шоғырланудың арақатынасының коэффициенті (NOEC);
12. Теңіз экожүйесіндегі келеңсіз өзгерістердің қатері және әсер етудің мен қайтымсыздығы немесе ұзақтығы;
13. Уытты немесе өзге де зиянды қасиеттер (мысалы, канцерогендік, мутагендік, тератогендік);
14. Алысқа көшірілуге қабілеттілігі назарға алынады.

II ҚОСЫМША

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА БАР ШАШЫРАҢҚЫ ЛАСТАНУ КӨЗДЕРІ

А. Анықтамалар

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

1. «Ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы ластану көздері», керісінше, жеке-дара нүктелі көздерге жататын жануарларды интенсивті өсіру объектілерін қоспағанда, ауыл шаруашылық дақылдарын өсірумен және үй жануарларын молайтумен байланысты ластанудың жеке-дара нүктелі емес көздерін білдіреді.

2. «Ең үздік практика» Каспийдің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарын ластаушы заттардың ағынын болдырмау, бәсеңдету немесе бақылау мақсатындағы құрылымдық және құрылымдық емес сипаттағы рентабельді және қолжетімді шараларды білдіреді.

В. Ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы көздерден ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдету жөніндегі жоспарлар

Әр бір Уағдаласушы Тарап осы Хаттама күшіне кезден бастап келісілген қысқа мерзімде Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарын теріс әсерін тигізуі мүмкін ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы көздерден ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдету жөніндегі жоспарлар мен шараларды әзірлейді. Мұндай жоспарлар мен шаралар, атап айтқанда, құрамында эвтрофикацияға алып келетін заттар, пестицидтер, тұнба шөгінділер және патогендік организмдер бар шашыраңқы ластану көздерін қамтиды.

Жоспарларды әзірлеу кезінде мыналар назарға алынады:

1. Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына жағымсыз әсерін тигізуі, ауыл шаруашылығында бар:

a) Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына теріс әсерін тигізуі мүмкін шоғырланулар деңгейін бағалау;

b) адамдардың денсаулығына әлеуетті қатерлерді анықтау;

c) қолданыстағы ең үздік практиканы және олардың тиімділігін бағалау;

d) мониторинг бағдарламаларын енгізуді қоса алғанда, шашыраңқы ластану көздерін бағалау мен талдау.

2. Мыналар, саяси, заңнамалық және экономикалық шаралар,:

a) олардың жеткіліктілігі тұрғысынан ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы ластану көздерін басқаруға бағытталған жоспарларды, саясат және құқықтық тетіктер қағидаттарын бағалаумен талдауды және ең үздік тәжірибелерге қол жеткізу үшін қажетті өзгерістердің жүзеге асыру жоспарын әзірлеуді;

b) ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы ластану көздерін басқарудың қолданыстағы әкімшілік жүйесін бағалауды; сондай-ақ

c) Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы ластану көздерінен ластануын болдырмау, бақылау және бәсеңдету үшін ең үздік практикаларды пайдалануды кеңейту мақсатында экономикалық және экономикалық емес ынталандыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесуді қоса алғанда;

3. Оқыту, дайындау және хабардар болуды арттыру бағдарламалары:

a) ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы ластану көздері және олардың теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарға, адамдар денсаулығына және экономикаға әсері туралы хабардар болуды арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы секторында және бүкіл халық арасында бағдарламалар әзірлеу мен жүзеге асыруды;

b) білім жүйесінің барлық деңгейлерінде теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың, маңызды роліне және ауыл шаруашылық қызметі нәтижесінде ластану әсеріне қатысты ағарту бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды;

c) ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы көздерден ластануды болдырмау, бәсеңдету және бақылау мақсатында ауыл шаруашылығы секторының қызметкерлері үшін ең үздік құрылымдық және құрылымдық емес тәжірибелер жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді қоса алғанда, мемлекеттік басқару органдар қызметкерлерін және ауыл шаруашылығы секторының қызметкерлерін ең үздік тәжірибелерді енгізу мәселелері бойынша дайындау бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды;

d) тиімді технологияларды табыстау және ақпарат алмасуға жәрдемдесу бағдарламаларын әзірлеуді қоса алғанда.

С. Баяндамаларды ұсыну

Әр Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың 17-бабына сәйкес Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының ауыл шаруашылығында бар шашыраңқы көздерден ластануын болдырмау, бақылау және бәсеңдету жөніндегі өз жоспарлары туралы баяндамаларды ұсынады.

III ҚОСЫМША

ЛАСТАНУДЫ АТМОСФЕРА АРҚЫЛЫ КӨШІРУ

Осы Қосымша, 3-баптың 2b) тармағының ережелеріне сәйкес, осы Хаттаманы, атмосфера арқылы көшірілетін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануға қолданудың шарттарын айқындайды.

1. Осы Хаттама, атмосфераға ластаушы шығарындыларға, мынадай шарттар болған:

a) шығарылатын заттар Каспий теңізі теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына басым метеорологиялық жағдайлар кезінде тасмалданған немесе тасымалдануы мүмкін болған;

б) Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына түсетін зат мөлшері теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарға басқа да жолдармен жететін осы заттың мөлшерімен салыстырғанда Хаттаманың 6-бабына сәйкес әзірленген өлшемшарттар бойынша қауіпті болып табылған жағдайда қолданылады;

2. Каспий теңізінің теңіз ортасы және жағалау маңындағы аудандары жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанған жағдайда осы Хаттаманың 4 және 7-баптарының ережелері Уағдаласушы Тараптар арасындағы келісім бойынша осы Хаттамаға I-қосымшада санамалап көрсетілген тиісті қызмет түрлері мен заттарға қолданылады.

3. 1-тармақта, жоғарыда санамалап көрсетілген шарттар болған жағдайда осы Хаттаманың 6-бабы 1-тармағының ережелері:

а) Уағдаласушы Тараптардың өкімінде бар ауаны ластаушы көздерінің орналасуына, бөлінуіне қатысты ақпарат негізінде атмосфераға заттардың шығарындыларына – олардың саны мен шоғырлануына да;

б) отын мен шикізаттағы бақыланатын заттар құрамына да;

с) ауаның ластануына бақылау технологияларының тиімділігіне және неғұрлым тиімді өндірістік және отын жағу процестеріне де;

д) ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында бақыланатын заттардың пайдаланылуына да қолданылады.

4. Осы Хаттамаға IV-қосымшаның ережелері атмосфера арқылы ластану қолданылатын жерде соларға қатысты болады. Атмосферадан шығатын тұнбаны бағалау кезінде, сондай-ақ, олардың мөлшері мен шоғырлануы тұрғысынан жер үсті көздерінен ластаушы заттар шығарындыларының кадастрын жасаған кезде шығарындылардың жалпы қолдануға болатын коэффициенттерін және әдістемелерін пайдаланылуы арқылы ауаның ластану мониторингі және оны моделдеу жүргізіледі.

5. Осы Хаттаманың барлық баптары қолдануға болатын жерлерде және жоғарыда, 1-тармақта санамалап көрсетілген шарттарға сәйкес атмосфера арқылы көшірілетін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануға бірдей қолданылады.

IV ҚОСЫМША

ШЫҒАРЫНДЫЛАРҒА РҰҚСАТ

Осы Хаттаманың 7-бабының 3-тармағына сәйкес Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген құрамында бақыланатын заттар бар шығарындыларға рұқсат беру туралы мәселені қарау кезінде тиісті жағдайларда мына факторларды бағалайды және қарастырады:

A. Шығарындылардың сипаты мен құрамын:

1. Нүктелі немесе диффуздық көздің түрі мен мөлшері (мысалы, өндірістік процес);
2. Шығарындылардың түрі (мысалы, шыққан жері, орташа құрамы);
3. Қалдықтардың жай-күйі (мысалы, қатты, сұйық, тұнба, шлам);
4. Жалпы көлемі (шығарындының көлемі, мысалы, жылына);
5. Шығарындылар режимі (тұрақты, тұрақты емес, маусымдық ауыспалы және т.б.);
6. I қосымшада санамалап көрсетілген заттардың және басқа заттардың тиісті компоненттерінің шоғырланулары, егер қолданылатын болса.
7. Ағынды сулардың физикалық, егер қолданылса химиялық және биохимиялық қасиеттері.

B. Шығарындылар компоненттерінің зияндылығы тұрғысынан сипаттамасы

1. Теңіз ортасындағы тұрақтылық (физикалық, химиялық, биологиялық);
2. Уытты және зиянды әсерлердің өзге түрлері;
3. Биологиялық материалдарда немесе тұнбаларда жиналу;
4. Зиянды қосындыларға биохимиялық қайта жасау;
5. Оттегі құрамы мен теңгеріміне жағымсыз әсер;
6. Су ортасындағы физикалық, химиялық және биохимиялық өзгерістерге шалдыққыштық және F бөлімінде санамалап көрсетілген пайдалану түрлеріне зиянды биологиялық немесе өзге де әсер ете алатын су пайдалану теңіз суының басқа да компоненттерімен өзара іс-қимыл;

7. I қосымшаның С бөлімінде санамалап көрсетілген барлық басқа да сипаттамалар.

С. Шығарындылар объектісінің және белгіленген ортаның сипаттамалары

1. Жағалау маңындағы ауданның гидрографиялық, метеорологиялық, геологиялық және топографиялық сипаттамалары;

2. Көздердің орналасқан жері мен түрі (арнаның су жібергіші, су ағызғышы және т.б.) және оның басқа аймақтарға (рекреациялық аймақтар, уылдырық шашу орындары, питомниктер, балық аулау аймақтары, ұлуларды аулау банкілері сияқты) және басқа шығарындыларға қатысты жағдайы.

3. Қабылдайтын ортаға шығарынды нүктесінде бастапқы араластыру дәрежесі;

4. Ағымдардың, құйылулардың желдің көлбеу көшіруге және тігінен араластыруға әсері сияқты дисперсиялық сипаттамалар;

5. Төгу аймағындағы физикалық, химиялық, биологиялық және экологиялық тұрғыдан белгіленген су ортасының сипаттамалары;

6. Белгіленген теңіз ортасының қолайсыз салдарсыз тасталатын қалдықтарды қабылдау қабілеті.

Д. Қызмет немесе көздер санаттарының сипаттамалары

1. Аталған жерге тән технологиялар мен басқару әдістерін қоса алғанда қолда бар технологиялар мен басқару әдістерінің сипаттамалары;

2. Объектілердің ахуалға қарай қолданыста болған мерзімі; сондай-ақ

3. Болып тұрған экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктер.

Е. Өндірістің, қалдықтарды тазартудың баламалы технологиялары немесе басқару әдістері

1. Рециркуляция, регенерация және қайта пайдалану мүмкіндігін;

2. Шикізат материалдарын онша қауіпті емес түрлеріне немесе қауіпсіз ауыстыру;

3. Неғұрлым экологиялық таза қызмет түрлеріне немесе өнімдерге ауыстыру;

4. Қалдығы аз және экологиялық таза технологиялар немесе процесстер;
сондай-ақ

5. Төгінділердің баламалы нұсқалары (мысалы, жер бетінде жою).

Ғ. Теңіз экожүйелеріне және теңіз суын пайдалану түрлеріне әлеуетті залал келтіру

1. Ластанудың:

- a) тамаққа тұтынуға жарамды теңіз организмдеріне;
- b) шомылатын жерлердегі суға; сондай-ақ
- c) эстетикалық құндылыққа ықпал ету есебінен адамдар денсаулығына әсері.

2. Теңіз және теңіз маңы экожүйелеріне, жеке алғанда биологиялық ресурстарға, жоғалып кету қаупі бар түрлерге және күрделі мекендеу орындарына әсері.

3. Теңізді заңды пайдаланудың өзге де түрлеріне әсері.

V ҚОСЫМША

ҚОЛДА БАР ЕҢ ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЕҢ ҮЗДІК ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ПРАКТИКАСЫ БОЙЫНША БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

Осы Хаттаманың тиісті ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Тараптар қолда бар ең үздік технологияларды (ҚБЕҮТ) және ең үздік табиғат қорғау практикасын (ЕҮТҚП) қолданады немесе оларды енгізуге жәрдемдеседі.

А. Қолда бар ең үздік технологиялар

1. «Қолда бар ең үздік технологиялар (ҚБЕҮТ)» термині шығарындылар мен қалдықтарды шектеу үшін нақты шаралардың практикалық жарамдылығын көрсететін қазіргі заманғы технологияларды, жабдықтарды немесе қызмет әдістерін білдіреді. «Технологиялар» өзі пайдаланылатын технологияларды, сондай-ақ, көмегімен өндірістік қондырғы жобаланатын, құрылатын, қызмет көрсететін, жұмыс істейтін және бөлшектенетін тәсілдер мен әдістерді қамтиды.

2. Қолда бар ең үздік технологиялар пайдаланылғанда қалдықсыз технологияларды, ондайлар болған жағдайда, пайдалануға баса назар аударылады.

3. Технологиялық процестер, жабдықтар мен әдістері тобының ең үздік қолда бар технологияларға жататын жатпайтындығын айқындау кезінде және нақты жағдайларда:

a) жақында сынақтан сәтті өткен ұқсас технологиялық процестерге, жабдыққа немесе жұмыс әдістеріне;

b) технологиялық прогреске және ғылыми білімдер мен тұжырымдамалардағы өзгерістерге;

c) осындай технологиялардың экономикалық ұтымдылығына;

d) жаңа, зауыттарды да, қолда бар зауыттарда да монтаждың мерзіміне;

e) тиісті шығарындылардың сипаты мен көлеміне;

f) сақтық қағидатына ерекше назар аударылуы тиіс.

4. «Қолда бар ең үздік технологиялардың» нақты технологиялық процес үшін нені білдіретіндігін түсіну технологиялық прогресс, экономикалық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ, ғылыми білімдер мен тұжырымдамалардың өзгеруі нәтижесінде уақыт өте келе өзгереді.

5. Егер қолда бар ең үздік технологияларды пайдалану нәтижесінде шығарындылардың азаюы экономикалық жағынан қолайлы нәтижелерге алып келмесе, қосымша шаралар қолдану қажет.

В. Ең үздік табиғат қорғау практикасы

1. «Ең үздік табиғат қорғау практикасы (ЕҮТҚП)» қоршаған ортаның жай-күйін бақылау саласындағы шаралар мен стратегиялардың неғұрлым ұтымды пайдалануды білдіреді.

2. Әдістерді таңдаған кезде әрбір нақты жағдайда, ең болмағанда мынадай дәйектілікпен орналастырылған шаралар жиынтығы қарастырылуға тиіс:

a) халыққа және пайдаланушыларға қызмет пен өнімнің белгілі бір түрлерін таңдаудың, пайдаланудың және түпкілікті жоюдың экологиялық салдарларына қатысты ақпарат беру және оларды ағарту;

b) өнімнің тіршілік циклі барысында қызметінің барлық аспектілерін қамтитын тиісті экологиялық практика Кодекстерін әзірлеу және қолдану;

c) тұтынушыларға өнімге, оны пайдаланумен және түпкілікті жоюмен байланысты экологиялық тәуекелдер туралы ақпарат беретін этикетканы міндетті түрде қолдану;

d) электр энергиясын қоса алғанда, ресурстарды үнемдеу;

e) қалдықтарды жинау және жою жүйелеріне халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету;

f) қауіпті заттарды немесе өнімдерді пайдаланудан және қауіпті қалдықтарды жинаудан бас тарту;

g) рециклдеу, регенерациялау және қайтадан пайдалану;

h) қызмет түрлеріне, өнімдерге немесе өнімдер топтарына экономикалық құралдарды қолдану;

i) бірқатар шектеу шараларын немесе тыйым салуды қамтитын лицензиялау жүйесін құру.

3. Тұтас алғанда да, нақты жағдайларда да «ең үздік табиғат қорғау практикасы» шаралардың қандай үйлесімін білдіретіндігін анықтау кезінде:

a) өнімнің және оның өндірісін, пайдаланылуын және түпкілікті жойылуын экологиялық қауіптілігіне;

b) қызметтің немесе заттардың неғұрлым аз ластайтын түрлеріне ауыстыруға;

c) қолданыс ауқымына;

d) ауыстырылатын материалдардың немесе қызмет түрлерінің қоршаған орта үшін әлеуетті пайдаға немесе қатерге;

e) ғылыми білімдер мен тұжырымдамалардағы прогресске және өзгерістерге;

f) енгізу мерзіміне;

g) әлеуметтік және экономикалық салдарларға; сондай-ақ

h) сақтық шараларын қолдану қағидатына ерекше назар аударылуға тиіс.

4. Нақты көз үшін бұл «ең үздік табиғат қорғау практикасы» уақыттың өтуімен технологиялық прогресс, экономикалық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ, ғылыми білімдер мен тұжырымдамалардағы өзгерістер нәтижесінде өзгереді дегенді білдіреді.

5. Егер ең үздік табиғат қорғау практикасын пайдалану нәтижесінде түсетін заттар көлемінің азаюы экологиялық қолайлы нәтижелерге алып келмесе, қосымша шаралар қолдану және осындай ең үздік табиғат қорғау практикасын қайта қарау қажет.

Б-ҚОСЫМШАСЫ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТҰРҒЫДА БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА

Кіріспе

Каспий маңы мемлекеттері:

Әзербайжан Республикасы,

Иран Ислам Республикасы,

Қазақстан Республикасы,

Ресей Федерациясы,

Түрікменстан,

бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатындар,

2003 жылғы 4 қарашада Иран Ислам Республикасы, Тегеранда, жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның тараптары бола отырып,

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның 7, 17 және 18-баптарының ережелерін орындауға әзірлігін растай отырып,

Уағдаласушы Тараптар арасындағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі өңірлік өзара түсіністік пен ынтымақтастықты күшейтуге жәрдем көрсетуге бекіне отырып,

жоспарланып отырған қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесінің бастапқы сатысында қоршаған ортаға әсерді бағалауды қолдану орнықты даму қағидатын іске асыруға әсер ететінін мойындай отырып,

қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесінде ақпаратқа қол жеткізудің және жұртшылықтың қатысуының маңыздылығын *атап өте отырып*,

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

1-бап. Терминдерді пайдалану

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін,

(a) «Шығу Тарапы» заңдық құзыр(лар)ы аясында осы Хаттамаға I қосымшада көрсетілген, жоспарланып отырған қызметті жүзеге асыру межелеген осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапын (Тараптарын) білдіреді;

(b) «Қозғалатын Тарап» жоспарланып отырған қызметтің трансшекаралық әсері тиюі мүмкін осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапын (Тараптарын) білдіреді. Осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапы (Тараптары) қозғалатын Тарап ретінде қарастырылуы мүмкін теңіз аудандарының географиялық координаттары барлық Уағдаласушы Тараптар үшін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция күшіне енгеннен кейін оның ережелеріне сәйкес айқындалады;

(c) «Мүдделі Тараптар» осы Хаттамаға сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің шығу Тарапы мен қозғалатын Тарапын білдіреді;

(d) «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» (ҚОӘБ) жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі ұлттық рәсімді білдіреді;

(e) «Жоспарланып отырған қызмет» қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қолданылатын ұлттық рәсіміне сәйкес құзыретті органның шешім қабылдауын талап ететін кез келген қызметті немесе қызметтің елеулі түрде өзгеруін білдіреді;

(f) «Әсер ету» флораны, фаунаны, топырақты, атмосфералық ауаны, суды, климатты, ландшафтты, тарихи ескерткіштерді және/немесе осы факторлардың өзара байланысын қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасы үшін жоспарланып отырған қызметті іске асырудың кез келген салдарын білдіреді; ол адамдардың денсаулығы мен

қауіпсіздігі, мәдени мұра немесе әлеуметтік-экономикалық және өзге жағдайлар үшін салдарды да және осы факторлардың нәтижесінде болатын өзгерістерді де қамтиды;

(g) «Трансшекаралық әсер ету» жоспарланып отырған қызметті шығу Тарапы іске асырған кезде екінші Уағдаласушы Тарапқа кез келген әсер етуді білдіреді;

(h) «Жұртшылық» бір немесе одан көп жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді;

(i) «Құзыретті орган» Уағдаласушы Тарап тағайындайтын, осы Хаттамада қамтылған міндеттерді орындауға жауапты орган(дар)ды білдіреді;

(j) «Хабардар ету мақсаттарына арналған байланыс пункті» Уағдаласушы Тараптар айқындаған байланыс пунктін немесе пункттерін білдіреді, олар туралы басқа Уағдаласушы Тараптар және хабарламаны алуға жауапты, тиісті құзыретті органды хабардар етуді қамтамасыз ететін Хатшылық хабардар етіледі;

(k) «Жобаны әзірлеуші» - ұлттық рәсімге сәйкес жоспарланып отырған қызметке қатысты рұқсат алуға өтініш жасаған мемлекеттік органды қоса алғанда, бастамашыны білдіреді;

(l) «Уағдаласушы Тараптардың конференциясы» Конвенцияның 22-бабында аталған органды білдіреді;

(m) «Хатшылық» Конвенцияның 23-бабында аталған органды білдіреді.

2-бап. Мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты теңіз ортасы мен теңіз жақындығының әсеріне ұшырап отырған құрлықтың ластануын болдырмау, азайту және бақылау үшін, теңіз ортасы мен құрлықтың биологиялық әр алуандығын сақтауға және оның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға және адам денсаулығын қорғауға жәрдемдесу үшін, теңіз жақындығының әсеріне ұшыраған теңіз ортасы мен құрлыққа трансшекаралық тұрғыда айтарлықтай трансшекаралық әсер етуі мүмкін, жоспарланып отырған қызметтің тиімді және ашық ҚОӘБ рәсімдерін жүргізу болып табылады.

3-бап. Қолданылу аясы

Конвенцияның 3-бабына сәйкес осы Хаттама Каспий теңізі деңгейінің ауытқуын және жер үсті көздерінен ластануын ескере отырып, теңіз ортасына қолданылады.

4-бап. Жалпы ережелер

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға ІІ қосымшада қамтылған критерийлерді ескере отырып, осы Хаттамаға І қосымшасында санамаланған жоспарланып отырған қызмет бойынша осы Хаттаманың ережелерін орындау үшін, сондай-ақ жұртшылықтың қатысуын және осы Хаттамаға ІІІ қосымшада сипатталған қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жөніндегі құжаттардың дайындалуын шешетін қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсімдерін әзірлеуге қажетті заңнамалық, әкімшілік және басқа да шараларды қабылдайды.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға І қосымшада келтірілген, айтарлықтай трансшекаралық әсер туғызуы мүмкін жоспарланып отырған қызмет түрлерінің осы Хаттамаға сәйкес жоспарланып отырған қызметке рұқсат беру немесе оны жүргізу жөнінде шешім қабылдаудың алдында ҚОӘБ рәсіміне жатқызылуын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап Уағдаласушы Тараптарға және Хатшылыққа хабардар ету мақсатына арналған өзінің байланыс пункті туралы ақпарат береді. Хабардар ету мақсатына арналған байланыс пункті туралы ақпарат Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы электрондық немесе басқа да кез келген қолайлы түрде қол жетімді болуға тиіс.

4. Мүдделі Тараптар осы Хаттамаға сәйкес, ҚОӘБ рәсімінің бастапқы сатысынан бастап жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Осы Хаттамаға сәйкес мүдделі Тараптар шығу Тарапының жұртшылығына және қозғалатын Тарап жұртшылығына жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсімдеріне қатысу үшін тең мүмкіндік береді және оған ҚОӘБ мәселелері бойынша қолдау көрсетіп, консультациялар береді.

6. Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарды, ұлттық қауіпсіздік мүддесіндегі ұйғарымдарды немесе әкімшілік ережелерді қолдану құқығын қозғамайды.

7. Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманың қолданыс аясына түсетін мәселелерге қатысты қосымша шараларды қолдау немесе ұсыну құқығын қозғамайды.

8. Осы Хаттаманың ережелері қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық тұрғыда бағалауға қатысты халықаралық құқыққа сәйкес Уағдаласушы Тараптардың кез келген міндеттемелеріне қысым жасамайды.

5-бап. Хабарлама

1. Осы Хаттамаға I қосымшада көрсетілген жоспарланып отырған қызмет түріне қатысты шығу Тарапының құзыретті органы айтарлықтай трансшекаралық әсер етуі мүмкін жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алғаннан кейін ол байланыс пункті арқылы өзінің пікірі бойынша әлеуетті қозғалатын Тарапқа баруы мүмкін кез келген Уағдаласушы Тарапты және қалған басқа Уағдаласушы Тараптарды хабардар ету үшін Хатшылықты мейлінше ертерек хабардар етеді.

2. Хабарлама, өзгелерінің арасында:

а) хабардар ету сәтінде кез келген қол жетімді болған жоспарланып отырған қызметтің ықтимал трансшекаралық әсері туралы ақпарат пен жоспарланып отырған қызметке ықтимал шешімдердің сипаттамасын қамтитын;

б) қозғалатын Тараптың аталған хабарламаға жауап жіберуі үшін қолайлы, бірақ ағылшын және орыс тілдеріндегі хабарламаларды алғаннан кейін кемінде 30 күн болатын мерзімдерді;

с) ҚОӘБ рәсімінің келесі сатыларын жүргізу мерзімдерін және атап айтқанда, осы Хаттаманың 6, 7 және 8-баптарында айқындалғандарын көрсете отырып, көзделіп отырған ҚОӘБ рәсіміне қатысты ақпаратты қамтиды.

1. Шығу Тарапы хабарламадағы құжаттаманы мемлекеттік тілде ағылшын немесе орыс тіліне аудармасымен бірге ұсынады. Хатшылық құжаттаманы тиісінше ағылшын немесе орыс тіліне аударуды қамтамасыз етеді.

2. Шығу Тарапының құзыретті органы хабарламаны қозғалатын Тарапты хабардар ету мақсатында байланыс пунктiнiң және Хатшылықтың алуын қамтамасыз етеді.

3. Қозғалатын Тараптың құзыретті органы шығу Тарапының құзыретті органына жауап жібереді және хабарламада айқындалған мерзім ішінде өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниеті бар-жоғын көрсете отырып, Хатшылықты хабардар етеді.

4. Егер қозғалатын Тарап өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниетінің жоқ екенін көрсетсе немесе ол хабарламада айқындалған мерзім ішінде жауап қайтармаса, онда осы Хаттаманың 7-бабының 3 (b) тармағына сәйкес шығу Тарапының Хатшылыққа қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі құжаттаманың жобасын жіберу жөніндегі міндеттемесін алып тастала отырып, осы Хаттаманың осы бабы 7 және 8-тармақтарының және 6-11-баптарының ережелері қолданылмайды.

5. Егер қозғалатын Тарап өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниетінің жоқ екенін көрсетсе, онда ол шығу Тарапына өзінің хабарламаға жауабында немесе бұдан кейін дереу:

(a) қозғалатын Тараптағы қоғамдық консультациялар рәсімі туралы тиісті ақпаратты;

(b) ол туындаған жағдайда, қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі зерттеулерде шешуге ұсынылатын ерекше мәселелер туралы сұрауды; және

(c) осы тармақтың (b) тармақшасында баяндалған мәселелер бойынша қолда бар қол жетімді ақпараттың қысқаша мазмұнын ұсынады.

2. Шығу Тарапының сұрауы бойынша қозғалатын Тарап әлеуетті қозғалатын қоршаған орта туралы кез келген ақылға қонымды қол жетімді ақпарат ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманы дайындау үшін қажет болса ондай ақпаратты ұсынады.

3. Егер қандай да бір Уағдаласушы Тараптың жоспарланып отырған қызметі нәтижесінде өзін айтарлықтай трансшекаралық әсерге ұшыраймын деп санауына орынды негіздер болса және егер осы баптың 1-тармағына сәйкес хабарлама болмаса, шығу Тарапы осы Уағдаласушы Тараптың сұрауына сәйкес оған оның ҚОӘБ рәсіміне қатысатынын немесе қатыспайтындығын айқындау үшін жеткілікті ақпарат ұсынады.

6-бап. Мүдделі Тараптар арасындағы байланыс

1. Мүдделі Тараптардың құзыретті органдары:

(a) қоғамдық консультациялар жүргізу мақсаттары мен қозғалатын Тараптың құзыретті органының қарауы үшін ұсынылатын кез келген ақпаратты қоса алғанда, ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманың қажетті форматы мен тіл(дер)іне;

(b) мүдделі Тараптардың құзыретті органдары мен жобаны әзірлеушінің рөлдерін қоса алғанда, мүдделі Тараптар арасындағы келісімшарттар бойынша нақты іс-шараларға; және

(c) қозғалатын Тараптың ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманы қарауының 90 күннен аспайтын мерзіміне қатысты консультациялар өткізеді және келісімге келеді.

2. Мүдделі Тараптар қажет болған жағдайда осы Хаттаманың міндеттерін орындау жөніндегі өзара іс-қимыл тәсілдерін келіседі.

7-бап. ҚОӘБ құжаттамасының жобасын дайындау және жіберу

1. ҚОӘБ жүргізу шығу Тарапының ұлттық заңнамасы мен практикасына сәйкес жүзеге асырылады және осы Хаттаманың 5-бабы 7-тармағына сәйкес қозғалатын Тарап көтеретін барлық сұрақтарға неғұрлым толық жауап береді.

2. Шығу Тарапы қоғамдық консультациялар жүргізу және қозғалатын Тараптың құзыретті органының қарауы үшін жобаны әзірлеушінің ҚОӘБ құжаттамасының жобасын дайындауын қамтамасыз етеді. Осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес ҚОӘБ жөніндегі құжаттама мүдделі Тараптар арасындағы келісілген формат пен тіл(дер)де ұсынылады және осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес қозғалатын Тарап сұрататын ақпаратқа қосымша, кем дегенде, III қосымшада аталған тармақтарды қамтиды.

3. Шығу Тарапы ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманың жобасын:

(a) қозғалатын Тараптың құзыретті органына; және

(б) қандай да бір Уағдаласушы Тараптың сұрауы бойынша осы ақпаратты ұсынуы үшін Хатшылыққа жібереді.

***8-бап. ҚОӘБ құжаттамасын қарау және қоғамдық
консультациялар өткізу***

1. Мүдделі Тараптар осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес, ықтимал әсер ету аудандарындағы жұртшылықты:

(a) жоспарланып отырған қызметке;

(b) ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасының қол жетімді болуы; және

(c) жұртшылықты хабардар ету немесе басқа да тиісті шаралар арқылы қоғамдық консультациялар өткізу мүмкіндігі мен рәсіміне қатысты хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2. Мүдделі Тараптар ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасының, сонымен қатар қажет болған кезде қағаз түріндегі нұсқасының ашық әрі жұртшылық үшін қол жетімді болуын,

сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкес жарияланған нұсқа жұртшылық үшін қол жетімді жерлерде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

3. Мүдделі Тараптар ықтимал әсер ету аудандарындағы жұртшылыққа мүдделі Тараптардың құзыретті органдарына жоспарланып отырған қызмет жөнінде түсінік жіберу мүмкіндігін береді. Түсініктер шығу Тарапының құзыретті органына немесе осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағының (b) тармақшасына сәйкес қалай келісілсе, солай жіберіледі.

4. Қозғалатын Тараптың құзыретті органы осы Хаттаманың 6-бабы 1-тармағының (c) тармақшасына сәйкес шығу Тарапы айқындайтын мерзім ішінде ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасы бойынша қарауды жүргізіп, ескертулер береді және өз ескертулерін шығу Тарапының құзыретті органына жібереді.

5. Шығу Тарапы жобаны әзірлеушінің:

(a) алынған ескертулерді жинақтауын және қажет болған жағдайда аударуды жүзеге асыруын;

(b) талап етілетін жерде одан әрі зерделеу жүргізуін; және

(c) жұртшылықтан және қозғалатын Тараптардың құзыретті органдарынан алынған ескертулерді ҚОӘБ жөніндегі түпкілікті құжаттамаға қосуын және бұл ескертулер қалай назарға алынғандығын түсіндіруін қамтамасыз етеді.

9-бап. Мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар

1. Жоспарланып отырған қызмет бойынша түпкілікті шешім қабылдаудан бұрын қозғалатын Тараптың сұрауы бойынша шығу Тарапы қозғалатын Тараппен, оның ішінде, ықтимал келеңсіз трансшекаралық әсерді төмендету жөнінде консультациялар өткізеді.

2. Мүдделі Тараптар осындай консультациялардың бастапқы сатысында қолайлы уақыт шегінде олардың ұзақтығы туралы мәселені келіседі. Бұл орайда, егер

консультацияларды өткізу кезеңінде басқа шешім қабылданбаған болса, оларды өткізу мерзімі 180 күннен аспауға тиіс.

10-бап. Жоспарланып отырған қызметті іске асыру жөнінде түпкілікті шешім қабылдау

1. Шығу Тарапының құзыретті органы ҚОӘБ жөніндегі түпкілікті құжаттаманы қарау кезінде және жоспарланып отырған қызмет жөнінде түпкілікті шешім қабылдау кезінде осы Хаттаманың 8-бабына сәйкес алынған ескертулерді назарға алады.

2. Шығу Тарапының құзыретті органы қозғалатын Тараптың құзыретті органына және Хатшылыққа алынған ескертулер қалай ескерілгені туралы ақпаратты қоса алғанда, жоспарланып отырған қызмет жөніндегі түпкілікті шешімді оған негіз болған себептермен және түсініктермен бірге ұсынады.

3. Мүдделі Тараптар жоспарланып отырған қызмет жөніндегі түпкілікті шешім туралы ақпарат пен алынған ескертулер қалай ескерілгені туралы ақпаратқа осы Хаттаманың 8-бабы 3-тармағына сәйкес ескерту бергендерге қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

11-бап. Жобалаудан кейінгі талдау

1. Осы Хаттамаға сәйкес қызметке оған қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүзеге асырылып, оның айтарлықтай келеңсіз трансшекаралық ықтимал әсерін ескере отырып, мүдделі Тараптар олардың біреуінің өтініші бойынша жобалаудан кейінгі талдау қандай шамада жүргізілетіндігін, оның ішінде оны жүргізудің орындылығын айқындайды.

2. Жобалаудан кейінгі кез келген талдау:

(а) рұқсатта баяндалған немесе осы қызметті бекіту кезінде баяндалған шарттардың сақталуын және әсерді азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау;

(b) тиісті басқару деңгейін және белгісіздік жағдайларында іс-қимылға әзірлікті қамтамасыз ету мақсатында әсер түрлерін талдау;

(c) алынған тәжірибені болашақта ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдалану үшін бұрынғы болжамдарды тексеру мақсаттарына қол жеткізу үшін жүргізіледі.

3. Егер жобалаудан кейінгі талдау жүргізу нәтижесінде Уағдаласушы Тараптарының бірінің айтарлықтай келеңсіз трансшекаралық әсер орын алып отыр деп санауына жеткілікті негізі болса немесе осындай әсерге алып келуі мүмкін факторларды анықтаса, ол бұл туралы басқа Уағдаласушы Тараптар мен Хатшылықты дереу хабардар етеді. Бұл жағдайда мүдделі Тараптар дереу консультациялар өткізеді және әсерді азайту немесе жою мақсатында қажетті шараларды қабылдайды.

12-бап. Баяндамаларды ұсыну

Әрбір Уағдаласушы Тарап Хатшылыққа Уағдаласушы Тараптардың конференциясында айқындалғандай нысанда және мерзімділікпен осы Хаттама ережелерінің орындалуы туралы баяндаманы ұсынады.

13-бап. Ұымдастырушылық ережелері

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22-бабының 10-тармағына сәйкес Уағдаласушы Тараптардың конференциясы, *өзгелерімен қатар*:

- (a) осы Хаттаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- (b) осы Хаттаманы ұдайы шолуды жүзеге асырады;
- (c) осы Хаттамаға қосымшаларды қарайды және қабылдайды;
- (d) осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына түзетулерді қарайды және қабылдайды;

- (e) осы Хаттаманың орындалуына байланысты мәселелер бойынша Хатшылық беретін есептерді қарайды;
- (f) осы Хаттаманы орындауға қажет болуы мүмкін осындай қосалқы органдарды құрады;
- (g) қажет болған жағдайда осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін тиісті халықаралық ұйымдар мен ғылыми институттардың техникалық және қаржылай қызмет көрсетуі үшін жүгінеді;
- (h) осы Хаттаманы орындау үшін талап етілуі мүмкін кез келген қосымша функцияларды жүзеге асырады.

2. Конвенцияның 23-бабының 4-тармағына сәйкес Хатшылық, атап айтқанда:

- (a) Уағдаласушы Тараптарды хабардар ету үшін Уағдаласушы Тараптарға электрондық немесе басқа да қолайлы кез келген түрде байланыс пункттеріне қатысты ақпарат береді;
- (b) мыналарды:
 - (i) осы Хаттаманың 5-бабының 3-тармағына сәйкес жоспарланған қызметке қатысты хабарламаны;
 - (ii) осы Хаттаманың 7-бабының 3-тармағына сәйкес шығу Тарапы берген ҚОӘБ құжаттамасын; және
 - (iii) осы Хаттаманың 10-бабының 2-тармағына сәйкес алынған ескертулер қандай түрде ескерілгені туралы ақпаратты қоса алғанда, себептерімен және түсініктерімен бірге жоспарланып отырған қызмет бойынша түпкілікті шешімді қоса алғанда, осы Хаттаманы орындау барысында алынған, шығу Тарапы берген ақпаратты алады және электрондық немесе кез келген басқа қолайлы түрде таратады;

(с) осы Хаттаманы орындауға байланысты мәселелер бойынша есептерді дайындайды және таратады;

(d) Уағдаласушы Тараптардан алынатын мәселелер мен ақпаратты қарайды және олармен осы Хаттаманы орындауға байланысты мәселелер жөнінде консультациялар өткізеді;

(e) мүмкіндігінше Уағдаласушы Тараптар арасында ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және Уағдаласушы Тараптарға осы Хаттаманың ережелерін орындауға көмек көрсетеді; және

(f) кез келген Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша осы Хаттаманы тиімді орындау үшін техникалық жәрдемдесуді және консультацияларды қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

(g) өңірлік және халықаралық ұйымдармен және бағдарламалармен тиісінше ынтымақтасады; және

(h) Уағдаласушы Тараптардың конференциясында айқындалуы мүмкін басқа да функцияларды орындайды.

14-бап. Хаттаманы қаржыландыру

1. Осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігінше тиісті бағдарламаларды, жобаларды және шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды қаржылай қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Бұл үшін Уағдаласушы Тараптар:

(a) осы мақсаттар үшін көзделген ішкі қаржы ресурстарын бөледі;

(b) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, екіжақты және көпжақты көздердің қаржы ресурстары мен қаржыландыру тетіктерін тартуға жәрдемдеседі; және

(с) басқа мемлекеттердің үкіметтік мекемелері, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен жеке сектор құрылымдары қорларының қаражатын қоса

алғанда, ресурстарды тарту және бағыттау үшін инновациялық әдістер мен ынталандыруларды зерделейді.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың конференциясы басқа шешім қабылдамаса, осы Хаттамаға Конвенцияның қаржы қағидасы *mutatis mutandis* қолданылады.

3. Осы Хаттамада қамтылған қызметтің барлық түрі және оларды жүзеге асыру Уағдаласушы Тараптардың бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ өздерінің ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылады.

15-бап. Дауларды реттеу

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты кез келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес реттеледі.

16-бап. Хаттаманы қабылдау және оның күшіне енуі

Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бірауызды шешімімен қабылданады.

Осы Хаттама- дейін..... қаласында Каспий маңы мемлекеттерінің ғана қол қоюы үшін ашық.

Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады және қол қоюға жабылған күнінен бастап, кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін ашық болады.

Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе осы Хаттамаға қосылу туралы құжаттар Конвенция Депозитарийіне сақтауға тапсырылады.

Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің барлығы ратификациялау, қабылдау, бекіту және оған қосылу жөніндегі құжаттарды сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

17-бап. Осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды және оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау

Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды, сондай-ақ оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныстар енгізе алады. Мұндай түзетулер мен қосымшаларды Уағдаласушы Тараптар қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24, 25 және 34-баптарына сәйкес күшіне енеді.

18-бап. Хаттаманың ұлттық заңнамаға әсері

Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманы орындау үшін барынша қатаң тиісті ұлттық шаралар қабылдау құқығына әсер етпейді.

19-бап. Өзге де халықаралық шарттармен байланысы

Осы Хаттамада ешнәрсе Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

20-бап. Ескертулер

Осы Хаттамаға ешқандай ескертулерге жол берілмейді.

21-бап. Депозитарий

Конвенцияның Депозитарийі осы Хаттаманың Депозитарийі болып табылады.

22-бап. Тең түпнұсқалы мәтіндер

Осы Хаттаманың қазақ, әзербайжан, орыс, түрікмен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалы болып табылады. Осы Хаттаманы талқылау немесе қолдану туралы даулар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

23-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздерге қатысы

Осы Хаттаманың ешбір ережесі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің нәтижесін алдын ала айқындайтындай түсіндірілмейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

201_жылғы «__»_____ қаласында жасалды.

Әзербайжан Республикасы үшін

Иран Ислам Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Түрікменстан үшін

I ҚОСЫМША

Қызмет түрлерінің тізбесі

1. Мұнай өңдеу зауыттары (шикі мұнайдан жағар материалдарын ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және өнімділігі күніне 500 т немесе одан көп көмірді немесе битуминоздық тақтатастарды газдандыруға және сұйылтуға арналған қондырғылар.

2. Жылу қуаты 300 мегаватт немесе одан жоғары жылу станциялары мен сұйылтуға арналған басқа да қондырғылар, сондай-ақ

3. Атом электр станциялары және басқа атом реакторлары ең жоғары қуаты 1 кВт тұрақты жылу жүктемесінен аспайтын ыдыратқыш және ұдайы өндірілетін материалдарды өндіруге және конверсиялауға арналған зерттеу қондырғыларын қоспағанда, атом электр станцияларын немесе атом реакторларын¹ бөлшектеуді немесе пайдаланудан шығаруды қоса алғанда.

4. Ядролық отынды өндіруге немесе байытуға, пайдаланылған ядролық отынды регенерациялауға және сақтауға немесе радиоактивті қалдықтарды сақтауға, көмуге және қайта өңдеуге ғана арналған қондырғылар.

5. Домна және болат балқыту өндірісіне және түсті металдарды балқытуға арналған ірі қондырғылар.

6. Асбест және асбесті өңдеу мен қайта жасау және асбесті бар өнімдерді шығару үшін: жылдық өндірісі 20 000 т дайын өнімнен асатын - асбестцементті өнімдерге қатысты; жылдық өндірісі 50 т дайын өнімнен асатын - фрикциялық материалдарға қатысты; және жылына 200 т пайдаланатын - асбесті қолданудың басқа да түрлеріне қатысты қондырғылар.

7. Химия және мұнай-химия кәсіпорындары.

8. Автомагистральдарды, жылдам жүретін жолдарды², алысқа қатынайтын темір жолдарды және ілеспе көпірлерді және негізгі ұшу-қону жолағының ұзындығы 2100 метр және одан да асатын әуежайларды салу, реконструкциялау және/немесе кеңейту.
9. Мұнайды, газ бен мұнай өнімдерін немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған үлкен диаметрлі құбырлар.
10. Теңіз сауда порттары, сондай-ақ ішкі су жолдары мен су сыйымдылығы 1350 т асатын кемелердің өтуіне мүмкіндік беретін кеме жүретін ішкі жолдарға арналған порттар.
11. Қалдықтарды өртеу, химиялық өңдеу жолымен жою қондырғылары және қалдықтарды көму объектілері.
12. Ірі бөгендер, су айдындары және Каспий теңізінен су тарту арналары.
13. Егер алынатын немесе толтырылатын судың жылдық көлемі 10 млн. текше метрге жеткен немесе одан да асқан жағдайда жер асты суларын тарту жөніндегі қызмет немесе жер асты суларын жасанды жолмен толтыру жүйесі.
14. Ауамен кептіруден өткен, күніне 200 т немесе одан да көп көлемде целлюлоза, қағаз және картон алатын өндіріс.
15. Ірі карьерлер және металл рудалары немесе көмір өндірілетін жердегі кендерді ірі ауқымда ашық өндіру, шығару және байыту.
16. Көмірсутектерін теңізде өндіру. Алынатын көлемі мұнай болған жағдайда күніне 500 т асатын және газ болған жағдайда 500 000 текше метр болатын коммерциялық мақсатта мұнай және табиғи газды өндіру.
17. Мұнай, мұнай-химия және химия өнімдерін сақтауға арналған ірі қоймалар.
18. Үлкен алаңдарда орманның жойылуы.

19. Су ресурстарын өзен бассейндері шегінде немесе арасында қайта ауыстыру жөніндегі жұмыстар, мұндай қайта ауыстыру судың жетіспей қалу мүмкіндігін болдырмауға бағытталған және ауыстырылатын судың көлемі жылына 100 млн. текше метрден аспайды; барлық басқа жағдайларда су ресурстарын жылына 2000 млн. текше метрден асатын бассейннен су алуды көп жылдық орташа ағыны бар өзен бассейндері шегінде немесе арасында қайта ауыстыру жөніндегі жұмыстар, мұндай жағдайда ауыстырылатын су көлемі осы ағынның 5 %-нан асады. Екі жағдайда да құбырлық ауыз суды ауыстыруға болмайды.

20. Баламалы халық санының 150 000 адам санынан асатын өнімділікпен ағынды суларды тазалауға арналған қондырғылар.

21. Микробиологиялық және биотехнологиялық өнеркәсіп орындары және қоршаған ортаға гендік-түрлендірілген организмдерді шығару.

22. Құрлық учаскелерін жасанды түрде ұлғайту және аралдар, жолақтар және рифтер жасау.

I қосымшаға ескертпе

¹ Осы Хаттаманың мақсаттары үшін барлық ядролық отын және басқа да радиоактивті ластанған элементтер қондырғының өнеркәсіптік алаңынан түпкілікті жойылған жағдайда атом электр станциялары және басқа да атом реакторлары мұндай қондырғы болудан қалады.

² Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:

- «Автомагистраль» термині автокөлік құралдарына арнайы салынған және олардың жүруіне арналған, жол маңындағы иеліктерге қызмет көрсетпейтін жолды білдіреді және онда:

(а) жекелеген орындарды немесе уақытша шектеулерді қоспағанда, жүруге арналмаған немесе ерекше жағдайларда басқа құралдармен жүретін бір-бірінен бөліп тұрған жолақпен бөлінген екі бағытта жүруге арналған жекелеген жүру бөліктері болады;

(b) жолдармен, темір жолдармен немесе трамвай жолдарымен, жаяу жүретін жолдармен бір деңгейде кесіп өтетін жерлері болмайды;

(c) автомагистральдар ретінде арнайы белгіленген.

- «Жылдам жүретін жол» термині оған кіру айырықтар немесе реттеп отыратын түйісу жолдары арқылы ғана мүмкін болатын және онда, атап айтқанда, тоқтауға және жүретін бөлігінде (жүретін бөліктерінде) аялдауға тыйым салынған, көлік құралдарының жүруіне арналған жолды білдіреді.

³ Осы Хаттаманың мақсаттары үшін «әуежай» термині Халықаралық азаматтық авиация ұйымын құратын 1944 жылғы Чикаго конвенциясында қамтылған анықтамаға сай келетін әуежайды білдіреді (14-қосымшасы).

II ҚОСЫМША

Елеулі трансшекаралық әсерді айқындауға септігін тигізетін критерийлер тізбесі

Мүдделі Тараптар қызметтің елеулі келеңсіз трансшекаралық әсері, атап айтқанда, төмендегі критерийлердің бірінің немесе бірнешеуінің негізінде әсері бола ма деген мәселені қарай алады:

(a) Мөлшері: мөлшері қызметтің осы түрі үшін ауқымды болатын қызметтің жоспарланатын түрлері;

(b) Орналасуы: ерекше экологиялық сезімтал немесе маңызды немесе оларға жақын (1971 жылғы 2 ақпандағы Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияда айқындалған сулы-батпақты алқаптар, ұлттық парктер, табиғи қорықтар, ерекше ғылыми мүддедегі орындар немесе археологиялық, мәдени немесе тарихи маңызы бар орындар сияқты) аудандарда тікелей орналасқан жоспарланатын қызмет түрлері; сондай-ақ жоспарланатын әзірлемелердің сипаттамасы халыққа елеулі әсер ететін орындардағы жоспарланатын қызмет түрлері;

(c) Әсер етуі: адамға немесе құнды түрлерге немесе организмдерге айтарлықтай әсер ету тәуекелін ұлғайтатын, қозғалатын ауданның қазіргі немесе әлеуетті пайдалануға қатер төндіретін және қоршаған ортаның әлеуетін көтеруге төтеп бере алмауы мүмкін қосымша шығарындылардың себебі болып табылатын қызмет түрлерін қоса алғанда, ерекше кешенді және әлеуетті келеңсіз әсер етуі жоспарланатын қызмет түрлері.

III ҚОСЫМША

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі құжаттаманың ең аз мазмұны

Осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жөніндегі құжаттамаға қосылуы тиіс ақпарат, ең кемінде мыналарды:

- (a) жоспарланатын қызметтің сипаттамасын және оның мақсаттарын;
- (b) сипаттаманы, қажет болғанда жоспарланатын қызметтің ақылға қонымды баламалары (мысалы, географиялық немесе технологиялық сипаттағы), оның ішінде қызметтен бас тарту нұсқасын;
- (c) қоршаған ортаның жоспарланатын қызмет немесе оның балама нұсқалары айтарлықтай қозғауы мүмкін элементтердің сипаттамасын;
- (d) жоспарланатын қызметтің және оның балама нұсқаларының қоршаған ортаға әсерінің ықтимал түрлерінің сипаттамасын және олардың ауқымдарын бағалауды;
- (e) қоршаған ортаға теріс әсерді ең төмен деңгейге жеткізуге бағытталған алдын алу шараларының сипаттамасын;
- (f) болжамдау әдістеріне нақты нұсқаманы және осылардың негізінде жатқан бастапқы ережелерді, сондай-ақ қоршаған орта туралы пайдаланылатын тиісті деректерді;
- (g) білімдегі олқылықтарды және талап етілетін ақпаратты дайындау кезінде табылған белгісіздікті анықтауды;
- (h) қажет болған кезде мониторинг және басқару бағдарламаларының және жобалық талдаудан кейінгі барлық жоспарлардың қысқаша мазмұнын; және
- (i) техникалық емес сипаттағы, қажет болған кезде материалдар берудің көрнекі құралдарын (карталар, кестелер және т.б.) пайдалана отырып берілетін түйіндемені қамтуға тиіс.

В-ҚОСЫМШАСЫ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

Кіріспе

Бұдан әрі Уағдаласушы тараптар деп аталатын, Каспий маңы мемлекеттері:

Әзербайжан Республикасы,
Иран Ислам Республикасы,
Қазақстан Республикасы,
Ресей Федерациясы,
Түркіменстан,

2003 жылғы 4 қарашада Тегеранда жасалған, бұдан әрі Конвенция деп аталатын, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік конвенцияның Уағдаласушы Тараптары *бола отырып*,

14-баптың 2-тармағында биологиялық ресурстарды қорғау, сақтау және қалпына келтіру үшін қажетті шараларды қабылдау мақсатында Хаттамаларды әзірлеуде ынтымақтасу көзделетін Конвенцияны орындауға белсене шешім *жасай отырып*,

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылғы 5 маусымдағы Биологиялық әртүрлілік туралы конвенциясының Уағдаласушы Тараптары *бола отырып*,

Каспий теңізі бірегей экожүйе болып табылатынын, қорғауды, сақтауды және қалпына келтіруді талап ететін маңызды ұлттық, өңірлік және жаһандық мәні бар биотоптар мен түрлердің үлкен санына ие, сондай-ақ биологиялық ресурстарды тұрақты және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету қажеттілігін *түсіне отырып*,

Биологиялық әртүрлілікке қауіп төндіретін әртүрлі антропогендік қызмет түрлері әрекетінің нәтижесінде Каспий теңізінің теңіз ортасына келтірілетін ауыртпалықты *назарға ала отырып*,

Каспий теңізінің жағалау маңы және теңіз аудандарының биологиялық әртүрлігін сақтау, табиғи және мәдени мұрасының жай-күйін, атап айтқанда, қорғалатын аудандарды дамыту, сондай-ақ қауіп төніп тұрған түрлерді ұлттық және өңірлік деңгейлерде қорғау және сақтау жолымен жақсарту маңыздылығын *атап көрсете отырып*,

Бөгде түрлер проблемасын және оларды бақылау мен антропогенді қызмет әрекетінің нәтижесінде мұндай түрлердің Каспий теңізіне және одан тысқары жерге орын ауыстыруларын болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу қажеттілігін алаңдаушылықпен *атап көрсете отырып*,

Каспий теңізінің жағалау маңы және теңіз экожүйелерінің өміршеңдігін және тұтастығын қорғау, сақтау және қалпына келтіру жөніндегі қажетті шаралар қабылдау қажеттілігін мойындай отырып,
төмендегі туралы *УАҒДАЛАСТЫ*:

I-бөлім Жалпы ережелер және міндеттемелер

I-бап. Терминдерді пайдалану

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мынадай терминдер:

- (a) **"Биологиялық әртүрлілік"** өзгелердің арасында өздері бір бөлігі болып табылатын жердегі, теңіздегі және басқа да су экожүйелері мен экологиялық кешендер болып табылатын барлық көздердегі тірі ағзалардың саналуандығын білдіреді; бұл ұғым түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы әртүрлілікті және экожүйелердің әртүрлілігін қамтиды;
- (b) **"Биологиялық әртүрлілік"** генетикалық ресурстарды, ағзаларды немесе олардың бөліктерін, таралымдарын немесе адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар экожүйелердің кез келген басқа биотехникалық құрамбөліктерін қамтиды;
- (c) **"Биотехнология"** өнімдерді немесе процестерді нақты пайдалану мақсатында оларды жасау немесе өзгерту үшін туынды биологиялық жүйелерді, тірі ағзаларды немесе олардың бөліктерін пайдаланумен байланысты технологиялардың кез келген түрін білдіреді;

- (d) **"Құзыретті орган"** Конвенцияның 1-бабында келтірілген не «Ұлттық органды» не Ұлттық орган тағайындаған және осы Хаттамада көзделген міндеттемелердің орындалуына жауапты Уағдаласушы Тараптың үкіметіндегі органды(дарды) білдіреді;
- (e) **"Генетикалық ресурстардың шыққан елі"** барлық Каспий маңы мемлекеттері иеленушілері болып табылатын биологиялық ресурстардың келісілген трансшекаралық түрлерін қоспағанда, in-situ жағдайларында осы генетикалық ресурстарға ие елді білдіреді;
- (f) **"Генетикалық ресурстарды беретін ел"** жабайы түрлердің де, қолға үйретілген түрлердің де таралымдарын қоса алғанда, in-situ көздерінен жиналған не олар осы елден шығатындығына немесе шықпайтындығына қарамастан ex-situ көздерінен алынған генетикалық ресурстарды беретін елді білдіреді;
- (g) **"Қолға үйретілген және өсірілетін түрлер"** адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында эволюция процесіне әсер ететін түрлерді білдіреді;
- (h) **"Экожүйе"** өсімдіктердің, жануарлардың және микроағзалардың, сондай-ақ олардың қоршаған ортасының, бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара әрекет жасайтын өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің серпінді кешенін білдіреді;
- (i) **"Эндемикалық түрлер"** тек белгілі бір географиялық өңірде кездесетін кез келген түрлерді білдіреді;
- (j) **"Ex-situ сақтау"** биологиялық әртүрлілік құрамбөліктерінің табиғи мекендеу орындарынан тыс жерлерде оларды сақтауды білдіреді;
- (k) **"Генетикалық материал"** тектің функционалдық бірліктерін қамтитын өсімдіктік, жануарлық, микробтық немесе өзге шығу тегінің кез келген материалын білдіреді;
- (l) **"Генетикалық өзгертілген түрлер"** генетикалық материалы гендік технологияны қолдану арқылы өзгертілген кез келген түрді білдіреді;

- (m) **"Генетикалық ресурстар"** нақты немесе ықтимал құндылықты білдіретін генетикалық материалды білдіреді;
- (n) **"Мекендеу орны"** сол немесе басқа ағза немесе таралым мекендейтін жердің тұрпатын немесе олардың табиғи мекендеу орнын білдіреді;
- (o) **"In-situ сақтау"** экожүйелер мен табиғи мекендеу орындарын сақтауды, сондай-ақ ал түрлердің тіршілікке қабілетті таралымдарын оларды табиғи ортада ұстауды және қалпына келтіруді, ал қолға үйретілген немесе өсірілетін түрлерге қатысты - олар өздерінің ерекшелік белгілеріне ие болған ортада ұстауды және қалпына келтіруді білдіреді;
- (p) **"Бөгде түрлер"** (сондай-ақ экзогенді немесе әкелінген түрлер ретінде белгілі) адам қызметінің әдейі немесе кездейсоқ тарату салдарының нәтижесінде олардың тарихи белгілі табиғи ареалының шегінен тыс жерде пайда болған кез келген түрлерді білдіреді;
- (q) **"Инвазивтік түрлер"** пайда болуы және таралуымен экожүйеге немесе биологиялық ресурстарға экономикалық немесе экологиялық залал келтіруі не адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін бөгде түрлерді (кірме түрлерді) білдіреді;
- (r) **"Тараптар конференциясы"** Конвенцияның 22-бабында көрсетілген органды білдіреді;
- (s) **"КТЕҚА тізімі"** Каспий теңізінің теңіз ортасы үшін маңызды мәні бар қорғалатын аудандар тізімін білдіреді;
- (t) **"Қорғалатын аудан"** нақты табиғат қорғау мақсаттарына қол жеткізу үшін бөлінетін, реттелетін және пайдаланылатын географиялық тұрғыдан белгіленген аумақты білдіреді;
- (u) **"Хатшылық"** Конвенцияның 23-бабында көрсетілген органды білдіреді;
- (v) **"Орнықты пайдалану"** биологиялық әртүрлілік құрамбөліктерін ұзақ мерзімді келешекте биологиялық әртүрліліктің сарқылуына әкеліп соқпайтындай жолмен және

қарқында пайдаланып, қазіргі және болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың ой-арманына жауап беру үшін оның қабілетін сақтауды білдіреді;

- (w) **"Технология"** басқалардың арасында биотехнологияны қоса алғанда, тәжірибелік және/немесе өнеркәсіптік қолданылуы бар кез келген немесе барлық қолданбалы ғылымдардың тәжірибесін, сипатын және терминологиясын білдіреді;
- (x) **"Жойылып кету қауіпі төнген түрлер"** антропогендік қызметтің немесе басқа факторлардың нәтижесінде оның тірі қалуына қауіп төніп тұрған кез келген таксонды білдіреді;
- (y) **"Интродукция"** Каспий теңізінің экожүйесіне сырттан қандайда бір түрді әдейі немесе кездейсоқ ауыстыруды білдіреді;
- (z) **"Қолданыстағы халықаралық шарттар"** оларға осы Хаттаманың барлық Уағдаласушы Тараптары қатысатын қолданыстағы тиісті халықаралық заңгерлік құралдарды білдіреді.

2-бап. Мақсаттары

Осы Хаттаманың мақсаттары Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігінің және экожүйесінің өміршеңдігін және тұтастығын қорғау, сақтау және қалпына келтіру, сондай-ақ биологиялық ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады және осы орайда:

- (a) Олардың ұзақ мерзімді өміршеңдігін және әртүрлілігін қамтамасыз ету үшін жойылып кету қауіпі төнген түрлерді және осал экожүйелерді сақтау;
- (b) Сақтық шараларын қабылдау қағидатына сәйкес түрлердің, мекендеу орындарының және экожүйелердің нашарлауын, жұтаңдауының және нұқсан келтіруді болдырмау;
- (c) Түрлердің, ерекше мекендеу орындарының, экологиялық жүйелердің және табиғи, сондай-ақ онымен байланысты мәдени мұраның кең спектрін неғұрлым толық көрсететін аудандарды қорғау және сақтау.

3-бап. Қолданылу аясы

Конвенцияның 3 және 15-баптарына сәйкес Хаттама Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес немесе басқа тәсілмен айқындалған халықаралық маңызы бар сулы-батпақты жерлерді қоса алғанда, оның деңгейінің ауытқуларын және жер үсті көздерінен ластануын, сондай-ақ теңіз жақындығының әсеріне ұшырайтын құрлықты назарға ала отырып, Каспий теңізінің теңіз ортасына қолданылады.

4-бап. Хаттаманы орындау

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттама ережелерінің өз аумағында және өзінің заңдық құзырына сәйкес орындауды үйлестіретін құзыретті органды белгілейді.

5-бап. Жалпы міндеттемелер

Осы Хаттаманың 9-бабының 1-тармағын, 11-бабының 2-тармағын және 30-бабын назарға ала отырып, осы Хаттаманы қолдану кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларын басшылыққа алады. Осы орайда Уағдаласушы Тараптар:

- (a) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау, сақтау және қалпына келтіру үшін қажетті шараларды дербес немесе бірлесе отырып қабылдайды;
- (b) Каспий теңізінің табиғат ресурстарын Каспий теңізінің теңіз ортасына және биологиялық ресурстарына залал келтірмейтін түрде пайдаланады;
- (c) Жойылып кету қаупі төнген түрлерге ерекше назар аудара отырып, биологиялық әртүрлілікті қорғайды, сақтайды және қалпына келтіреді;
- (d) Қоршаған ортаға залал келтірмейтін және орнықты әдістерді қолдана отырып бірегей, мейлінше осал болып табылатын немесе өңір үшін маңызды мәні бар аудандарды, ең алдымен қорғалатын аудандарды құру жолымен қорғайды, сақтайды және қалпына келтіреді;

- (e) Ұлттық, қажет болған кезде өңірлік стратегияларды, іс-қимыл жоспарларды және бағдарламаларды қабылдайды және биологиялық әртүрлілікті сақтау және олардың мекендеу орындарын қоса алғанда, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану мен басқару бойынша тиісті заңнаманы әзірлейді және қолданады;
- (f) Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігімен байланысты мониторинг бойынша шараларды жүзеге асырады;
- (g) Биологиялық әртүрлілікті сақтау және биологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалану мақсаттарында биологиялық әртүрлілік және мекендеу орындарының тізілімдерін анықтайды және құрады;
- (h) Салалық стратегиялардың және іс-қимыл жоспарларының биологиялық әртүрлілігін сақтау және биологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалану қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- (i) Биологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалану және биологиялық әртүрлілікті сақтау қажеттілігін назарға ала отырып, жағалау маңындағы аудандарды кешенді ұлттық басқаруды жүзеге асырады;
- (j) Мекендеу орындарына және түрлерге елеулі түрде теріс әсер ететін немесе әсер етулері мүмкін ластану көздерін және кез келген қызметті бақылайды;
- (k) Бір-бірімен және құзыретті халықаралық ұйымдармен биологиялық әртүрлілікті сақтау және жойылып кету қауіпі төнген түрлерді және экожүйелерді басқару саласында ынтымақтастық жасайды.

6-бап. Түрлерді қорғау және сақтау бойынша шаралар

Түрлерді қорғау және сақтау мақсаттарында Уағдаласушы Тараптар:

- (a) Уағдаласушы Тараптар талқылағаннан және талдау жүргізгеннен кейін Уағдаласушы Тараптар Конференциясында қабылдау үшін тиісті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта әзірленетін Каспий Қызыл Кітабы негіз болатын жойылып кету қауіпі төнген флора және фауна түрлерінің жанжақты тізілімдерін жасайды және осы хаттамаға I қосымша санаттарының негізінде осы түрлерге қорғалатындар мәртебесін береді;
- (b) Қорғалатын түрлерге және олардың мекендеу орындарына кері әсер тигізетін қызметті реттейді және осы түрлерді сақтау саласында қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін басқа да шараларды қабылдайды;
- (c) Флора және фаунаның қорғалатын түрлерін, олардың бөліктерін, сондай-ақ туындыларын әдейі және, мүмкіндігінше, кездейсоқ аулауға, иеленуді немесе өлтіруге немесе союды, тасымалдауды және коммерциялық мақсаттарда пайдалануға бақылау жүргізу және, қажетті кезде тыйым салады;
- (d) Фаунаның көбею, инкубация, ұйқыда ұзақ жату немесе қоныс аудару кезеңінде, сондай-ақ басқа да биологиялық стресс кезеңдеріне оның бұзылуына әкепсөғатын қызметке бақылау жасайды және қажет болған кезде тыйым салады;
- (e) Жұлып алуды, жинауды, кесіп алуды, қопарып алуды, иеленуді, саудалауды, тасымалдауды және коммерциялық мақсаттарда көпшілікке көрсетуді қоса алғанда, қорғалатын флора түрлеріне, олардың бөліктеріне және олардан жасалған өнімдерге қатысты жоюдың және араласудың кез келген нысандарын реттейді;
- (f) Қоныс аударатын түрлерді қорғау және қалпына келтіру жөнінде ынтымақтастық жасайды;
- (g) Осы Хаттамаға I қосымшаға енгізілген жойылып кету қауіпі төнген түрлердің жай-күйінің, сондай-ақ олардың аман қалуына қауіп төндіретін әсер ету

сипатының және ауқымының ұзақ мерзімді мониторингін таралым қарқынының келісілген жалпы өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырады;

- (h) Осы Хаттамаға I қосымшаға енгізілген жойылып кету қауіпі төнген түрлер таралымын сақтау үшін қабылданатын шаралар туралы ақпаратпен алмасады және келісілген жалпы өлшемшарттардың негізінде мұндай шаралардың тиімділігін бағалауды жүргізеді;
- (i) Осы Хаттамаға I қосымшада тізілген түрлерді in-situ және ex-situ сақтау және қалпына келтіру бойынша ұлттық, қажеттілігіне қарай өңірлік іс-қимыл жоспарларын әзірлейді және іске асырады;
- (j) Осы Хаттамаға I қосымшада тізілген жойылып кету қауіпі төнген түрлерді қорғауды, сақтауды және қажет болған кезде, қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық жасайды;
- (k) ғылыми мақсаттарда және өсімін молайту мақсаттарында және адам денсаулығына қауіп төну жағдайында таралымдардың зерттелетін түрлерінің немесе кез келген басқа түрлерінің аман қалуына қауіп төндірмейтін жағдайда осы Хаттамаға I қосымшада тізілген түрлерді қорғау үшін көзделген тыйым салудан мұндай босату қажет болған кезде ұлттық заңнамаға сәйкес ұсынады.

7-бап. Бөгде түрлер

Уағдаласушы Тараптар:

- (a) бөгде түрлердің жерсінуін реттейді және экожүйелерге, мекендеу орындарына немесе түрлерге кері әсер тигізуі мүмкін түрлерге тыйым салады және залал келтіріп жатқан немесе келтіруі мүмкін әкелінген түрлерді реттейді;
- (b) Каспий теңізіне енгізілген барлық бөгде түрлердің жай-күйін зерделейді, олар төндіретін тәуекелдерді талдайды және инвазивті түрлер ретінде анықталған түрлерге қатысты өңірлік іс-қимыл жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады.

8-бап. Генетикалық модификацияланған түрлер

Уағдаласушы Тараптар генетикалық модификацияланған түрлердің жерсінуін реттейді және адам денсаулығына, экожүйелерге, мекендеу орындарына және түрлерге зиянды әсер етуі мүмкін түрлерге тыйым салады, залал келтіріп жатқан немесе келтіруі мүмкін әкелінген түрлерді реттейді. Кез келген мұндай жерсіну Уағдаласушы Тараптардың алдын ала талқылауды және талдауды жүргізген жағдайда, Уағдаласушы Тараптар конференциясының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

III-бөлім Қорғалатын аудандарды қорғау және сақтау

9-бап. Қорғалатын аудан мәртебесін беру

1. In-situ сақтау мақсаттарында және ешбір басқа Уағдаласушы Тарап қарсы болмауына көз жеткізіп, әр бір Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға II қосымшада тізібеленген өлшемшарттарға сәйкес осы Хаттаманың мақсаттары үшін теңіз ортасында және теңіздің жақындығы әсерін тигізетін құрылыста қорғалатын аудандарды бөле алады. Мұндай қорғалатын аудандар мәртебесі:

- (a) олардың ұзақ мерзімді өміршеңдігін қамтамасыз ету және биологиялық әртүрлілігін ұстап тұру үшін өңірге тән жағалау маңы және теңіз экожүйелерінің жеткілікті мөлшердегі типтерін;
- (b) олардың табиғи таралуы азаюы салдарынан немесе оларға тән шектеулі таралу себебі бойынша қысқартылғандарды қоса алғанда, өзінің табиғи таралуында және осы Хаттаманы қолдану аясында жойылып кету қауіпі төнген мекендеу орындарын;
- (c) жойылу қауіпі төніп тұрған не флора мен фаунаның эндемикалық түрлерінің аман қалуы, көбеюі және қалпына келуі үшін өмірлік маңызды мекендеу орындарын;
- (d) олардың ғылыми, эстетикалық, мәдени немесе білім беру мәніне қарай ерекше маңызды объектілерді қорғау мақсаттарында берілуі мүмкін.

2. Егер екі және одан да көп Уағдаласушы Тараптар бірлесіп қорғалатын ауданының мәртебесін бірлесе беруге ниетті болса, осы Тараптардың Құзыретті органдары қажетті шаралар туралы келісімге қол жеткізу мақсатында ынтымақтастыққа қадам жасайды.

3. Жағалау маңында, теңіз аудандарын да қамтитын қорғалатын аудан мәртебесін беру кезінде Уағдаласушы Тарап қорғалатын аудандарды басқаруды олардың тұтастығында үйлестіруді қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды. Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға II қосымшада баяндалған басшылық қағидаттарға және жалпы критерийлерге сәйкес басқару жоспарларын әзірлейді және қолданады.

10-бап. Қорғалатын аудандар және оларды басқару

1. Қолданылатын халықаралық шарттарға және ұлттық заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Тарап қажетті табиғат қорғау шараларын қабылдайды, соның ішінде мыналар бойынша:

- (a) қорғалатын аудан экожүйесінің бүтіндігіне тікелей немесе жанама зиян келтіруі мүмкін қалдықтарды және басқа заттарды көмуге немесе орналастыруға тыйым салу;
- (b) кемелердің жүзіп өтуін және рейдке немесе зәкірге кез келген тұруын реттеу;
- (c) осы қорғалатын ауданға тән емес түрлерді, сондай-ақ осы қорғалатын ауданда бар немесе бар болған түрлердің қайта жерсінуін қоса алғанда, осы аудандағы кез-келген түрлерді жерсіндіруді реттеу;
- (d) құрылыспен немесе іздену жұмыстарымен байланысты кез келген қызметті қорғалатын аудан шегінде реттеу;
- (e) кез-келген ғылыми-зерттеу қызметін реттеу;
- (f) балық аулауды, аңшылықты, жануарларды аулауды, өсімдіктер жинауды немесе оларды жоюды, сондай-ақ жануарларды және жануарлардың бөлшектерін, өсімдіктерді және өсімдіктердің бөлшектерін саудалауды реттеу;
- (g) қорғалатын ауданның түрлеріне зиян келтіруі немесе оларға әсер етуі мүмкін немесе экожүйелердің сақталуына қауіп төндіруі не табиғи және мәдени

ерекшеліктеріне зиян келтіруі мүмкін кез-келген басқа қызметті және іс-әрекетті реттеу;

- (h) маңызды экологиялық және биологиялық жүйелерді қорғауға бағытталған кез-келген басқа шаралар.

2. Қолданылатын халықаралық шарттарға және ұлттық заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Тарап қорғалатын аудандарды жоспарлау, басқару, бақылау және мониторингін жүргізу бойынша:

- (a) басқару және қорғау бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық шектерді, сондай-ақ қолданылатын шараларды анықтайтын басқару жоспарын әзірлеу және қабылдау;
- (b) экологиялық жүйелердің, мекендеу орындарының, қауымдастық серпінінің, сондай-ақ антропогендік қызмет әсерінің мониторингі;
- (c) қорғалатын ауданды басқару жоспарын әзірлеуге және одан әрі басқаруға жергілікті қоғамдастықтарды және халықтың қалың тобын қажет болған жағдайда белсенді түрде тарту және қорғалатын ауданды құруды оларға қатысты болуы мүмкін жергілікті тұрғындарға көмек көрсету;
- (d) жергілікті қоғамдастықтарды, халықтың қалың тобын және ұйымдарды даярлау және оқыту;
- (e) басқарушы және білікті техникалық персоналды даярлауды қамтитын шараларды қабылдайды.

3. Уағдаласушы Тараптар қорғалатын аудандарға залал келтіруі мүмкін немесе олар үшін қауіп төндіруі мүмкін оқыс оқиғаларға ден қою бойынша іс-шараларды қамтитын төтенше ден қоюдың ұлттық жоспарларына қосатынын қамтамасыз етеді.

11-бап. Қорғалатын аудандар мәртебесін беру рәсімдері және олардың тізімін жасау

1. Уағдаласушы Тараптар "Каспий теңізінің қорғалатын аудандарының тізімін" жасайды.

2. КТЕҚА бір және одан да көп Уағдаласушы Тараптардың теңіз және/немесе жағалау маңы аудандарына бөлінуі мүмкін. Теңіз аудандарында КТЕҚА географиялық координаттары күшіне енгеннен кейін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның ережелері барлық Уағдаласушы Тарап үшін соған сәйкес анықталатын болады.

3. Аудандарды КТЕҚА тізіміне енгізу бойынша ұсыныстарды беретін Уағдаласушы Тараптар Конвенция Хатшылығына ауданның географиялық орналасу орны, оның физикалық және экологиялық сипаттамалары, әкімшілік мәртебесі, басқару бойынша жоспары және іске асыру құралдары туралы ақпаратты қамтитын алдын ала баяндаманы, сондай-ақ оның маңыздылығын негіздейтін өтінішті тапсырады. Ұсыныс екі және одан да көп Уағдаласушы Тараптардың теңіз немесе жағалау маңы ауданындағы ауданға қатысты болған жағдайда мүдделі Уағдаласушы Тараптар қорғау және сақтау бойынша ұсынылатын шаралардың және оларды жүзеге асырудың келісілуін қамтамасыз ету мақсатында бірлескен консультациялар жүргізеді.

4. Хатшылық осы Хаттамаға II қосымшада тізілген жалпы басшылыққа алынатын қағидаттарға және өлшемшарттарға ұсыныстың сәйкестігін қарайды және, егер бағалау нәтижелері бойынша аудан оларға сәйкес келеді деп есептесе, ауданды КТЕҚА тізіміне енгізу немесе енгізбеу туралы шешім қабылдайтын Уағдаласушы Тараптардың Конференциясын хабардар етеді.

5. КТЕҚА тізіміне енгізгеннен кейін Уағдаласушы Тарап немесе Тараптар осы Хаттаманың 10-бабының 2-тармағының (а) тармақшасына сәйкес әзірлеген басқару жөніндегі жоспарларда көрсетілген қорғау және сақтау бойынша шараларды жүзеге асырады. Олар Хатшылықты КТЕҚА тізіміне енгізілген қандайда бір қорғалатын ауданды межелелеудегі немесе әкімшілік мәртебесіндегі барлық өзгерістер туралы хабардар етеді.

6. Хатшылық құзыретті ұлттық және халықаралық ұйымдарды Тізімнің мазмұны және КТЕҚА-да жүзеге асырылған іс-шаралар туралы хабардар етеді.

IV-бөлім Түрлерді және қорғалатын аудандарды қорғау және сақтау құралдары және қойылатын талаптар

12-бап. Теңіздің жақын орналасуы әсерінен құрлықты басқару шеңберінде биологиялық әртүрлілікті сақтау

Конвенцияның 15-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар биологиялық әртүрлілікті сақтаудың тетігін жасау мақсатында теңіздің жақын орналасуы әсерінен құрлықты басқарудың ұлттық стратегияларын және жоспарларын әзірлеу және қабылдау бойынша шараларды қабылдайды. Осындай ұлттық стратегиялар мен жоспарларды қолдану бойынша талаптар:

- (a) Ұлттық және/немесе өңірлік даму жоспарларына биологиялық әртүрлілікті сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты ережелерді енгізуді;
- (b) Осы Хаттаманың 3-бабына сәйкес биологиялық ресурстарды көп мақсатты пайдалануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кешенді басқару қағидаттарын іске асыруды;
- (c) Теңіз деңгейінің ауытқуларына байланысты жағалау маңы экожүйелерінің табиғи өзгермелілігін еспеке алуды көздейді.

13-бап. Биологиялық әртүрлілікті сақтау шеңберінде қоршаған ортаға әсерді бағалау

Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 17-бабына сәйкес Каспий теңізінің теңіз ортасындағы биологиялық әртүрлілікке кері әсердің алдын алу және төмендету құралы ретінде қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімдерін қолданады.

14-бап. Генетикалық ресурстарға қолжетімділік

1. Уағдаласушы Тараптардың олардың табиғат ресурстарына егеменді құқықтарын мойындауға байланысты генетикалық ресурстарға қолжетімділікті анықтау құқығы ұлттық үкіметтерге тиесілі және ұлттық заңнамамен реттеледі.

2. Ұлттық заңнаманы назарға ала отырып, әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптардың экологиялық қауіпсіз пайдалануы мақсатында генетикалық ресурстарға қолжетімділікті жеңілдету үшін жағдай жасауға және осы Хаттаманың мақсатына қайшы келетін шектеулер қоймауға ұмтылыс жасайды.

3. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін Уағдаласушы Тарап ұсынатын генетикалық ресурстарға мұндай ресурстардың жасалған Елдері болып табылатын Уағдаласушы Тараптар не бұл ресурстарды осы Хаттамаға сәйкес алған Уағдаласушы Тараптардың ресурстары ғана жатқызылады.

4. Генетикалық ресурстарға қолжетімділік ол ұсынылған жағдайда осы баптың ережелеріне сәйкес өзара келісілген шарттармен қамтамасыз етіледі. Мұндай шарттар:

- (a) дауларды реттеуді;
- (b) пайдаларды бөлу шарттарын;
- (c) егер мүмкін болса, үшінші тараптардың одан әрі пайдалану шарттарын;
және
- (d) жағдайға қарай ниеттерді, өзгерту шарттарын қамтуы мүмкін.

5. Генетикалық ресурстарға қолжеткізілетін мұндай ресурстарды ұсынатын Уағдаласушы тарап өзгеше шешпесе, бұл Уағдаласушы Тараптың алдын ала негізделген келісімінің негізінде реттеледі.

6. Әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптар ұсынған генетикалық ресурстарға негізделген ғылыми зерттеулерді олардың толық қатысуы кезінде және бұл мүмкін болған кезде, мұндай Уағдаласушы Тараптарда дайындауға және жүргізуге ұмтылыс жасайды.

15-бап. Технологияға қол жеткізу және оны беру

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы баптың ережелеріне сәйкес биологиялық әртүрлілікті сақтауға қатысы бар технологияларды басқа Уағдаласушы Тараптарға ұсынуға және/немесе қолжетімділікті және оларды сақтау мен орнықты пайдалануға қатысты немесе генетикалық ресурстарды пайдалануды көздейтін және қоршаған ортаға елеулі залал келтірмейтін технологияларды оларға беруді міндеттенеді.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған технологияға қол жеткізу және оны басқа Уағдаласушы Тараптарға беру егер өзара уағдаластыққа қол жеткізілсе, әділ және

қолайлы, соның ішінде, жеңілдік және неғұрлым қолайлы шарттарда жүзеге асырылады және/немесе қамтамасыз етіледі.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап генетикалық ресурстар ұсынатын Уағдаласушы Тараптарға қолданылатын халықаралық шарттарға сәйкес, сондай-ақ осы баптың 4 және 5-тармақтарына сәйкес патенттермен және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған технологияны қоса алғанда, осы ресурстарды пайдалануды көздейтін технологияға қолжетімділікті қамтамасыз ету және осы технологияны өзара келісілген шарттарда беру үшін тиісті заңнамалық, әкімшілік немесе саяси шаралар қабылдайды.

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы баптың 1-тармағында аталған технологияны Уағдаласушы Тараптардың үкіметтік мекемелерінің де, жеке секторының да мүдделерінде бірлесе әзірлеуге қолжетімділікті және беруге жеке сектордың жәрдемдесуі үшін тиісті заңнамалық, әкімшілік немесе саяси шараларды қабылдайды.

5. Уағдаласушы Тараптар патенттер және басқа зияткерлік меншік құқықтары осы Хаттаманы жүзеге асыруға ықпал ете алатындығын мойындай отырып, осы құқықтар оның мақсаттарына ықпал етуін және қайшы келмеуін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнамасын және қолданылатын халықаралық шарттарды басшылыққа ала отырып, осы салада ынтымақтастық жасайды.

16-бап. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық және көмек

1. Уағдаласушы Тараптар биологиялық әртүрлілікті сақтау және биологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа тиісті ұлттық және халықаралық мекемелер арқылы ықпал етуге міндеттенеді.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың жүзеге асыру кезінде басқа Уағдаласушы Тараптармен бірге ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа ықпал етеді. Адами және институционалдық әлеуетті дамытуға, ғылыми зерттеулер бағдарламаларына және мониторинг әзірлеуге, сондай-ақ стандарттау рәсімдеріне және мұндай ынтымақтастыққа ықпал етудің басшылық қағидаттарына ерекше назар аударылуы тиіс.

3. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылыс жасай отырып, дәстүрлі технологияларды қоса алғанда, технологияларды әзірлеу мен пайдалану саласында ынтымақтастық жасайды. Бұл үшін Уағдаласушы Тараптар ынтымақтастық жасауға кадрларды даярлау және сарапшылармен алмасу арқылы да ықпал етеді.

4. Уағдаласушы Тараптар өзара уағдаластыққа қол жеткен жағдайда осы Хаттаманың мақсаттарын іске асыру үшін қажетті технологияларды әзірлеу бойынша бірлескен жобаларды және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруға және бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыруға ықпал етеді.

17-бап. Ақпарат алмасу

Уағдаласушы Тараптар:

- (a) Барлық жалпы қолжетімді көздерден биологиялық әртүрлілікті сақтауға және биологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалануға қатысты ақпаратты алмасуға жәрдемдесу үшін тиісті шараларды қабылдайды. Мұндай ақпаратты алмасу техникалық, ғылыми және әлеуметтік-экономикалық зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ кадрларды даярлау туралы және дәстүрлі білімдер туралы ақпаратты қамтиды;
- (b) Жинақталған тәжірибені және орын алған проблемаларды қоса алғанда, қорғалатын аудандардың және жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлердің сипаттамаларына қатысты ақпаратты алмасады;
- (c) Қорғалатын аудандардың экожүйелеріне немесе жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлердің аман қалуына қауіп төндіруі мүмкін кез келген жағдай туралы оған қатысы болуы мүмкін басқа Уағдаласушы Тараптарды және Хатшылықты мүмкіндігінше жедел хабардар етеді.

18-бап. Экологиялық білім беру және жұртшылықтың хабардарлығын арттыру

Уағдаласушы Тараптар:

(a) жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлердің жай-күйін және қорғалатын аудандар мәртебесін беруді, олардың сипаттамаларын, мәнін және қолданылатын нормаларды тиісті түрде жария етеді;

(b) қорғалатын аудандардың және жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлердің маңыздылығы және осалдығы туралы, сондай-ақ табиғат қорғау бағдарламаларын жүзеге асыру барысында алынған ғылыми білімдер туралы жұртшылықты хабардар ету бойынша шараларды қабылдайды. Мұндай ақпаратқа жұртшылыққа білім беру және хабардар ету бағдарламаларына да қосқан жөн;

(c) қорғалатын аудандарды және жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлерді қорғауға қажетті іс-шараларға жұртшылықтың және табиғат қорғау ұйымдарының қатысуын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды;

(d) жағдайларға қарай басқа Уағдаласушы Тараптармен және құзыретті ұлттық және халықаралық ұйымдармен биологиялық әртүрлілікті сақтау және иологиялық ресурстарды орнықты және ұтымды пайдалану саласында білім беру бағдарламаларын және жұртшылықты хабардар ету бағдарламаларын әзірлеуде ынтымақтастық жасайды.

19-бап. Уағдаласушы Тараптардың баяндамалары

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап Хатшылыққа осы Хаттаманың ережелерінің орындалу туралы, атап айтқанда:

(a) жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлерді, сондай-ақ бөгде түрлерді қоса алғанда, биологиялық әртүрліліктің;

(b) мекендеу орындарының;

(c) КТЕҚА тізіміне енгізілген қорғалатын аудандар және олардың мәртебесін өзгертудің;

(d) қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру бағдарламаларын іске асыру және жұртшылықты ақпараттандыру жай-күйі туралы баяндаманы ұсынады.

2. Баяндаманың форматы және ақпаратты ұсыну рәсімі Уағдаласушы Тараптар конференциясымен келісіледі.

20-бап. Ұйымдастырушылық ережелер

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22 (10) бабына сәйкес, бұлардан басқа, Уағдаласушы Тараптар конференциясы:

(a) осы Хаттаманың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

(b) Хатшылықтың жұмысын қадағалауды жүзеге асырады және оның қызметін басқарады;

(c) осы Хаттамаға шолуды жүзеге асырады;

(d) осы Хаттаманың 24-бабына сәйкес осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына кез келген түзетулерді, сондай-ақ оған қоса берілген қосымшаларды қарайды және қабылдайды;

(e) осы Хаттамаға байланысты мәселелер бойынша Хатшылық ұсынатын есептерді қарайды;

(f) қорғалатын аудандарды және жойылып кету қаупі төніп тұрған түрлерді қорғау бойынша шаралардың әрекеттігін бағалауды жүргізеді, сондай-ақ басқа шараларды, әсіресе осы Хаттамаға немесе оның Қосымшаларына түзетулер нысанында қабылдау қажеттігін зерделейді;

(g) осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес тиісті өңірлік бағдарламаларды, іс-қимыл жоспарларын және шараларды қабылдайды және қажет болған кезде қайта қарайды;

(h) осы Хаттаманың 19-бабына сәйкес Тараптардың баяндамалар ұсыну рәсімдерін әзірлейді және осы Хаттаманың 17-бабына сәйкес ақпараттар алмасуға ықпал етеді;

(i) осы Хаттаманың 9-бабына сәйкес қандайда бір ауданды КТЕҚА тізіміне қосу туралы шешімдер қабылдайды;

(j) осы Хаттаманы орындауға қатысты қаржылық және бюджеттік мәселелер бойынша шешімді қарайды және қабылдайды;

(k) осы Хаттаманы орындауға қажет болуы мүмкін қосалқы органдарды немесе ұйымдастыру тетіктерін құрады;

(l) осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізуге талап етілуі мүмкін кез келген қосымша шараларды қарайды және жүзеге асырады; және

(m) қажет болған жағдайда, осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін тиісті халықаралық ұйымдарға және ғылыми институттарға техникалық және қаржылық қызметтерге жүгінеді.

2. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 4-тармағының 23-бабына сәйкес, Хатшылық *бұдан басқа*:

(a) Хаттаманы тиімді орындау мақсатында кез келген Уағдаласушы Тараптың талап етуі бойынша заңгерлік, ғылыми-техникалық жәрдем көрсету мен консультацияларды ұсынады;

(b) Уағдаласушы Тараптардың Құзыретті органдарымен осы Хаттаманы қолдану мәселелері бойынша байланыс жасайды;

(c) заңгерлік және ғылыми-техникалық салаларда ынтымақтастық жасуға жәрдем көрсетеді;

(d) тиісті халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда, биологиялық әртүрлілік мәселелерін реттейтін шарттардың хатшылықтарымен байланыс пен өзара іс-қимылды реттейді және жасайды;

(e) Уағдаласушы Тараптарға осы Хаттаманы қолдану саласында тиісті халықаралық, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жасауда жәрдемдеседі;

(f) КТЕҚА және жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлер үшін бірыңғай мониторинг жүйелерін әзірлейді;

(g) Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін тиімді сақтау мақсатында Уағдаласушы Тараптармен келісім бойынша КТЕҚА желісін құруды ұсынады;

(h) КТЕҚА және жойылып кету қауіпі төніп тұрған түрлер бойынша дерекқорларды құрады және жаңартады;

(i) баяндамаларды және осы Хаттаманы орындау үшін жүргізілу талап етілуі мүмкін ғылыми-техникалық зерттеулердің нәтижелерін дайындайды және Уағдаласушы Тараптар конференциясына ұсынады;

(j) кадрларды даярлаудың қажетті бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады;

(k) осы Хаттама шеңберінде Уағдаласушы Тараптар конференциясы қабылдаған іс-қимыл жоспарларына сәйкес өзіне тапсырылған функцияларды орындайды;

(l) Уағдаласушы Тараптар конференциясы айқындауы мүмкін басқа функцияларды орындайды.

21-бап. Хаттаманы қаржыландыру

1. Осы Хаттаманың мақсатына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігіне қарай:

a) тиісті ішкі, екіжақты, көпжақты бағдарламаларды, жобаларды және шараларды әзірлеуді және орындауды қаржылай қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

b) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, қаржыландырудың екіжақты және көпжақты көздерінің және тетіктерінің қаржылық ресурстарын тартуға жәрдемдеседі;

c) қорлардың, басқа елдердің үкіметтік мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жеке сектор құрылымдарының қаражаттарын қоса алғанда, ресурстарды тарту және бөліп беру үшін инновациялық әдістер мен көтермелеулерді зерделейді.

2. Конвенцияның қаржылық қағидасы, егер Уағдаласушы Тараптар конференциясы басқа шешімді қабылдамаса *mutatis mutandis* осы Хаттамаға қолданылады.

VI-бөлім Қорытынды баптар

22-бап. Дауларды реттеу

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе талқылауға қатысты кез-келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес реттеледі.

23-бап. Хаттаманы қабылдау және оның күшіне енуі

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бірауызды шешімімен қабылданады.

2. Осы Хаттама тек Уағдаласушы Тараптардыңбастапдейінқаласында қол қоюы үшін ашық.

3. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптардың ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады. Хаттама кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін оны қол қоюға жабу күнінен бастап ашық болады.

4. Оны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттар Конвенция Депозитарийіне сақтауға тапсырылады.

5. Осы Хаттама Конвенция Депозитарийіне барлық Уағдаласушы Тараптар оны ратификациялауы, қабылдауы, бекітуі немесе оған қосылуы туралы құжаттарды тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

24-бап. Осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды және оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау

Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды, сондай-ақ оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныстарды енгізе алады. Мұндай түзетулерді және қосымшаларды Уағдаласушы Тараптар қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24 және 25-баптарына сәйкес күшіне енеді.

25-бап. Өзге халықаралық шарттармен байланысы

Осы Хаттамада ешнәрсе де Уағдаласушы Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын өзге де келісімдер бойынша құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

26-бап. Хаттаманың ұлттық заңнамаға әсер етуі

Осы Хаттаманың ережелері Тараптардың осы Хаттаманың орындалуы бойынша тиісті мейілінше қатаң ұлттық шараларды қабылдау құқығына әсер етпейді.

27-бап. Ескертулер

Осы Хаттамаға ешқандай қосымша ескертулер рұқсат етілмейді.

28-бап. Хаттаманың Депозитарийі

Осы Хаттаманың Депозитарийі Конвенция Депозитарийі болып табылады.

29-бап. Тең түпнұсқалы мәтіндер

Осы Хаттаманың әзірбайжан, қазақ, орыс, түрікмен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері бірдей тең түпнұсқалы болып табылады. Осы Хаттаманы түсіндіру немесе қолдану туралы даулар пайда болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

30-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша келіссөздерге қарай көзқарас білдіру

Осы Хаттаманың ешқандай ережелері Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша келісімдер нәтижесін алдын ала айқындайтындай ретте түсіндірілмейді.

Осыған **КУӘ РЕТІНДЕ** тиігінше осыған уәкілетті мына қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

..... **ЖЫЛЫ,** **жасалған.**

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН
САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА
БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА**

I-қосымша

"ЖОЙЫЛЫП КЕТКЕНДЕР" - EXTINCT (EX)

Таксонның соңғы дарағы өлгендігіне ешқандай негізделген күмән болмаған кезде ол «Жойылып кеткен» болып табылады. Таксонның белгілі және/немесе болжамды мекендеу орындарын лайықты уақытта (тәулік, маусым, жыл) оның табиғи ареалы шегінде тиянақты зерделеу кезінде оның бірде-бір дарағы анықталмаса, ол «Жойылып кеткен» болып танылады. Зерттеудің уақыт параметрлері бойынша таксонның өмір сүру цикліне және биологиялық нысанына сәйкес келуі тиіс.

"ЖАБАЙЫ ТАБИҒАТТА ЖОЙЫЛЫП КЕТКЕНДЕР" - EXTINCT IN THE WILD (EW)

Таксон мәдениетте еріктен тыс жағдайларда немесе бұрынғы ареалынан тыс жасанды қауымдастық (немесе қауымдастықтар) түрінде ғана сақталғаны белгілі болса, ол «Жабайы табиғатта жойылып кеткен» болып табылады. Таксонның белгілі және/немесе болжамды мекендеу орындарын лайықты уақытта (тәулік, маусым, жыл) оның табиғи ареалы шегінде тиянақты зерделеу кезінде оның бірде-бір дарағы анықталмаса, ол «Жабайы табиғатта жойылып кеткен» болып табылады. Зерттеудің уақыт параметрлері бойынша таксонның өмір сүру цикліне және биологиялық нысанына сәйкес келуі тиіс.

"ӨТЕ ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ТҮРҒАНДАР" - CRITICALLY ENDANGERED (CR)

Таксон «өте қиын жағдайда тұрғандар» санаты өлшемшарттарының (A – E) қандайда бірі бойынша ең жоғары айқындықпен көрсетілгенде «өте қиын жағдайда тұрған» болып табылады және сондықтан да жабайы табиғатта жойылып кетудің төтенше жоғары тәуекелі алдында тұрған болып қаралады.

"ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА ТҮРҒАНДАР" - ENDANGERED (EN)

Таксон «Қауіпті жағдайда тұрғандар» санаты өлшемшарттарының (A – E) қандайда бірі бойынша ең жоғары айқындықпен көрсетілгенде «Қауіпті жағдайда тұрған» болып табылады және сондықтан да жабайы табиғатта жойылып кетудің аса жоғары тәуекелі алдында тұрған болып қаралады.

"ОСАЛДАР" - VULNERABLE (VU)

Таксон «Осалдар» санаты өлшемшарттарының (А – Е) қандайда бірі бойынша ең жоғары айқындықпен көрсетілген «Осал» болып табылады және сондықтан да жабайы табиғатта жойылып кетудің жоғары тәуекелі алдында тұрған болып қаралады.

"ҚАУІП ТӨНЕТІНГЕ ЖАҚЫН ЖАҒДАЙДА ТҮРҒАНДАР" - NEAR THREATENED (NT)

Таксон өлшемшарттары бойынша бағаланған және қазіргі уақытта «өте қиын жағдайда тұрған», «Қауіпті жағдайда тұрған» немесе «Осал» болып санатталмаған, алайда осыған жақын болған немесе жақын келешекте қауіптің қандайда бір санатына жатқызылуы ықтималдығы болған кезде ол «Қауіп төнетінге жақын жағдайда тұрған» болып табылады.

"МЕЙЛІНШЕ АЗ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫНДАР" - LEAST CONCERN (LC)

Таксон өлшемшарттар бойынша бағаланған және «өте қиын жағдайда тұрған», «Қауіпті жағдайда тұрған», «Осал» немесе «Қауіп төнетінге жақын жағдайда тұрған» болып санатталмаған кезде ол «мейлінше аз алаңдаушылықты туындататын» болып табылады. Бұл санатқа кең таралған және саны көп нөмері таксондар да жатқызылады.

"ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ" - DATA DEFICIENT (DD)

Таксон санномері және/немесе ареалы жағдайы туралы қолда бар ақпарат жойылып кету тәуекелін тікелей немесе жанама бағалау үшін барибар болмаған кезде ол «Деректердің жетіспеушілігі» санатына жатқызылады. Бұл санаттың таксоны жақсы зерттелген, ал оның биологиясы жақсы белгілі, алайда оның көптігі және/немесе таралуы бойынша бағалау үшін қажетті деректер жеткіліксіз болуы мүмкін. «Деректердің жетіспеуі» санаты жойылып кету қауіпі санаты болып табылмайды. Таксонды бұл санатқа енгізу ақпараттың көбірек талап етілетіндігін көрсетеді және болашақтағы зерттеулер оны жойылып кету қауіпі санаттарының біріне жатқызуға мүмкіндік жасай алатындығы танылады. Мұнда барлық қолда бар деректерді мейлінше толық көлемде пайдалану аса маңызды. Көптеген жағдайларда «Деректердің жетіспеушілігі» санаты мен жойылып кету қауіпінің санаттары арасындағы таңдау кезінде ерекше тиянақтылық таныту қажет. Егер, мысалы, таксонның ареалы едәуір шектелген деп болжамдалатын болса және таксонды соңғы анықтау сәтінен елеулі уақыт кезеңі өтсе, онда оған қауіп төнген жағдай мәртебесін беру ақталған болуы мүмкін.

"БАҒАЛАНБАҒАНДАР" - NOT EVALUATED (NE)

Таксон өлшемшарттар бойынша бағаланбаған кезде ол «Бағаланбаған» болып есептеледі.

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН
САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА
БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА**

II-қосымша

КТЕҚА тізіміне енгізудің жалпы өлшемшарты

A. Ауданды таңдау өлшемшарты:

1. КТЕҚА тізіміне енгізу үшін кез келген аудан Хаттаманың 9-бабының 1-бабында көрсетілген жалпы өлшемдердің кем дегенде біреуіне жауап беруі тиіс. Кейбір жағдайларда бір аудан бірнеше жалпы өлшемшартқа жауап беруі мүмкін және мұндай жағдайлар ауданды Тізімге енгізу пайдасында дәйлдерді күшейтеді.

2. Тізімге енгізілген аудандардың жалпы санына немесе кез келген Тарап оған енгізуге ұсына алатын аудандар санына қандайда бір шектеулер қойылмайды. Соған қарамастан Тараптар аудандар ғылыми негізде таңдалатынымен және Тізімге олардың сапалық сипаттамаларына сәйкес енгізілетіндігімен келіседі, осыған байланысты олар Хаттамада тізілген талаптарға және осы өлшемшарттарға жауап беруі тиіс.

3. Уағдаласушы Тараптар ұлттық әкімшілік мәртебенің негіз қалаушы өлшемшарттарымен қатар олар КТЕҚА тізіміне енгізу үшін объектілерді таңдаудың мынадай өлшемдерін басшылыққа алатындығымен келіседі.

а) Жалпы әлемдік маңыздылығы:

Объекті тиісті биографиялық өңірге тән табиғи немесе практикалық табиғи экожүйенің ерекше назарға алуға болатын үлгісі болып табылады; ол сирек кездесетін, осал немесе жойылып кету қауіпі төнген өсімдіктер немесе жануарлар түрлерінің немесе кіші түрлерінің жеткілікті түрден үлкен тобының не қандайда бір осындай бір немесе осындай бірнеше түрдегі дарактарының елеулі санының өмірлік әрекетін қолдайды; оның өзінің флорасы мен фаунасының сапасына және айырмашылықты ерекшеліктеріне өңірдің генетикалық және экологиялық әртүрлілігін қолдау үшін ерекше құндылығы бар; оның өзінің биологиялық циклінің маңызды сатысында тұрған өсімдіктердің немесе

жануарлардың мекендеу орны ретінде ерекше құндылығы бар; тұрақты негізде онда 20 мың дарак су құстары мекендейді; тұрақты негізде онда су құстарының бір түрі немесе кіші түрі қауымдастығының 1 %-ы мекендейді;

b) Өңірлік құндылығы:

Объектіде өңірлік деңгейде құндылығы бар және Каспий теңізінің өңірі және оның биологиялық әртүрлілігі үшін едәуір тән болып табылады;

c) Ұлттық мәртебесі:

Объектіде ұлттық қорғалатын ауданның әкімшілік мәртебесі, қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген табиғат қорғау шаралары және басқару жоспары бар;

d) Бірегейлігі:

Оның аумағында бірегей немесе сирек кездесетін экожүйелер және/немесе сирек кездесетін, жойылу қаупі төніп тұрған немесе эндемикалық түрлер орналасқан;

e) Табиғи маңыздылығы:

Объекті экологиялық жүйелер, қауымдастықтар типтері немесе мекендеу орындары немесе өзге табиғи сипаттамалар үшін едәуір тән болып табылады;

f) Биологиялық әртүрлілігі:

Объектіде түрлер, қауымдастықтар, мекендеу орындары немесе экожүйелер әртүрлілігінің жоғары дәрежесі бар;

g) Басқарылатын антропогендік стресс факторлары:

Антропогендік сипаттағы стресс факторларының әсер ету деңгейі төмен объектілерге таңдау беріледі;

h) Басқарылатын табиғи стресс факторлары:

Табиғи стресс факторларының әсер ету деңгейі төмен объектілерге таңдау беріледі;

i) Бастапқы деректердің қол жетімдігі және жеткіліктігі:

Объект туралы ақпараттың аздаған кемшіліктері бар және шынайы бастапқы деректердің белгілі көлемі бар;

ж) Мәдени маңыздылығы:

Объекті жергілікті халықтың әл-ауқатын қолдайтын экологиялық қауіпсіз дәстүрлі, табиғатпен біріккен қызмет түрлерінің бар болуына байланысты мәдени мұра көзқарасына тән құндылыққа ие;

к) Ғылыми, білім беру және эстетикалық құндылығы:

Объектіде ғылыми, білім беру немесе эстетикалық құндылығы бар және оның ғылыми, білім беру немесе эстетикалық құндылығының тікелей азаюына қауіп жоқ;

л) Азаматтық қоғамның қатысуы:

Қорғалатын ауданды жоспарлау және басқару процесіне халық, әсіресе жергілікті қоғамдастықтар тартылған және белсенді қатысуда;

В. КТЕҚА тізіміне енгізудің өлшемшарты

Уағдаласушы Тараптар оларды КТЕҚА тізіміне енгізу ұсынылатын аудандарды дамытуды жоспарлау және басқару бойынша мынадай шараларды қабылдауға келіседі:

а) табиғат қорғау, әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілерді қоса алғанда, қажетті бастапқы деректерді және ақпаратта анықталған кемшіліктердің орнын толтыру жоспарын ұсыну;

б) Табиғат қорғау және басқару іс-шараларының жоспары шеңберінде айқын белгіленген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды ұсыну;

с) әртүрлі мүдделі тараптардың құзыретті органы(органдары) және қатысу нысандары туралы тиісті ақпарат ұсыну;

д) ҚОӘБ-ны қоса алғанда, түрлердің, қоғамдастықтардың, экожүйелердің немесе мекендеу орындарының табиғат қорғау мәртебесіне не КТЕҚА тізіміне енгізу ұсынылатын ауданның мәдени және эстетикалық құндылығына кері әсерін тигізуі мүмкін ластанудың алдын алу, барлық ластану көздерін бақылау және әсерін төмендету үшін шараларды жүзеге асыру;

е) осы Хаттаманың ережелерін орындау үшін, ең алдымен кез келген түрлердің жерсінуіне және қайта жерсінуіне байланысты толық ауқымды ынтымақтастық;

f) КТЕҚА тізіміне енгізу үшін ауданда басқару жоспары болуы тиіс. Мұндай басқару жоспарының негізгі ережелері ауданды Тізімге енгізу сәтіне қалыптастырылуы тиіс және оларды қолдану бұдан кейін дереу басталуы тиіс. Егжей-тегжейлі басқару жоспары Тізімге енгізу күнінен бастап үш жыл ішінде ұсынылуы тиіс. Осы міндеттемені орындамау объектіні Тізімнен алып тастауға себеп болуы мүмкін;

g) әрбір ауданды реттейтін нормативтік актілердің мәтіндерінде оларды КТЕҚА тізіміне енгізу ұсынылатын аудандардағы әкімшілік басқаруға және табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға қатысты өкілеттіктер мен жауапкершілік айқын белгіленуі тиіс;

h) КТЕҚА тізіміне енгізу үшін қорғалатын ауданда осы қорғалатын ауданды құру мақсаттарына қайшы келуі мүмкін қызметтің алдын алу және/немесе бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері, сондай-ақ қаражаты мен кадр ресурстары бар басқарушы орган болуы тиіс;

i) КТЕҚА тізіміне енгізу үшін ауданда мониторинг бағдарламасы болуы тиіс. Бағдарлама оларды қажеттілігіне қарай тиісті түрде бейімдеу үшін ауданның жағдайларын және эволюциясын, сондай-ақ қолданылатын табиғат қорғау және басқару шараларының тиімділігін бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін осы ауданның мәнді параметрлерінің белгілі мөлшерін анықтау мен мониторингін өзіне қамтуы тиіс. Ауданды КТЕҚА тізіміне енгізу күнінен бастап оның мониторингі туралы есептер ұдайы ұсынылады.

С. Қорғау, жоспарлау және басқару жөніндегі шараларды жүзеге асыру

1. Қорғау және басқару бойынша мақсаттар әрбір объектіге қатысты құжаттарда айқын белгіленуі және КТЕҚА тізімін қайта қарау барысында қабылданған шаралардың жеткіліктілігін және оларды жүзеге асыру тиімділігін бағалау үшін негіз болуы тиіс.

2. Әрбір ауданға қолданылатын қорғау, жоспарлау және басқару бойынша шаралар осы объекті үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада басқару бойынша жоспарда белгіленген оның табиғатын қорғау және басқару бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін жеткілікті болуы және атап айтқанда, ол үшін қауіп төндіретін факторларды ескеруі тиіс.

3. Қорғау, жоспарлау және басқару жөніндегі шаралар табиғи орта элементтерінің, сондай-ақ әрбір ауданды сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлар білімдеріне негізделуі қажет. Негізін құрайтын білімдер аз болған кезде КТЕҚА тізіміне енгізуге мақұлдаған аудан жетіспейтін деректерді және ақпаратты жинауға белсенді бастамашылық етуі тиіс.

4. Әрбір қорғалатын объектінің айырмашылықты сипаттамаларына қатысты КТЕҚА бойынша табиғат қорғау шаралары мынадай негізгі аспектілерді ескеруі тиіс:

a) ауданның тұтастығына тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін қалдықтармен өзге материалдардың тасталуын реттейтін нормаларды қатаңдату;

b) кез келген флора мен фауна түрлерінің ауданға жерсінуін немесе қайта жерсінуін реттейтін нормаларды қатаңдату;

c) түрлерге зиян келтіруі немесе теңгерімін бұзуы не экожүйелердің немесе түрлердің табиғат қорғау мәртебесіне қауіп төндіруі не ауданның табиғи, мәдени немесе эстетикалық сипаттамаларына залал келтіруі мүмкін кез келген қызметті немесе іс-әрекеттерді реттеу;

d) осы ауданды қоршаған аймақтарды реттеу.

5. Осы Хаттамаға сәйкес объектінің мониторингісі мен жағдайын бағалау бойынша ұдайы есеп беру тапсырылып, басқару жоспарына тиісті түзетілер енгізілуі тиіс.

6. Осы өлшемшарттарға сәйкес болмау КТЕҚА тізімінен алып тастауға әкелуі мүмкін.